Ал цифрландыру үрдісіндегі «Геоақпараттық технологиялар» курсының негізгі мақсаты білім алушылардың тарих саласында қолданылатын әртүрлі ақпараттық жүйелер мен технологиялар туралы тұтас көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Курстың жалпы мазмұнында геоақпараттық жүйелердің негізгі ұғымдары мен негізгі құрамдас бөліктері сонымен бірге оларды өндіріске енгізу мәселелері қарастырылады.

Кәсіби білім беру жүйесінде, жоғарыда аталған оқу курстарының ішінде ерекше қызығушылық танытып отырған «Ақпараттық эвристика» пәнінің негізгі мақсаты болашақ тарихшылардың бойында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ақпаратты іздеу, таңдау және пайдалану әдістерін меңгертуді көздейді.

Курсты оқу барысында болашақ тарихшылар оқу үрдісінде жеке және топтық технологияларды қолдану шеберліктерін арттырады. Жоғарыда атап өткеніміздей қызығушылық танытып отырған осы курс тек болашақ тарихшыларды оқыту жүйесінде ғана емес басқа да мамандықтарды даярлау әдістерінде қолданса ұтымдылығы арта түсер еді деген ойдамыз.

Сонымен болашақ тарихшыларды даярлау жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану мақсатты ұйымдастырылған оқу - тәрбие жұмысының барысында тиімді жүзеге асады. Жаһандық бәсекелестік дамыған сайын бұл мәселе жаңа қырынан тереңдей береді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Елубай Е. Болашақ педагогтарды даярлаудағы цифрлық құзыреттілік. // Қазақстанның педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы. - №1, 2020. - 2576.
2. Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде кеңес өткізді. // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2020, - 4 наурыз. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/memleket-basshysy-cifirlyk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasy-n-zhuzege-asyru-zhoninde-kenes-otkizdi.
3. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2017, - 31 қаңтар. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>.

4. Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019, - 7 желтоқсан. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>.

5. Джусубалиева Д. Цифровые технологии в обучении иностранному языку как необходимая предпосылка подготовки современных специалистов в XXI веке // Журнал языковых исследований и педагогической практики. – №2 (2). – 2018, - 328с.

6. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2017, - 12 сәуір. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

ӘОЖ 373 (072)

БАЛАЛАРДЫ УАҚЫТТЫ БАСҚАРУҒА ҚАЛАЙ ҮЙРЕТЕМІЗ?

Досыбай А.Н. – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау мамандығының II курс магистранты

Есназар А.Ж. – **PhD доктор, аға оқытушы**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается проблема обучения учащихся управлению временем на основе технологии "Тайм менеджмент". Авторы статьи обосновывают актуальность тайм-менеджмента, давая определение нормативному документу. Цель статьи-теоретическое обоснование, методическое обеспечение обучения детей управлению временем.

Summary

This article discusses the problem of teaching students time management based on the technology "Time management". The authors of the article substantiate the relevance of time management by defining a regulatory document. The purpose of the article is a theoretical justification, methodological support for teaching children time management.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 1-бабының 9-тармағының 1-тармақшасында «білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі» [1] деп түсіндіріледі. Бүгінгі күні балаларды оқытып қана қою жеткіліксіз. Оларды жоғарыда аталған құндылықтарға баули отырып, жаңа заман талабына сай тәрбиелеу – бүгінгі қоғамның қажеттілігі. Сағат сайын ақпараттардың жаңара түсуі жас ұрпақтың соған ілесе жүруін талап етеді.

Сонымен қатар, бастауыш білім беруің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарына айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі» [2] – делінген. Білім берушілердің көңіл бөлетін тағы бір мәселесі: сабақ уақытында білім алушының белсенді болуы үшін

оның сабақтан тыс уақытта да белсенді жұмыс жасауы қажет. Бұл тұста мұғалім өз тарапынан қосымша сабақтар, үйірмелер, қызықты ойын сауықты бағдарламалар ұйымдастыру арқылы балаларды уақытын басқаруға үйрете алады.

Ағысы қатты өзен секілді зымыраған мына уақытта балаларды терең білім алуда уақытпен жұмыс жасауға тәрбиелеу қажет. Уақытының көп бөлігін телефонға телміріп өткізетін бала заманның жаңалығын меңгеруден қалыс қалады. Осы тұста балаларды қызықтыра отырып, түрлі тәсілдерді қолданып, мұғалім шебер түрде жұмыс жасаса, көп жетістікке жетеді.

Негізгі бөлім. Уақыт туралы Алимбетов Усен Сулейменович «Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің Хабаршысы» журналына жариялаған мақаласында «Уақыт – бұл қайтымсыз нақты ресурс. Ол кетеді, сондықтан оны тиімді пайдалану, әсіресе, қазіргі өмір қарқынында маңызды» [4], - деп анықтама берді. Уақыт – ең қымбат қазынамыз. Мұны болашақ жеке тұлғаларға ерте жастан үйретуіміз керек. Уақытты басқара алу үшін ең алдымен оның маңыздылығын түсініп алған жөн. Уақыт жылжыған сайын, қысқара түсетін күшке ие. Бізге берілген 24 сағатты тиімді ұйымдастыра алмасақ өмірімізде ретсіздіктер орын алып, стресстік жағдайларға тап болу ықтималдығымыз өте жоғары.

«Адам өзінің өмір сүру кезеңдерінде көптеген іс-әрекеттерді жүзеге асырады, яғни кітап оқиды, ғылыми мәселелерді шешеді (танымдық әрекет), спортпен, қолөнерімен, киім тігумен шұғылданады (әуесқойлық әрекет), ақыл-ой және дене еңбегімен айналысады (еңбек әрекеті), өндірістерде міндеттерді атқарады (кәсіби әрекет) және т.б.» [5], - деп Хаймулданов Ерлан өз диссертациясында оқу мен ойын әрекеттерін қоса отырып, әрекеттің 6 түрін ажыратады. Бастауыш сынып оқушысы ойынға ынтығып тұратын шақта, көп бөлігін оқумен қатар ойынға жұмсайтыны анық. Қоғамға қажетті тұлға оқу мен ойынмен ғана шектелмеуі тиіс. Сол себепті де бала танымдық, әуесқойлық, еңбек әрекеттерін де орындауға ұмтылуы тиіс. Әрине, бұл үшін уақытын жүйелі ұйымдастыра алу қажет.

Уақытты басқару түсінігі ағылшынның «Time management» сөзінен тамыр алады. «Тайм-менеджмент – адамға не нәрсе маңызды және не нәрсеге басты назар аудару керек екенін анықтайтын арнайы тәсілдер туралы ғылым. Басты мақсаты жеке және корпоративтік уақытты тиімді пайдалануды ұйымдастыру» [6]. Демек, уақытты басқару – уақытты тиімді ұйымдастыру. Ал енді біз уақытты тиімді ұйымдастыра алу үшін не істемек қажет? Осы сұрақтың жауабы ретінде канада-америкалық сөйлеу шешені Brian Tracy [7] уақытты ұйымдастыруға қажетті 4D тиімділікті көрсетеді (сурет 1):



Сурет 1 - Уақытты ұйымдастыруға қажетті 4D

Әрине, ең алдымен адам өздігінен шын көңіл қойып қаламайынша, бір нәрсені соңына дейін апарып орындай алады деу – қате түсінік. Уақытын тиімді ұйымдастыруды бала өзі қызығып, ерекше ынтамен қаласа ғана ол оң нәтижеге қол жеткізеді.

Сонымен қатар, балада «Тайм менеджмент» технологиясының әрбір кезеңін үздіксіз үзіліссіз орындаймын деген нақты *шешімі* болуы қажет. Сол шешімді орындауда кез келген қиындыққа төзуге дайын болып, *табандылықпен* әрекет ету қажет. Төртінші керек нәрсе -тәртіп. «Тәртіпке бағынған құл болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Әрине, тәртіп бар жерде реттілік бар, жүйелілік бар. Бала өзін-өзі тәртіпке салып отырмаса, оның табандылықпен шешім қабылдай отырып жасаған қалаулары жалығуға әкеліп, құрдымға ұшырайды.

Сонымен, баланың бір күнде жасауы мүмкін әрекеттер тізімі:

- Таңғы ұйқыдан ояну;
- Жуынып, төсегін ретке келтіру;
- Таңғы асын ішу;
- Мектепке бару;
- Мектептен келіп, жуынып, тамағын ішу;
- Үй жұмысын орындау;
- Ойын ойнау;
- Кешкі ас ішу;
- Ұйқыға жату.

Бұл жоғарыдағы тізім өзіміз көріп жүрген оқушы іні-сіңлілеріміздің күнделікті жасап жүрген тұрақты қайталанатын іс-әрекеті. Сабақтан келген баланың жалма-жан телефонға ұмтылып, күні бойы сонымен уақыт өткізетіні де бәрімізге таңсық нәрсе емес. Үй жұмысын ұйықтар алдында ғана орындайтын балалар да көптеп кездеседі. Дәл осындай режиммен өмір сүріп жүрген балалар үшін «Тайм менеджмент» технологиясының маңызы өте зор. «Тайм менеджмент» технологиясы - уақытты басқаруға, оны тиімді қолдануға үйрететін, қазіргі кезде үлкенге де, кішіге де пайдалы технология.

Бастауыш сынып оқушысы саналы түрде өз іс-әрекетін жоспарлауға қабілетті. Күнделікті өмірде де балалардың белгілі бір нәрсені өздігінен жоспарлап жүретінін де байқаймыз. Әрине, баланың өз әрекетін жоспарлап, ұйымдастыра алуы оның мақсатты жетістіктерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. «Алайда, бала төменгі сыныпта жүрген кезінде-ақ өзінің мінез құлқын өзі ұйымдастыра алады десек те, оның назарының өз еркінен тыс басқа жаққа ауып кету жағдайлары көбірек болады. Балаларды біртектес, тез жалықтыратын немесе қызғылықты болса да, ойлануды қажет ететін жұмыстар тез жалықтырады» [8]. Сол себепті де балаға әрдайым ата-ана мен ұстаздың қадағалауы мен қолдауы қажет болады. Бұл тұста біз бала уақытын жоспарлауда жалықтыратын бірізді амалдардан бас тартуымыз керек деген ойдан аулақ болуымыз керек. Неге? Себебі үй тапсырмасы баланы жалықтыратын болуы мүмкін. Алайда, біз оны орындамай қоя алмаймыз. Керісінше, балаға мотивация беру арқылы қызықты етіп орындаудың оңтайлы жолдарын қарастыра алсақ, қызығушылығы арта

түскен бала өз қалауымен-ақ тапсырмаларын орындай бастайды. «Сен әуелі математикадан үй жұмысын орындап алсаң, біз екеуміз бірге дәмді бәліш пісіреміз», -деген секілді осындай алдымен мінетті болған, одан кейін бала ұнататын істі орындату арқылы да баланың қызығушылығын арттыра түсуге болады.

Уақытты басқаруға үйрету кезінде тиімді құралының бірі ретінде «Эйзенхауэр матрицасы» ұсынылады [9]. Біз бұны қалай қолдана аламыз? Соған толығырақ тоқтала кетсек: Эйзенхауэр матрицасы маңыздылығы мен орындалу жылдамдығына қарай төрт бөліктен тұрады (1-кесте).

Кесте 1 - Эйзенхауэр матрицасы

	Шұғыл	Шұғыл емес
Маңызды	A	B
Маңызды емес	C	D

1-бөлік (A) – маңызды, шұғыл шаруалар.

2-бөлік (B) – маңызды, шұғыл емес шаруалар.

3-бөлік (C) – маңызды емес, шұғыл шаруалар.

4-бөлік (D) – маңызды емес, шұғыл емес шаруалар.

Ең алдымен, бұл құралды қолдануды бастамас бұрын, бір параққа бір күнде орындалуы тиіс іс-әрекеттерді жазып алу тиімді. Содан соң маңыздылығы мен жылдам орындалуына қарай сол амалдарды топтарға жіктейміз. Алғашқы кезде кестенің бүкіл бөлігін толтырып жазу шарт емес. Оған бірте-бірте, үзіліссіз орындай беру арқылы қол жеткізе аламыз. Одан ары қарай апталық, айлық жоспарларды орындау кезінде қолдану қиындық тудыра қоймайды.

Эйзенхауэр матрицасымен жұмыс жасау кезінде баса назарды «B» бөлігіне аударған жөн. Себебі, маңызды шаруаларды асықпай дер кезінде орындаса, балада күйгелектік сезімі туындамайды. Сыртқы реттілікті орнықтыру арқылы ішкі реттілікке қол жеткізеді. Мысал ретінде оқушының ғылыми жобамен айналысуын айталық. Ғылыми жоба бала үшін маңызды және оған дайындалуға жеткілікті уақыт бар. Оқушы тапсырылған сәттен бастап жобамен айналысуды қолға алса, ол кезең-кезеңімен жүре отырып, белгілі бір деңгейде нәтижеге жете бастайды. Ал егер бала «оны орындауға уақыт бар» - деп немқұрайлы жүре берсе, уақыт өтіп, бұл іс-әрекет матрицаның «A» бөлігіне өтіп кетеді. Әрине, жетекші көмегімен бала шұғыл болған іс-әрекетті тез арада орындап тастауы мүмкін. Дегенмен матрицаның бір бөлігінен екінші бөлігіне әрдайым ауыса беру дұрыс нәтиже көрсетпейді.

«C» бөлігіндегі мысалдарға достарға берген уәде, туыстардың туған күнін тойлау секілді іс-әрекеттерді жатқызуға болады. Бұл баланың өмірі үшін маңызды болып табылмайды, дегенмен де, адамгершілік, отбасылық құндылықтардың қалыптасуының негізі деуге болады.

«D» бөлігі – маңызды да, шұғыл да емес шаруалар тізімі. Бұл бөлікке телефондағы ойындар, мағынасыз бейнежазбалар сынды мысалдарды келтіре аламыз. Балаға бұл зиянды болмаса, пайдасын тигізбейді. Сол себепті де «D» бөлігіндегі амалдарды орындаудан бас тартқан жөн.

Бастауыш сынып оқушысының сабақтары жеңіл болғандықтан, үй тапсырмасын орындауына көп уақыт кетпейтіні белгілі. Сондықтан да олардың бос уақытының көп болуы сөзсіз түсінікті. Сол себепті де балалардың уақытының зая кетпеуі үшін ата-ана мен мұғалімнің көп көмегі қажет. Мысалы, сынып оқушыларын сабақтан тыс уақытта біріктіріп түрлі қызықты ойындар, жарыстар, дөңгелек үстел секілді тағы да басқа шаралар өткізу оқушылар үшін әрдайым қызықты. Сонымен қатар мұғалім өз тарапынан үлгерімі төмен оқушыларға да қосымша сабақ өткізу арқылы баланың деңгейін көтерумен қатар, уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушысы ойын баласы болғандықтан, тек сабақ оқытып қою жеткіліксіз. Ал сабақты ойын арқылы ұйымдастыра алса, онда мұғалімнің шеберлігін өте жоғары бағалауға болады. Дәл осы тұста осындай қолдау ата-ана тарапынан да көрініс тапса, тіпті керемет деуге келеді.

Қорытынды. Тұжырымдай келе, әрбір бала – жеке тұлға, сонымен қатар еліміздің жарқын болашағы. Болашағымыздың жарқын болуы үшін әрбір баланың заман ағысына ілесе алғаны өте маңызды. Телефонға телміріп, уақыты мен денсаулығына алаңдамайтын ұрпақтың ертеңі бұлыңғыр екені айдан анық. Ел ертеңі үшін уайым шегетін әр азаматтың парызы - саналы ұрпақты тәрбиелеу. Саналы ұрпақ дегеніміз – білімге ұмтылған, көшбасшы болуға талпынатын бүлдіршіндеріміз. Сол себепті де, баланың бос уақытын зая кетіруден сақтау жолында ата-аналар мен мұғалімдер аянбай күресуі қажет. Баланың әрбір іс-әрекетін қадағалауда ұстап, өз әрекетін өзі жоспарлай алуына, алдына мақсат қоя алуына, сол мақсатқа қол жеткізе алуына жағдай жасау керек. Бүгін өзін басшылыққа ала алған бала ертең бәрін басқара алуға қабілетті екенін ұмытпайық!

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.
2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 бұйрығы).
3. Алимбетов Усен Сулейманович, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы No 2 (34), 2017.
4. «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Хаймұлданов Ерлан Сейлханович: «Математиканы оқытуда тест арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі», Талдықорған, 2020.
5. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
6. Тайм-менеджмент / Брайан Трейси; пер. с англ. С. Кировой. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2016. — 144 с.
7. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003. – 368 бет.
8. Covey, S. R. (1999) The Seven Habits of Highly Effective people: Restoring the Character Ethic. New York: Simon & Schuster.

ЯЗЫК ЛИТЕРАТУРЫ КАК ОТРАЖЕНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЭТНОСА

Канаева Л.С. – докторант

Нарожная В.Д. – д.ф.н., и.о. профессора

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақала көркем мәтіндердегі вербалды емес қарым-қатынастың әртүрлі құралдарының стилистикалық функциясының сипаттамасы болып табылады. Жүргізілген зерттеудің құндылығы қарым-қатынастың вербалды емес формалары лингвомәдени қауымдастықтың әлеуметтік және мәдени тәжірибесін тіркейтінін және көрсететінін, бүкіл адамзат үшін жалпыға ортақ, сондай-ақ әлемнің бірегей, ұлттық-мәдени бейнесінде көрініс табатынын, қазақ және орыс тілдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсететін ортақ және перифериялық өзекті сипаттайтынын түсінумен айқындалып, философиялық дүниетаным мен қоршаған шындықты ерекше қабылдауды көрсетеді.

Summary

The article is a description of the stylistic function of various means of non-verbal communication in literary texts. The value of the study is determined by the understanding that non-verbal forms of communication capture and reflect the social and cultural experience of the linguocultural community, are reflected both in the universal, common for all mankind, and in the unique, national-cultural, picture of the world, characterize the common and peripheral core, reflecting the national and cultural specifics of the Kazakh and Russian philosophical worldview and showing a unique perception of the surrounding reality.

На современном этапе развития лингвистических исследований становится актуальным и своевременным материал, характеризующий системный способ описания стилистической функции неречевой коммуникации в художественных произведениях разных народов, раскрывающих культурно-национальные особенности. Такой подход к осмыслению различных невербальных форм общения позволяет рассматривать эти формы как культурные национальные коды, выполняющие функцию передачи существенной информации и ориентирования читателя не только на восприятие языка произведения, но и на расширение существенных знаний о его носителях. Под «культурным национальным кодом» подразумевается «сетка, которую культура набрасывает на окружающий мир, членит, категоризирует, структурирует и оценивает его» [1, с. 164], т.е. такая специфическая система знаков или символов культуры, которые не только идентифицируют личность по его национальной принадлежности, но и характеризуют его поведение, поступки. Это своеобразный набор стереотипов, клише, полученных в наследство от дедов и прадедов, это самобытность народа, определенное культурное поведение.

Не вызывает сомнения тот факт, что мы видим окружающую нас действительность такой, какой она существует в природе, но важно при этом осознавать, что воспринимаем и концептуализируем мы эту действительность по-разному, через призму своей национальной культуры, с которой мы соотносим все реалии окружающего мира.

Национально-культурная специфика народа находит яркое воплощение в произведениях художественной литературы. Именно текст является важнейшим источником информации: в нем отражаются не только объективные, научно отраженные сведения и знания, но и когнитивные смыслы и понятия, связанные с индивидуальным восприятием мира самого автора. Художественный текст, оказавшись в новом историко-культурном окружении, характеризуется уже иным осмыслением, которое отличает его от начальной формы, свойственной моменту создания произведения. Это говорит о том, что восприятие, осмысление продуктов культуры изменяется от эпохи к эпохе, соответствуя историческому времени. Переживая поколения, тексты закрепляются в истории народа, составляют его культурную сокровищницу. Обращаясь к ним, вступая с ними в диалог, потомки осмысливают их содержание с точки зрения уже своей ментальности, своего восприятия окружающего мира, своей когнитивной оценки реальных событий. Следовательно, благодаря объективации в художественных текстах, не только сохраняются национально-культурные ценности и понятия, но они и постоянно обогащаются новыми смыслами, новыми когнитивными понятиями. В данной статье мы акцентируем свое внимание на описании функций улыбки как феномена русской, английской и американской культуры и ее значения в текстах художественной литературы. Улыбка как мимический знак «является ярким отражением коммуникативного различия между представителями разных культур, показателем национальной специфики» [2, с. 126].

Улыбка как невербальный знак общения – это мимический знак, который считывается с лица, губ, языка [3, с. 722]. Общеизвестно, что все люди улыбаются на одном языке, однако способ исполнения улыбки и ее значения могут быть разными. Улыбка указывает на расположение к смеху и может выражать как привет, тихое обожание, нежную снисходительность, так и лёгкое презрение, надменную вежливость, насмешку, иронию, сарказм и даже зло. Улыбкой можно проговориться, выдать чью-либо или какую-либо тайну. Улыбкой передаются также смущение, неловкость присутствия в чужой коммуникативной среде, непонимании происходящих событий. Например, представители корейской, китайской, японской и др. диаспор используют улыбку в тех случаях, когда они испытывают чувство неловкости в незнакомой ситуации. И чем больше это чувство, тем шире и радушнее их улыбка.

Принято считать, что русская улыбка более сдержанная по сравнению, например, с американской. Она выполняется только губами, зубы при этом не оголяются, иногда бывает слегка, чуть заметно виден верхний ряд зубов. «Демонстрация при улыбке верхних и нижних зубов, как это делают американцы, считается в русской культуре неприятной, вульгарной, а такая улыбка называется “лошадиной” или оскалом» [4, с. 54].

Более того, улыбка может быть идеальной иллюзией: не всегда просто и легко узнать, что под ней скрывается.

- Вам плохо! Почему вы не кричите, а улыбаетесь? Вы так спокойны!

- *Я кричу, только вы меня не слышите!* (Эрих Мария Ремарк. *Время жить и время умирать*).

- *Sie fühlen sich schlecht! Warum schreien Sie nicht, sondern lächelst? Sie bist so ruhig!*

- *Ich schreie, aber sie kannst mich nicht hören!*

И далее автор продолжает:

Улыбка, она помогает. И в тяжёлой ситуации тоже. Особенно в тяжёлой ситуации. Lächeln, es hilft. Und auch in schwierigen Situationen. Besonders in schwierigen Situationen.

Сравним приведенные примеры с русской культурой общения, когда нужно улыбаться в любых житейских ситуациях: и в бури, и в грозы, в минуты печали, при тяжелых утратах.

Казаться улыбчивым и простым –

Самое высшее в мире искусство (С. Есенин).

Улыбка и глаза часто взаимозаменяют, дополняют друг друга и выражают несовместимые понятия вне определенного контекста, где глаза и улыбка одновременно отголосок любви и печали:

... И той улыбки нет, что молча выражала

Страданье – тень любви,

И мысли – тень печали... (В. Боровиковский)

Русский человек чаще всего дарит дежурную улыбку всем окружающим, взгляд – лишь немногим из них, а сердце – только одному – самому близкому и родному. Он определяет свою степень взросления, мудрость, когда может улыбнуться тому, кто его сильно обидел, сделал ему очень больно. При этом следует иметь в виду, что в русском общении не принято улыбаться незнакомым людям, поэтому в общественных местах, в офисах, банках, магазинах посетителя встречают вежливо, но без улыбки. Если же вам улыбнулись, то это следует воспринимать как сигнал личного расположения, выражения хорошего настроения. Русская улыбка всегда должна иметь подоплеку, должна «соответствовать определенной причине, известной окружающим» [4, с. 84]. В противном случае улыбка воспринимается как отклонение от общепринятой нормы общения и котируется весьма негативно:

- *Только одни глупые без всякой на то причины смеются, – раздраженно сказал Павел Иванович* (А.П. Чехов. *На даче*).

Наиболее ярким представлением улыбки является усмешка, значение которой также зависит от ситуации общения и которая часто передает гораздо большее значение, чем ее словесное описание. Например, в рассказе А.С. Пушкина «Выстрел», автор с помощью улыбки передает и гнев Сильвио, и его презрение по отношению к графу, и чувство победы, одержанной над ним, и удовлетворение от затянувшейся на пять лет мести:

- *Ты, граф, дьявольски счастлив, – сказал он с усмешкою, которой никогда не забудешь* (А.С. Пушкин. *Выстрел*).

В другом рассказе А.С. Пушкин усмешкой передает иронию и сарказм помещика Берестова Ивана Петровича по отношению к соседу Муромскому

Григорию Ивановичу, который с достоинством и превосходством говорил о своих английских нововведениях:

- Да-с, – говорил он с лукавой усмешкою, – у меня не то, что у соседа Григория Ивановича. Куда нам по-английски разоряться! Были бы мы хоть по-русски сыты (А.С. Пушкин. Барышня-крестьянка).

В отличие от русской невербальной культуры для американцев и англичан улыбка – один из важнейших атрибутов коммуникации. Они расценивают улыбку как показатель достаточности, благополучия, успешности, уверенности в себе, результативности в деятельности.

В западной культуре очень распространена формальная улыбка, которая является социальной: она является информационной и выполняет функцию общественного взаимопонимания и взаимодействия, и, следовательно, является обязательным коммуникативным средством, несущим определенное значение:

- *Всякий раз, когда распахивалась входная дверь, мисс Уэлкс подавалась вперед с неудержимой улыбкой. – Whenever the front door was flung open, Miss Welks leaned forward with an uncontrollable smile* (Рэй Брэдбери. Все лето в одну ночь).

В художественном тексте улыбка ассоциируется как с позитивными, так и с негативными чувствами. Например, анализ рассказов известного американского писателя Рэя Брэдбери показал, что улыбка ассоциируется с положительными эмоциями: удовольствие, радость, дружелюбие и т.п.:

- *И этот шелест ... слетал с ее сонных, полураскрытых в улыбке губ. – And this rustle ... flew from her sleepy, half-open lips in a smile* (Рэй Брэдбери. Летняя прогулка).

- *Сделаем вид, что ты попросил, – сказала она с улыбкой, и, увидав эту улыбку, он мгновенно разделался с досками. – Let's pretend that you asked, - she said with a smile, and, seeing this smile, he instantly finished with the boards* (Рэй Брэдбери. Всякое бывает).

Автор использует улыбку в художественном тексте и для передачи такого сложного психологического состояния героев, как страх, боль, отчаяние, печаль, сожаление, неуверенность и неуравновешенность героя. Приведем примеры:

- *Поздравляю! – Его губы медленно растянулись в холодной улыбке. – Поздравляю. – Он резко и с отвращением отвернулся. – Congratulations! His lips slowly stretched into a cold smile. – Congratulations. He turned away abruptly and in disgust* (Рэй Брэдбери. Земляне).

- *...Тис стоял на веранде, горько улыбаясь. – Tis stood on the veranda, smiling bitterly* (Рэй Брэдбери. Высоко в горах).

Душевное, физическое состояние человека у Рэя Брэдбери передается в следующих примерах:

- *Он устало, через силу улыбнулся. – He smiled tiredly.*

Он стоял на том же месте и силился улыбнуться, но уже без прежней уверенности. – He stood in the same place and tried to smile, but without the same confidence (Рэй Брэдбери. Илла).

Используя улыбку как несловесный знак передачи важной для читателя информации, автор передает и такие сложные чувства героини, как резкая перемена ее настроения, связанная с неожиданным появлением того, что она не хотела и не ожидала увидеть:

- Шаги уже на крыльце, и рука повернула щеколду. Она улыбнулась двери. Дверь отворилась. Улыбка мгновенно сбежала с ее лица. – Steps are already on the porch, and the hand turned the latch. She smiled at the door. The door opened. The smile instantly disappeared from her face (Рэй Брэдбери. Илла).

В русской поэзии улыбка метафорична и также передает чувства лирических героев, их душевное состояние, тревогу, волнение, печаль, безысходность. Эти значения улыбки отражаются в русской поэзии: недоверчивая улыбка, легкая улыбка, скользкая улыбка, увядающая улыбка, неверная улыбка, надменная улыбка (А.С. Пушкин); улыбка сквозь слезы, улыбка сострадания, чуть уловимая улыбка, холодная улыбка (И. Бунин. Розы); принужденная улыбка (К. Рылеев. Войнаровский); кроткая улыбка увяданья (Ф. Тютчев. Осенний вечер); блаженная улыбка, непринужденная улыбка, вымученная улыбка (А. Галич. Заклинание); улыбка детская, улыбка райская (В. Раевский. Она одна казалась мне мила); исцеляющая улыбка (Н. Рерих. Улыбкой); ясная улыбка (С. Клычков. За улыбку); утренняя улыбка, радостная улыбка, весенняя улыбка, улыбка мая (К. Романов. Улыбка мая); осенняя улыбка (В. Соловьев); улыбнулся спокойно и жутко (А. Ахматова. Сжала руки под темной вуалью) и др.

Таким образом, улыбка как знак невербальной коммуникации выполняет функцию показателя индивидуальных характеристик коммуниканта, а сопоставительный анализ русской, английской и американской культур позволяет рассмотреть специфические черты каждой из них, выявить их национальные особенности. Исследования мимических жестов в межкультурной коммуникации весьма актуальны на современном этапе рассмотрения антропологической научной парадигмы и способствуют глубинному осмыслению функциональности и семантики мимических жестов как невербальных кодовых знаков, указывающих на национально-специфические модели поведения.

Литература

1. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Элеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов / Отв. ред. Э.Д. Сулейменова. – Изд. 2-е. доп. и перераб. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 400 с.
2. Шибеева Н.Б. Особенности русской улыбки как знака невербальной коммуникации (на примере рассказов А.П. Чехова) // Филология и культура. Philology and culture. – 2019. – №3 (57). – С. 121–126.
3. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В. В. Виноградова. – 4-е изд., дополненное. – М.: Азбуковник, 2010. – 907 с.
4. Стернин И.А. Улыбка в русском коммуникативном поведении // Русское и финское коммуникативное поведение. – Воронеж: ВГТУ, 2011. – С. 53-61.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ САЛАЛАРЫН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ (9-10 сынып)

Сансызбай М.Е. – М1701-11 тобының ІІ курс магистранты

Ғылыми жетекші: Оразбаева Ә.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Работа над языковой культурой и ее нормами - длительный и многогранный процесс, включающий массовое воспитание учащихся, прежде всего, в сфере общения. Понять внутреннюю и внешнюю культуру, ум и уровень сознания человека, общающегося посредством речи, можно через его речевую и языковую культуру. Правильная речь человека реализуется через языковую культуру и нормы и правила, установленные этой сферой. В статье рассматривается использование интерактивных методов и их эффективность в обучении языку и культуре.

Summary

Work on language culture and its norms is a long and multifaceted process that includes mass education of students, first of all, in the field of communication. It is possible to understand the internal and external culture, mind, and level of consciousness of a person who communicates through speech through his speech and language culture. A person's correct speech is realized through language culture and norms and rules established by this field. The article discusses the use of interactive methods and its effectiveness in teaching language and culture.

Жаһандану көшіне ілескен бүгінгі заманның оқыту жүйесі оқу іс-әрекетіндегі қазіргі тенденцияларды ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа ұйымдастыру формаларын, әдістерін іздеуді талап етеді. Бұл үдерістер қазақ тілді аудиторияда өзекті болып табылады, мұнда интербелсенді оқыту әдістері оқушылардың қазақ тілін меңгерудегі кейбір қиындықтардың жоғары деңгейіне байланысты тиімді болады [1; 2 б.]. Еліміздің болашағын құрайтын оқушыларды оқуға үйрету, ойлауға үйрету, жаңа шешімдер тауып, өз болашағын жасауға үйрету – қазіргі мектептің педагогикалық ұстанымдары болып табылады. Жалпы орта мектепте қазақ тілін оқыту барысындағы оқу-тәрбие процесінде мұғалімнің оқушыларға жеке көзқарасты қолдана білуі әрқашан маңызды рөл атқарды, бұл қазақ тілі маманының кәсіби шеберлігінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Қазіргі жағдайда әрбір оқушының ерекшеліктері мен қабілеттерін, қажеттіліктерін, оқу мотивтерін ескере отырып, онымен жұмыс істей білу қазақ тілі мұғаліміне қажетті, оның үстіне міндетті талапқа айналды. Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілі ғылымының негізін құрайтын ауқымды тақырыптардың бірі – тіл мәдениеті мен оның салаларын оқыту барысында интерактивті әдістерді қолдану тиімді оқыту тәсілін құрайды. Тіл мәдениетін оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістерге тоқталмастан бұрын, тіл мәдениетінің қандай сала екендігіне және оның қазақ тілі ғылымы үшін қандай маңызы барына тоқталып өтейік.

Тіл білімінің бір саласы болып табылатын тіл мәдениетінің негізгі зерттеу нысаны – әдеби тіл нормалары мен оның дамуы, сөйлеу тілімен қарым-қатынасы екені белгілі. Тіл мәдениетін өзге салалардан ерекшелеп, айшықтап тұрған басты

белгісі де оның күнделікті сөйлеу тілімен тығыз байланыста болуынан көрініс табады. Тіл мәдениеті өз сипатында лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормаларынан тұратын тіл нормасын, сөйлеу этикасының ереже-шарттарын белгілейтін этиканы, сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидаларын құрайтын қатынас нормасын біріктіреді [2; 18 б.]. Тіл мәдениетін және оның қоғамның рухани дамуындағы орнын сипаттай отырып, біз бұл сөздің жоғары мамандандырылған, тілдік түсініктегі сипатын емес (тіл мәдениеті - әдеби тілдің нормаларын меңгеру және тілдің экспрессивті құралдарын пайдалана білу [3; 129 б.]), тіл мәдениетінің оқу, қарым-қатынас мәдениеті және жалпы адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын басты сипатын негізге аламыз. Тіл мәдениетін меңгеру кезінде адамға арнайы лингвистикалық білім қажет емес, бірақ кең ауқымды топқа белгілі бірқатар мәселелер бар. Бұл адам қызметінің барлық саласында қарым-қатынас құралы болып табылатын әдеби тілдің негізгі нормалар жүйесін меңгеру қажеттілігін білдіреді.

Адамның тіл мәдениеті вербальды қарым-қатынас процесінде маңызды рөл атқарады, оның міндеттерінің бірі әңгімелесушіге жақсы әсер қалдыруға ұмтылу, яғни өзін-өзі жақсы таныстыру. Адамның қалай сөйлейтініне қарап, оның рухани және интеллектуалдық даму деңгейі, ішкі мәдениеті туралы қорытынды жасауға болады. Күнделікті мағынада тіл мәдениеті көбінесе талғампаз сөздер мен өрнектерден тұратын «әдемі» сөйлеу дағдысы ретінде түсініледі. Адам өзіне әдемі сөйлеген адам туралы «ол соншалықты мәдениетті жауап берді» немесе «ол мәдениетсіз көрінеді» деуі мүмкін. Дегенмен, бұл ұғым неғұрлым көлемді және мағыналы.

Тіл мәдениеті – «ауызша және жазбаша әдеби тілдің нормаларын (айту, екпін, сөз қолдану, грамматика, стиль) меңгеру, сонымен қатар тілдің экспрессивтік құралдарын әртүрлі қарым-қатынас жағдайында сөйлеу мақсатымен және мазмұнымен пайдалана білу [4; 12 б.]. Басқаша айтқанда, тіл мәдениеті дегеніміз – дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу, сонымен қатар сөз бен сөз тіркестерін қарым-қатынас мақсаты мен жағдайына сай қолдана білу. Осылайша, тіл мәдениетінің екі негізгі көрсеткіші немесе критерийлері ажыратылады - дұрыстық және коммуникативті мақсатқа сәйкестік [5; 21 б.]. Бірақ тіл мәдениеті бұл өлшемдермен шектелмейді. Тіл мәдениетінің көне заманнан бері анықталған басқа критерийлері – дәлдік, жүйелілік, анықтық пен қолжетімділік, тазалық, мәнерлілік, алуан түрлілік, эстетикалық, өзектілік сынды қасиеттері де басым маңызға ие. Енді, тіл мәдениетінің не екенін және оның қоғам өміріндегі рөлін анықтап алсақ, жалпы мектептерде жоғары сынып оқушыларына осы саланы меңгерудің тиімді жолдарын қарастырайық.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, оқушылардан құралған аудиторияда дәстүрлі сабақтар мұғалім монологы түрінде өтсе, тиімсіз. Оқушылардың белсенділігін көтеру, қазақ тілі сабағында тіл мәдениеті салаларын оқытуда оқу міндеттерін шешу (лексикалық минимумды кеңейту, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгеру, т.б.) импровизация, рөлдік ойындар, эвристикалық әңгімелер және оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану арқылы жүзеге

асырылады. Пән мұғалімі оқушылардың реакциясын тудырады, олардың танымдық белсенділігін арттырады, зерттеушілік қызығушылығын белсендіреді.

Сонымен, қазақ тілін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану дегеніміз не және ол қалай жүзеге асады? Тіл мәдениеті салаларын оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану өзара әрекеттесуге – өзара әрекетте болу, бір-біріне әрекет ету; қатысу арқылы оқыту, өзгеретін топтардың бөлігі ретінде өзара әрекеттесу тәсілдеріне негізделген. Интербелсенді оқыту стратегиясы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілік қарым-қатынасына, кері байланыс пен оқушылардың максималды белсенділігіне негізделген әдістер мен әдіс-тәсілдердің, әдістемелердің белгілі бір жүйесін қазақ тілі мұғалімінің пайдалануын қамтиды [6; 21 б.].

Интербелсенді модельдің қазақ тілі сабағында қолданылуы барлық оқушылардың бір-бірімен белсенді әрекеттесетін ыңғайлы оқу ортасын ұйымдастыруға бағытталған. Қазақ тілі сабағында жоғары сынып оқушыларына тіл мәдениеті салаларын оқыту барысында интербелсенді оқытуды ұйымдастыру өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, жағдайлар мен жағдаяттарды талдау негізінде мәселелерді жалпы шешуді, санаға ақпарат ағындарының енуін, оның қарқынды белсенділігін туғызуды көздейді. Қазақ тілін оқытуда интербелсенді әдісті қолдану сабақтың құрылымын әдеттегіден өзгеше ететіні анық, ол үшін де пән мұғалімінің кәсіби шеберлігі мен тәжірибесі қажет. Сондықтан сабақтың құрылымына тек интербелсенді оқыту моделінің элементтері ғана енгізілген сабақты әдеттен тыс және одан да қарқынды және қызықты ететін нақты әдістер мен тәсілдер толығымен интербелсенді сабақтарды өткізуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағында тіл мәдениеті салаларын оқытудағы интербелсенді тәсілдің негізгі принциптері ретінде қазіргі заманғы сарапшылар мыналарды ажыратады:

- Әркім үшін маңызды жағдайдағы барлық қатысушылар үшін бірдей қызықты болатын шынайы ақпаратты қабылдау және шығару мақсатында қазақ тілінде өзара қарым-қатынас жасау;
- Үш объектінің қатынасымен сипатталатын бірлескен қызмет: ақпаратты өндіруші, ақпаратты қабылдаушы және ситуациялық контекст;
- Тәрбие үрдісіндегі қазақ тілі мұғалімінің дәстүрлі рөлін өзгерту, қарым-қатынастың демократиялық стиліне көшу;
- Оқытудың рефлексивтілігі, іс-әрекетті, оның мотивтерін, сапасы мен нәтижелерін мұғалімнің де, оқушылардың да саналы және сыни түсінуі [7; 5 б.].

Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілінің маңызды саласы – тіл мәдениеті салаларын оқыту кезінде кез келген тілдік құбылыс (лексика, грамматикалық немесе басқа) сыныпта жеке-дара емес, сөйлемде, мәтінде енгізілетіндей, оның басқа тілдік құбылыстармен байланысы сынды оқытудың осындай инновациялық әдістерін жанарту қажет. Қазіргі білім беру саласында қазақ тілі мұғалімдері оқу процесінің мақсаттарына сәйкес келетін, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне де

бейімделген, сонымен қатар педагог маманның өзінің мүмкіндіктері мен шығармашылық әлеуетін ашатын әртүрлі вариативті бағдарламаларды пайдаланады.

Интербелсенді әдістерге негізделген стандартты емес сабақтардың шығармашылық атмосферасы, әдетте, шебер, ізденімпаз мұғалім интербелсенді оқыту әдістерін жүйелі түрде қолданғанда, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауға және жоюдың тиімді жолдарын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл жерде мәселені шешу процесі жауаптың өзінен маңыздырақ немесе одан да маңыздырақ болатынын түсіну маңызды, бұл интербелсенді әдістеменің мақсаты тіл мәдениеті салалары туралы ақпаратты беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың осы тақырып бойынша өз беттерінше жауап табу дағдыларын қалыптастыру. Топтың көлемі оқу немесе өзара әрекеттесу сапасын анықтамайды.

Интербелсенді, яғни, өзара әрекеттестік әдісін тіл мәдениеті салаларын меңгеруде қолданудың негізгі ерекшелігі – бұл ашу процесі, оның мәні оқушылардың өзара әрекеттесу арқылы берілген тақырып бойынша оқу дағдыларын меңгеруі болып табылады. Әрине, қазақ тілі сабағында тіл мәдениеті тақырыбын оқытудың бастапқы кезеңінде кейбір технологияларды қолдану шектеулі, бірақ жеке фрагменттерді қолдануға рұқсат етіледі. Оқушылардың өз пікірлері мен идеяларын еркін жеткізуі үшін тіл ғалымы С.С. Әділбаева тіл мұғалімдеріне келесі пайдалы әдіс-тәсілдерді қолдануды ұсынады:

- Оқушыларға өз пікірлері үшін әрқашан алғыс айту;
- Олардың жауабын дұрыс емес деп ойласаңыз, керісінше басқа оқушылардың бұл пікірмен келісетінін не келіспейтінін сұраңыз. Егер барлық оқушылар талқыланатын мәселені дұрыс түсінбегені анықталса, онда оларға өз көзқарасыңызды түсіндіре аласыз;
- Пассивті оқушыларды таңдауға тырысыңыз. Кейде кейбір оқушылар енжар болып көрінеді, бірақ оларда өте ерекше ойлар немесе пікірлер болуы мүмкін [8; 6 б.].

Интербелсенді әдісте, кез келген басқа оқыту әдістері сияқты, топтағы өзара әрекетті ұйымдастыруға ықпал ететін көптеген әдістер бар. Бұл техникаларды қазақ тілін оқытуда келесідей жіктеуге болады:

- ұқсастықтар/айырмашылықтар;
- сәйкестіктерді іздеу;
- рейтинг;
- классификация;
- жалпылау;
- дұрыс\бұрыс;
- «Дұрыс па, әлде өзгерту керек пе?»
- артылықшылықтар мен кемшіліктер;
- салдарын анықтау;
- «Қалай ойлайсыз?»;
- зерттеу және есеп беру;

- рөлді ойын;
- миға шабуыл;
- пікірталас [9; 2 б.].

Жоғары сынып оқушыларына тіл мәдениеті салаларын интербелсенді оқытудың негізгі мақсаты – оқу процесін оңтайландыру. Олай болса, интербелсенді оқыту әдістерінің көмегімен тек білім беру ғана емес, сонымен қатар педагогикалық міндеттер де шешіледі: оқушылардың өзін-өзі бағалауы артады, топта салауатты ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады, туған тілінде сөйлесу қорқынышы жойылады. Ал тіл мәдениеті салаларын интербелсенді әдіс арқылы оқытудың арқасында оқушылар сөйлесім, айтылым секілді сөйлеу әрекетінің жемістерін еркін меңгеріп қана қоймай, тіл мәдениеті бойынша сөйлеушінің психологиялық жағдайын (қозғалыс, шын пейіл, еркін, дөрекі), мақсатын (сөзге иландыру, ақпараттық, үгіт-насихат), коммуникативті маңыздылығын (сөйлеу мәнді, мағынасыз, бос) анықтап үйренеді.

Әдебиеттер

1. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім. — № 5. — 22–24-б.
2. Бейсенбаева З., Уәлиев Н., т.б. Тіл мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 112 б.
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1999.
4. Сыздық Р. – Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана, 2001.
5. Балақаев М. – Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1971.
6. “Кәсіби қазақ тілін оқыту” атты Халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел материалдары.
7. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
8. Әмірғалина Н. Білім берудің инновациялық технологияларының бірі — тірек конспектілері // Білім. — 2009. — №— 17–19 б.
9. <https://bilimdiler.kz/tags/%D0%91%D0%B0%D1%8F%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D0%BC%D0%B0/>

ӘОЖ 373 (072)

ЖЫЛДАМ ОҚУ БАЛАЛАРҒА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Дүтбай Ә.Қ. – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау мамандығының ІІ курс магистранты
Есназар А.Ж. - PhD доктор, аға оқытушы
 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
 Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье описаны основы развития скорости чтения, а также понимания прочитанного. Включен вопрос улучшения успеваемости ребенка за счет развития умения быстро читать. Так как очень легко развить ребенка во всех аспектах и приобрести полезные привычки в начальной школе на данном этапе обучения ребенок должен как можно больше читать. Важно усвоить приемы и умение быстро читать. Понятно, что ребенок, преодолевающий все трудности и препятствия в процессе обучения, не испытывает затруднений в обучении, а, наоборот, повышает его интерес. Вот почему в данной статье

рассматриваются проблемы обучения учащихся начальных классов навыку скорочтения, развития у них интереса к чтению, использования скорочтения для усвоения информации, быстро обучающейся получать и изучать это определено.

Summary

This article describes the basics of developing reading speed, as well as reading comprehension. The issue of improving a child's academic progress by developing the ability to read quickly is included. Since it is very easy to develop a child in all aspects and acquire useful habits in elementary school, at this stage of education, the child should read as much as possible. It is important to learn techniques and the ability to read quickly. It is clear that a child who overcomes all difficulties and obstacles in the course of learning does not have difficulty in learning, but on the contrary, his interest increases. That is why this article deals with the problems of teaching elementary school students the skill of quick reading, developing their interest in reading, and using quick reading to learn information quickly learning to receive and study it is defined.

Кіріспе. Қазіргі білім беру саласының мақсаты - оқушылардың білім алуына жағдай жасай отырып оқу сапасын арттыру, оқушылардың үлгерімін жақсарту, сапалы білім беру арқылы әлемдік білім беру кеңістігіне шығу болып табылады. Оқушылардың оқу үлгеріміне әртүрлі факторлар әсер етеді. Ал жылдам оқу дағдысы баланың оқу үлгеріміне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Егер бала оқу дағдысын дұрыс меңгермесе, ол қажетті деңгейде оқи алмайды. Бұл оның оқуға деген қызығушылығын төмендетеді. Ал оқуға деген қызығушылығы жоқ баланың үлгерімі де нашарлайтыны анық. Әдетте жылдам оқу дағдысын меңгерген бала көп оқиды, ал көп оқыған бала көп біледі. Оқушының оқу жылдамдығы мен оқу техникасын жақсартқан сайын, есте сақтау қабілеті мен ақыл-ой деңгейі де арта түседі. Мәтінді әрі түсініп, әрі жылдам, әрі мәнерлеп дұрыс оқи білу - мұғалім үшін білім беру саласындағы ең үлкен жетістіктердің бірі.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1-қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында «Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады» [1] - деп білім беру саласына айрықша ден қойды. Сонымен қатар, жас білім алушылардың жан-жақты дамып, білім алуларына қолайлы жағдай жасалуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын қолға алды. Бұл жобаның басты мақсаты оқушылардың оқуына кедергі келтіретін қиындықтарды анықтап, олардың алаңсыз білім алуына жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарауында «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша білім беру аяқталғанда қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінің оқылым бөлімінде «мәтінді белгілі бір оқу түрлері мен стратегияларын қолдана отырып оқу нәтижесіне жету» [2] күтіледі. Демек, бастауыш мектепті бітірген оқушылар оқылым бойынша оқу жылдамдығын толық меңгеріп шығуы тиіс. Алайда, бастауыш сынып оқушыларының басым бөлігі оқылым бойынша күтілетін нәтижеге жете алмауы байқалады. Аталған мәселе бойынша оқушылардың оқу техникасын меңгерудегі кедергілері мен қиындықтарды анықтап, оны жою арқылы білім сапаны арттыру өзекті болып табылады.

Негізгі бөлім. Қазіргі ата-аналар балаларына мүмкіндігінше пайдалы дағдылар мен әдеттерді сіңіруге тырысады. Сондықтан олар баланың қабілеттерін айтарлықтай жақсартатын әртүрлі әдістерге қызығушылық танытады. Танымал бағдарламалардың бірі - оқылғанды жақсы есте сақтай отырып, жылдам оқу техникасын меңгеру. Бірақ неге балаларға жылдам оқуды үйрену керек және неге мәтінмен жылдам жұмыс істеу дағдыларын дамыту керек?

Бастауыш мектеп әлі күнге дейін оқу техникасына назар аударылатын және оның жылдамдығы өлшенетін және бақыланатын жалғыз орын болғандықтан, дәл осы кезеңде сіз оларды есейген кезде өзіңізбен бірге алып жүрмеу үшін тиімді оқуды және қателерді жоюды үйренуіңіз керек. Дәл бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасындағы көптеген қателіктерге байланысты балаларға арналған жылдам оқу пайда. Ең көп тараған қателер: тежелулер, әріптердің еріксіз ауысуы, әріптер мен буындардың ретін өзгерту, жалғаулардың болмауы. Мұндай қателер жоғарыда аталған оқу мәселелерімен бірге оқу жылдамдығын күрт төмендетеді және бұл оқу процесін айтарлықтай қиындатады. Ал оқу стандарттары бойынша қажетті нәтижеге жету оңай әрі еркін оқи алмайтын балаларға қиындық тудырады.

Жылдам оқу бұл қателерді жоюға ғана емес, сонымен қатар оқу жылдамдығын автоматты түрде арттыруға көмектеседі. Жылдам оқу - бұл баланың асығуына байланысты емес, «тежеу» сәттерін жоюға байланысты меңгеру керек дағды [3]. Баланың оқуына ештеңе кедергі болмаса, жылдамдық сәйкесінше артады. Жылдам оқу балаларға оқуда туындайтын қиындықтарды шешуге және түзетуге мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы. Ал оқу қиындық тудырмаған кезде, баланың кітап оқуға деген қызығушылығы оянып, кітапты сыртқы факторлардың әсер етуінсіз, яғни мұғалім мен ата-ананың талабы мен мәжбүрлеуінсіз өзі алып оқитын болады.

Жылдам оқу кезінде оқылған мәтіндерді түсіну және есте сақтау сапасына мән беріледі. Көбінесе балалар оқығандарын іс жүзінде қайталай алмайды, олар оның мағынасын нашар түсінеді, ұсақ бөлшектерге ғана назар аударады. Қайталап айту кезінде бала мәтіндегі сөздерді ғана пайдаланады, өз сөзімен айтпайды, өйткені ол мағынасын дұрыс түсінбей қалды деп қорқады, мәтінде оқылған сөздерді пайдалану әлдеқайда қауіпсіз болады. Жылдам оқу зейін, қиял, есте сақтау және ойлау сияқты психикалық процестерді ұйымдастыру позициясынан мәтіндерді есте сақтаумен қатар, сапалы түсіну мәселесін шешуге қолайлы.

Кейінгі өмірде әртүрлі оқу проблемалары біздің өмір бойы бірінші сыныпта қалай оқытса, солай оқитынымызға байланысты. Оқу кезінде балалар бірқатар проблемаларға тап болады, соның ішінде:

1.«Іштен оқу». Бұл жағдайда көздер бір жерде тым ұзақ тұрып қалады және олар кешендерді сканерлеуге қабілетті.

2.Оқу кезінде көпшілік естуге көбірек сүйенеді. Дегенмен, көздер ақпаратты бірнеше ондаған есе жылдам қабылдайды және береді.

3.Балалардың көпшілігінің көру аймағы шағын. Адам көзі ақпаратты тоқтау кезеңінде ғана қабылдайды. Оның қаншалықты көретіні көру өрісінің

өлшемін көрсетеді. Өкінішке орай, әдістердің көпшілігінде көру өрісін кеңейтуге арналған жаттығулар жоқ.

4. Оқырман дауыстап оқығанда немесе оқуды артикуляциямен сүйемелдесе, ақпаратты өңдеу жолы ұзарады: есту/сөйлеу орталығына, сөйлеу орталығына, содан кейін ғана алынған ақпаратты талдау. Жылдам оқу техникасын қолданғанда ақпарат қысқа жол арқылы өтеді: көз, сөйлеу орталығы.


5. Дәстүрлі оқу кезінде мәтінді қажетсіз механикалық қайталаулар көп болады. Жылдам оқу кезінде оқу жылдамдығы айтарлықтай артады [4].

Жылдам оқу техникасын меңгерген оқушылардың басқа құрбыларына қарағанда жақсы оқи алатынын да ескерген жөн. Материалды меңгеру оған оңай, сондықтан оқуға деген ынтасы артады. Жылдам оқу әдістемесі баланың интеллектінің жан-жақты дамуын көздейді.


Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жастарға көп мәдениетті білім беру жүйесіндегі гуманитарлық тәжірибелердің мазмұнын жаңарту мәселелері қарқынды дамып келе жатқан ашық қоғамның мүмкіндіктеріне сәйкес болып жатқан нақты динамикалық процестер аясында қарастырылуы керек сияқты.

Мұндай қоғамда жеке тұлғаның динамикалық үздіксіз көпмәдениетті/көптілді дамуын анықтайтын полимәдениет пен көптілділік мәселелері ерекше мәнге ие болады. Дәлірек айтқанда, мәдениет тілдері, олардың алуан түрлі және сан алуан мағыналары адамға өзін мәдени-тарихи субъект ретінде тануға, адамзат тарихы мен даму үстіндегі халқының тарихын қабылдауға, өз іс-әрекеттері, халқы, елі, өркениеттің болашағы үшін жауапкершілікті сезінуге, мәдениеттер диалогының субъектісі рөлін ойнауға қабілетті болуға көмектеседі [4]. Сондықтан, философиялық түсіну барысында алдыңғы екі әмбебап басымдықтардың құрамдас бөлігі ретінде анықталған табиғаттағы, мәдениеттегі және білімдегі динамиканың аясында кейбір гуманитарлық тәжірибелердің келесі жағдайларда оларды әрі қарай философиялық талдау, түсіну, түсіндіру және сәтті жылжыту мен нақты педагогикалық процеске енгізу үшін ұсынылатын қазіргі мектептерде (орта және жоғары) кейбір гуманитарлық практиканың даму перспективаларын атап өткім келеді.

1. Білім берудің гуманистік парадигмасы-пайдалылық мәдениеті әдіснамасынан өмірдің психологиясы мен жеке тұлғаның қадір-қасиеті әдіснамасына көшу, ол унитарлық парадигмадан ауытқуға, тек білімді игеруге, дағдыларды қалыптастыруға бағытталудан, тұлғаға бағытталған оқыту мен тәрбиеге мүмкіндік беретін білім берудің өзгермелі, дамушы, семантикалық және түсінікті моделін білдіреді.

Болжамдық тұрғыдан алғанда, бұл парадигма сыни белгісіз жағдайларда қоғам мен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

2. Мектептің мәденишығармашылық миссиясы-мәдениеттегі тұлғаны қалыптастырудың басымдығы, ол білім беру процесіне тікелей қатысушылардың әртүрлі гуманитарлық мәдени-бағдарланған тәжірибелер кеңістігінде өзара әрекеттесуін, сондай-ақ тұтастай алғанда білім беру процесін транстілдік бейімдеу жағдайында әр адамның тиімді өзін-өзі жүзеге асыруын қамтиды.

Қазіргі мектептің жобалық кеңістігінде көп мәдениетті және көптілділікті дамыту принциптері барлық "тірі" тілдер мен біртектес емес субъектілік орталықтардың (тілдік тұлғалардың) қазақстандық көп тілді білім беру кеңістігінде бейбіт қатар өмір сүру құқығын білдіреді.

Бұл ретте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қағидаттық көзқарас тіл мен субъектілік орталықтың ерекшелігін, сондай-ақ әртүрлі үлгідегі білім беру мекемелерінде (жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей, колледж, ЖОО) тілдер мен мәдениеттерді зерделеудің дәйектілігін ескеруді көздейді.

3. Білім берудегі интеграциялық процестер – гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдерді интеграциялауға негізделген, дамып келе жатқан тұлға әлемінің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін білім мазмұнын қалыптастырудың пәнаралық қатынасы, яғни практикалық әртүрлі әлеуметтік-мәдени кеңістіктерде мәдени коммуникацияны жүзеге асыруға дайын болу, сонымен қатар педагогикалық процестің субъектілерінің өзін-өзі лайықты көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру.

4. Білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңартудың айқын тәжірибеге бағытталған стратегиясы – вариативтілік; мәдени-ағарту тәжірибесіне тән білім беру әлеуетінің рөлін күшейту; тұлғаның көптілді концептосферасын қалыптастырудың құзыреттілік тәсілі; білім беру үдерісі субъектілерінің әртүрлі білім беру құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал ететін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің сапалық сипаттамаларына мән беру; мектептің мәдени-білім беру ортасының мүмкіндіктері кеңістігінде мұғалім мен оқушының көптілді мәртебесін (рөлдік репертуарды) арттыру (оның ішінде оқу бағдарламасын, оқулықты, профильдеу бағыттарын, біліктілікті арттыру нысандарын және өзіндік -мұғалім білімі және т.б.).

5. Тілдерді оқытудың сапалы жаңа тәсілі/мәдениеттің экспрессивті құралдары (вербальды және вербальды емес) – дамып келе жатқан тұлғаның сөйлеу және коммуникативті әрекетінің дамуының барлық деңгейлеріндегі тіл тәжірибесінің сабақтастығы. Осы тәсілдің аясында келесі өзекті бағыттарды жүзеге асыру жоспарлануда – сөйлеу әрекетінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық аспектілерін меңгерудің жуықталған нормаларынан ауытқудың алдын алу және пропедевтика мақсатында мектепке дейінгі оқыту; бастауыш мектеп – балалардың өзін-өзі көрсету тұрғысынан мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтуді көздейтін ерте тіл үйрену; орта мектеп – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеміндегі өзгермелі өмір жағдайларына бейімделу мақсатында профильдік дайындық; жоғары мектеп – дүние жүзіндегі объективті қалыптасқан көптілділік жағдайында тиімді мәдени өзін-өзі анықтау мақсатында мамандандырылған білім беру; басым және перспективалық бағыттар – гуманитарлық, жаратылыстану, математика, экономика және ақпараттық-білім беру шеңберінде бейіндік білім беруді ұйымдастырудың көп деңгейлі тәсілдері.

Әдебиеттер

1. Богданец Т.П. Интеграция естественнонаучных и обществоведческих знаний в образовательном процессе начальной школы / Народное образование -Педагогические технологии - 2008. -№3.- С. 3-13.

2. Буланкина Н.Е. Проблема эффективного культурного самоопределения личности в полиязыковом образовательном пространстве. - М.: АПКИППРО, 2002.
3. Буланкина Н.Е. Полиязыковая концептосфера современного педагога. Новосибирск: Изд-во НИПКИПРО-МПУ, 2009.
4. Соколов Е.А. Проблемы поликультур и полиязычий в гуманитарном образовании - М.: Университетская книга - Логос, 2008.

ӘОЖ 371.3

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Молдабек Қ.-п.ғ.д., профессор

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены вопросы применения современных информационных технологий в процессе обучения казахскому языку

Summary

The article discusses the application of modern information technologies in the process of teaching the Kazakh language

Дүние жүзінде ғылым мен техниканың қарыштап алға басып дамыған кезеңінде ақпараттық ағымдардың таралуын қамтамасыз ету ақпараттық кеңістікті қалыптастыратын ақпараттық технологиялардың әсерімен сипатталады. Демек, ақпараттық технологиямен қарулану-дүниежүзілік өркениеттен қалмаудың кепілі. Сондықтан Республикамызда замана талабына сай оқу мен оқыту процесі түбегейлі өзгеріске ұшырауда және қалыптасуда. Бұл үдеріс қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктерге сәйкес келуі тиіс, себебі ел болашағы балаларға озық әдістемелермен сабақ өту оқу процесінің педагогикалық теориясы мен практикасына өзгерістер енгізеді. Әдістеме ғылымындағы соңғы жетістіктер мен жаңалықтар мектептердегі оқыту процесінің қажетті элементі болуға арналған. Ақпараттық технологиялар мәселесімен көптеген отандық ғалымдар мен педагогтар: Ф.Оразбаева, Р. К. Жүнісова, Р. Е. Бекишева, Қ. Молдабек, Р. И. Кенжебекова және басқалар айналысуда.

К. К. Колин, В.И. Андреев, Н. О. Вербицкая, В. В. Бачманова, Н. О. Вербицкая, И. П. Подласый, В. Д. Симоненко, В. А. Сластенин, В. В. Шапкин, А. С. Белкин, сияқты көптеген ғалымдар Ресей педагогикасындағы ақпараттық технологиямен оқытуды, тұлғаға бағытталған оқытудың негізі ретінде қарастырды. Оқу процесінде ақпараттық технологиямен оқытуда тіл дамыту мәселесі педагогикалық тұрғыдан; оқушылардың ақпараттық технологиямен оқытудағы өзін қоршаған ортадағы құбылыстарын түсінуі мен қабылдауы; ғылыми біліммен байланысы; ақпараттық технологиямен оқытудың ілімге құндылық қатынасын қалыптастыруға әсері және ақпараттық технологиямен оқыту. Ресейлік және Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері ақпараттық коммуникациялық технология-ғылым мен техниканың дамуының нәтижесі. Демек, ғылым мен техниканың дамуына орай әдістеме ғылымы да алға басып, оқытудың жаңа технологияларын қоланады. Бұдан технологияларды дамытудың

келесі кезеңдерін бөлуге болады: - ақпараттық технология, оның құралдары: қаламсап, түрлі сиялар мен ақпараттық технологияға арналған кітаптар. Байланыс хаттар, сәлемдемелер, поштамен жіберу арқылы іске асады. Технологияның мақсаты – кез келген ақпаратты нысанда ұсыну; - поштада кез келген ақпаратты жеткізудің анағұрлым жылдам жеткізетін құралдармен жабдықталған, оның құралдары: жазу, телефон, диктофон болып табылады. Технологияның мақсаты - қажетті ақпаратты қажетті формада ұсыну;

2295 - "сенсорлық" технология, оның құралдары: компьютерлер, бағдарламалық, электрлік жазу машиналары, принтер, ксерокс, портативті жазу машиналары қолданылды. Ақпараттық технологиялардың мақсаты кез келген ақпаратты ұсыну арқылы ақпараттың мазмұны қалыптастыруға ауыса бастайды. Сөйтіп ақпараттық-коммуникациялық технология өмірге келді. Ақпарат алмасудың автоматтандырылған жүйесі күнделікті қатынас құралына айналды. Ғалымдар бұл жаңалықты оқу-оқыу процесінде қолдану мен пайдалану амалдарын іздестіре бастады. Нәтижесінде әдістеме ғылымы элеменде «ақпараттық технология, витагендік технология, ақпараттық -коммуникациялық технология» ұғымдары оқыту процесіне енді. Бұл процесс оқушыларда білімге, білуге деген қызығушылықтары мен ынталықтарын оятты. Оқушылар өздеріне тән жеке компьютерлер арқылы оқу мен ақпараттандыру алмасудың тиімді екенін түсіндірді [1].

Ф.Ш.Оразбаева заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдары бағдарламалық, бағдарламалық-ақпараттық және техникалық құралдар, сондай-ақ микропроцессорлық, есептеу техникасы, ақпаратты тарату, ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде жұмыс істейтін, ақпаратты жинау, өндіру, жинақтау, сақтау, өңдеу, беру және т. б. операцияларды қамтамасыз ететін құрылғылар болып табылады және ақпаратты беру мүмкіндігін түсінеді компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарына қол жеткізеді дейді [2].

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың заманауи құралдарына компьютерлер, барлық кластағы компьютерлерге арналған терминалдық жабдықтар жиынтығы, жергілікті есептеу желілері, ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары, мәтіндік және графикалық ақпаратты енгізу және манипуляциялау құралдары, үлкен көлемдегі ақпаратты мұрағаттық сақтау құралдары және қазіргі заманғы компьютерлердің басқа да перифериялық жабдықтары жатады. Сандық және кері деректерді ұсынудың дыбыстық формасы аудиовизуалды ақпаратты манипуляциялау құралдары мен құрылғылары ("виртуалды шындық" мультимедиялық және технологиялар негізінде); жасанды интеллект жүйелері; бағдарламалық кешендер (бағдарламалау тілдері, аудармашылар, компиляторлар, операциялық жүйелер, қолданбалы бағдарламалар пакеттері және т.б.) және т. б.; пайдаланушылардың жергілікті деңгейде ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін заманауи байланыс құралдары. Қазақ тілін оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану педагогикалық қызмет нәтижелеріне тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытушылар мен білім алушылардың өзара іс-қимылының түбегейлі жаңа

тәсілдерін, әдістерін пайдалану дербес оқытуды жүзеге асыруға, кең ақпараттық ресурстарға ашық қол жеткізумен кері байланыстың болуына мүмкіндік береді.

Компьютердің және оның мүмкіндіктерінің көмегімен оқушы әр түрлі ортада өзін таба алатын нақты ортаны құра алады, сондықтан одан шығармашылық көзқарасты ойлауды талап етіледі. Интернетті пайдалану авторитарлық оқыту стилінің демократиялық стильге ауысуына ықпал етеді. Білім алушының проблемаға қатысты түрлі көзқарастарды зерделеуге, өз пікірін өз бетінше тұжырымдауға мүмкіндігі бар. С. Кружканың пікірінше компьютер мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын белгілі бір дәрежеде модельдей алады, тәлімгерлік, ынтымақтастық және қолдау қатынастары, адами қарым-қатынастың вербалды емес компоненттері болып табылады [3].

Білім беру стандарты кәсіби және жалпы кәсіби құзыреттердің негізгі жиынтығын белгілейді. Құзыреттіліктің қалыптасуы пәнаралық принципті ескере отырып, сондай-ақ әрбір жеке пәннің ішінде жүреді. Осылайша, осы дайындық бағытының түлегі келесі кәсіби қызметте жүзеге асырылатын құзыреттер жиынтығына ие болуы керек. Осыған байланысты бірден бірнеше құзыреттер, атап айтқанда, интернет-технологияларды қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік беретін технологиялар алдыңғы қатарға шығады. Интернет байланысының ең тиімді түріне электрондық пошта, чат, форум, видео -, веб-конференциялар жатады. Алғашқыда олар бір-бірінен алшақтай орналасқан балалар арасындағы қарым-қатынас үшін, содан соң қазақ тілін оқытуда оқу мақсатында қолданыла бастады. Ақпараттық ресурстарда интернет желісін түрлі тілдерде берілген тақырыптарға арналған 2287 мәтіндік жазба және визуалды материалдар бар. Дегенмен, оқушылар қазақ тілін оқыту процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне пайдалану үшін тиімді пайдалана алатындай арнайы ақпараттық ресурстарда интернет желісін әзірлеу қажеттілігі туындады. Осылайша, оқу интернет-ресурстарының әрбір түрі өткеннен туындайды, біртіндеп күрделене түседі және күрделі оқу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Молдабек К., Кенжебекова Р. И. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру // Торайғыров университеті ғылыми журналының хабаршысы, ISSN педагогикалық сериясы 2710-2661, № 3 (2021) Павлодар 139-149 ББ.

2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі [Электрондық ресурс]: <http://doc.nlrk.kz/result/ebook/105/index.html>

3. Жүнісова Р.Қ. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ауызекі сөйлесуін Еуростандарт негізінде ақпаратты- коммуникативтік технологиялар арқылы дамытуды басқару [Электрондық ресурс]: <http://kzgov.docdat.com/docs/486/index-294865.html>.

«ВИУЗАЛДЫ ӨНЕР» ПӘНІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДИЗАЙНДЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қасмырзаев Б.Н.-магистр оқытушы

Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Қазақстан, Шымкент

Касимова Х.И.

Педагогикалық шеберлік орталығының Шымкент қ. филиал тренері

Резюме

В статье рассматривается главная проблема системы дизайнерского мышления как образное мышление, наряду с улучшением качества занятий, улучшением вида, повышением интереса обучающихся к занятиям с помощью эффективных методов и приемов; умение участвовать во всесторонне развитой жизни, формирование уверенности в себе и качественное образование. Характеризуется, что, правильно применяя современные методы обучения в учебном процессе, мы обязательно добьемся успеха на уроке.

Summary

The article considers the main problem of the design thinking system as imaginative thinking, along with improving the quality of classes, improving the appearance, increasing the interest of students in classes using effective methods and techniques; the ability to participate in a comprehensively developed life, building self-confidence and quality education. It is characterized that by correctly applying modern teaching methods in the educational process, we will definitely succeed in the lesson.

Кез – келген пәнді оқыту мен үйрету оқытушының сабақ барысын сапалы ұйымдастыруымен жүреді. Айта кету керек, бейнелеу өнерін оқытын студенттердің көркемдік және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу материалдары дәстүрлі бейнелеу өнері бойынша білім беру мазмұны негізінде қалыптасып келді.

Бейнелеу өнерінің дәстүрлі білім беру мазмұнына әлемдік және отандық суретшілердің классикалық және заманауи шығармашылық туындылары, бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары, құралдары мен материалдары, бейнелеу бейнелерін көркемдік-экспрессивті тәсілдермен және көркемдік-техникалық құралдармен орындау әдістері, композициялар, түстер, перспективалар, бейнелеу өнерінің әртүрлі жанрларын орындау әдістері, сәндік-қолданбалы өнер, сәулет, мүсін, дизайн қазіргі таңда «Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша «Визуалды өнер» пәнінде оқытылуда [3].

Осылайша, визуалды өнеріндегі дизайн ойлауға бағытталған студенттің оқу материалдары пәннің дәстүрлі бейнелеу өнерінің білім беру мазмұнынан қалыптасқанын көруге болады. Тағы да, біз визуалды өнер сабақтарында студенттерді суретші ретінде дайындауды білім беру процесінде жүзеге асырмаймыз. Негізгі когнитивті құндылық - олардың дизайндық ойлауын дамыту. Сол себептенде, оқу материалының бөлігі ретінде олардың дизайндық ойлауын дамыту үшін, көркемдік жұмыстың жоспарлары, дайындау кезінде шығармашылық идеяларды әзірлеу, зерттеу, шығармашылық жұмыстарды ұсыну,

талдау және бағалау негізге алынады. Визуалды өнер пәнінің тақырыптарын ашу білім алушыларға танымдық когнитивті немесе зерттеу әдістерімен үйретіледі.

Когнитивті терминдердің мағынасы-қоршаған орта арқылы білімді (когнитивті) игеру процесі, оқытудан алынған ақпарат болғандықтан, «мен ойлаудың не екенін білемін» – деген ұғымға да қолдануға болады. Себебі, визуалды өнердегі дизайндық ойлауға таным ойлау, тіл, қабылдау, есте сақтау, пайымдау, назар аудару, мәселелерді шешу және шешім қабылдау сияқты көптеген факторлар кері әсерін тигізбейді. Бұл интеллектуалды даму мен тәжірибенің бөлігі болып саналады [2].

Когнитивті әдістер студент өзінің идеяларын, мәнін, көркемдік ерекшеліктерін, болашақ сабақтарда жасалған шығармалар идеяларын, ақпарат жинауға және оны көрсетуге бағытталған әрекеттерді жасауға мүмкіндігі мол болса, дизайндық ойлау - бұл мәселелерді шешудің жүйелі тәсілі қызметін атқара алады. Бұл жүйенің орталығында идея орналасқан; ол болашақта оған пайда әкелетін жаңаша шешімдер жасауға бағытталған [2,3б].

Сондықтанда дизайндық ойлау бізге болашақтың объективі және мүмкін болатын даму нұсқаларын бағалауға көмектеседі. Ол үшін ең 4 негізгі ережені ұстануы керек: [1].


Эмпатия - дамуға бағдарланған инновациялық идеялардың оқу процесінің игілігі үшін жұмыс істейді.

Шоғырландыру - идеяларды кез келген жерден іздеуге болады. Балама шешімдерді ұсыну үшін сіз өзіңіздің қабілеттеріңіз бен дағдыларыңыздан асып кетуіңіз керек. Бұл сізге мәселені басқаша шешуді үйренуге көмектеседі.

Қайта құру. Адамдардың негізгі қажеттіліктері өзгеріссіз қалады. Жаңа өнімді жасаудың қажеті жоқ, бірақ бар өнімді жаңарту немесе басқа саладан инновациялар енгізу жеткілікті болуы мүмкін.

Қол жетімділік. Прототиптеу мәселені түсінуге және оны тиімдірек шешуге көмектеседі.

Тестілеу - нәтижені шығару. (1-сурет).



Сурет 1. Дизайндық ойлау кезеңдері

Зерттеу әдісін қолданатын болсақ, алдымен бірнеше суреттерді визуалды түрде көрсетеміз? Содан кейін келесі шарттар қоямыз: Суреттерге мұқият қара.

Суреттерде не бейнеленген деп ойлайсың? Бұл бейнелер қалай жасалған? Олар неге ұқсайды? Суреттерге мұқият қара. Сенің ойыңша, бұл суреттер қалай салынған? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Суреттерді көргенде сенде қандай ой туды? Оларда қандай тақырып немесе идея көрсетілген деп ойлайсың? Визуалды елестету үшін Б.Қасмырзаевтың туындылары берілді (2-сурет).

Портрет
жанры
көлемі
40x50
Түрлі түсті
калам



Тәуелсіз
Қазақстан
көлемі 100x80
Акрилді бояу
техникасы



Көкпар
көлемі
120x80
Майлы
бояу
техникасы

Сурет 2. Б.Қасмырзаевтың туындылары

Белгілі бір тарихи жағдайларда алынған адамдардың әлеуметтік қатынастары мен функцияларынан гөрі бақылау және қабылдау, объектілер, заттар немесе процестер туралы белгілі бір ақпаратты алу және салыстыру процесіне байланысты студенттерге тапсырма берілді.

Тапсырма: Сен қандай бағытта сурет салар едің? Онда қандай идея немесе тақырыпты ашар едің? Өз идеяңды жүзеге асыруға қандай көркемдеуші құралдарды, тәсілдер мен техникаларды қолданар едің? Сенің картинаңды қайда қолдануға болады? Сонымен келесі тапсырмалар орындалды.



Тау бөктері. 40x50 см. Кенеп
Майлы бояу авторы. Шүкірбаева
Гүлмарал



Табиғат көрінісі. 40x50 см Кенеп.
Майлы бояу. Авторы Иласова
Айжан

Сұрақтар қойылады: Сен қай катинаға ерекше назар аудардың? Себебі неде? Сіздің салған суретіңіз қай бағытта салынған. Айтып бер.

1-студент (Шүкірбаева Г). Өнер нысаны - әлемді, адам өмірін және қоршаған ортаны көркем және эстетикалық зерттеу арқылы, өнер туындысының негізінде жеке тұлғалардың тағдыры,

2-студент Г.Иласова: Өнерде адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыстар мен әлеуметтік қатынастарды терең мағынамен, шиеленісті драмамен толтыру процесі артып келеді. Сол себептен өзімнің жаныма жақын 3-суретті таңдап алдым. Біріншіден, майлы бояумен жұмыс жасауды меңгердім,

екіншіден «Көкпар» өткізгеннен басқа да қазақ жерінде, жасыл желекті, сулы кең және шұрайлы жерлерін бейнеледім.

Шығатын қорытынды: студенттер қоршаған ортадағы визуалды элементтерді анықтау, таңдау, қолдану және мәнерлі құралдар арқылы өз идеясы мен сезімін көрсете алады. Визуалды элементтердің мәнерлі құралдар ерекшеліктері арқылы, фотосуреттің де әр түрлі типтері мен жанрларын таниды.

Студенттің жеке қабілеттерін ескере отырып, студенттің күтілетін нәтижелерін олардың жеке қолдауымен тапсырмаларды таңдауда, оқу материалдары мен ресурстарын таңдауда бөлуге болады. (Гарднердің көптілді интеллект теориясы). Уақытты ұтымды пайдалану кезінде дизайндық ойлауды сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1.Саханова Г.Б., Измаханова А.К. Кәсіпкерлікте дизайн-ойлау әдісін қолдану. Вестник университета «Туран». 2019;(4):91-95

2.Узахова А.С., Байбатшаева А.Е. Когнитивтіктерден әрекетке ауысу-білім беруді жаңғырту факторы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі // Халықаралық ғылыми журнал. Алматы. 2019, №12 (3) - Б.110-114.

3. Жақманов М.Қ., т.б. Көркем еңбек оқулығы. Визуалды өнер тарауы. 7 сынып. ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен. Астана, 2017.

ӘӨЖ

ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б-ф.ғ.к., аға оқытушы

Саттарбек Ж.А-1701-11 тобының ІІ курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье исследуются различные инновационные технологии обучения темы фонетика по казахскому языку и целесообразность их использования с целью повышения качества знаний учащихся, развития их интеллектуальных и речевых способностей.

Summary

The article explores various innovative technologies for teaching the topic of phonetics in the Kazakh language and the feasibility of their use in order to improve the quality of students' knowledge, develop their intellectual and speech abilities.

Қазіргі уақытта білім саласында бәсекеге қабілетті, сауатты сөйлеу дағдыларын меңгерген (ауызша және жазбаша), тиімді қарым-қатынас жасау қабілетіне ие, өз сөзімен де, ісімен де оқушыға әсер ете алатын, оны сендіре алатын кәсіби педагог маманға деген сұраныс өте үлкен.

Қазақ тілі – танымдық құндылығы өте жоғары оқу пәні. Жалпы орта мектептерде өтілетін қазақ тілі сабақтарында оқушының ой-өрісі қалыптасады, ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімі артады, тіл арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар ұғынылады. Қазақ тілін еркін меңгерген баланың интеллектуалдық дамуы, барлық басқа оқу пәндерін меңгеруі оңай жүзеге асады. Қазақ тілін мектеп

курсында сапалы оқытудың мақсаты – оқушының білім аясын кеңейтуге, интеллектуалдық дамуының межесін көтеруге ұмтылудан тұрады [1; 12 б.].

Тіл адам өмірінің көптеген салаларымен байланысты, ол оған деген жоғары қажеттілікті және оның жоғары құндылығын объективті түрде анықтайды. Дегенмен, тілге деген субъективті қажеттілік оның әлеуметтік қолданылу аясының шектеулілігінен және оған қызығушылықтың жоқтығынан айтарлықтай азаюы мүмкін. Сондықтан бүгінгі мектептің күрделі мәселелерінің бірі – оқушылардың қазақ тілі сабағына деген қызығушылықтарын көтеру, сол арқылы оқушылардың сауаттылығын қалыптастырып, ойын дұрыс, логикалық түрде жеткізе алуына жағдай жасау. Әсіресе, қазақ тілі ғылымының негізгі салаларын оқушылардың тез меңгеріп кетуіне жан-жақты жағдай жасау білікті педагогтың пәнді оқыту барысында қолданатын жаңашыл әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологияларына байланысты.

Фонетика – тілдің дыбыстық құрылымы мен оның материалдық жағын құрайтын барлық дыбыс құралдарының жиынтығы (дыбыс, дыбыс тіркесімдері, екпін, ырғақ, әуен, интонация, кідіріс) [2; 56 б.].

Фонетикалық дағды – дыбыстарды дұрыс айта білу, қажет жерде екпін қоя білу, барлық интонацияны дұрыс айту [2; 58 б.]. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тілдің бұл саласын оқытудың екі негізгі тәсілі бар. Қазіргі заманғы оқыту әдістері осы екі әдісті біріктіру негізінде құрылған. Біріншісі - артикуляциялық тәсіл. Екіншісі – акустикалық тәсіл. Бұл тәсілдерді меңгеруде де инновациялық технологияларды қолданудың артықшылықтары көп.

Келесі мәселе – қазақ тілі сабағында фонетика саласына қатысты оқу материалын жалпылау және жүйелеу мәселесі. Қолданыстағы оқулықтарда бір фонетиканың үндестік заңы, орфографиялық және орфоэпиялық тақырыптарына қатысты материалдары бөлшектеп оқытылатындықтан, кейде әртүрлі сыныптардың оқулықтарында алшақтап оқытылатындықтан, мектепте фонетика бойынша бағдарламалық материалды оқыту мәселесі ерекше мәнге ие болады. Жалпылау болмаған жағдайда, бұл оқушылардың санасында сол фонетика саласы туралы тұтас, жүйелі идеяны қалыптастыруды қиындатады.

Орфографиялық материалдың дұрыс, сәйкес келмеуі жалпылау мәдениетінің жеткіліксіздігіне әкеледі. Сондықтан орфографияны оқыту жұмысының тиімділігі негізінен оқушылардың санасында оқытылатын материалдың логикалық құрылымы туралы түсінік қалыптастыру әдістерімен анықталады [3; 24 б.]. Осыған байланысты қазақ тілі сабағында оқушылардың тілдік белсенділігін дамытуға ықпал ететін тиімді технологияларды таңдау өзекті болып табылады.

Қазақ тілі сабағында фонетиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың негізгі мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың интеллектуалдық және сөйлеу, жазу қабілеттерін дамыту.

Фонетиканы оқытудың инновациялық әдістемесінің тұжырымдамалық негізі:

1. Фонетиканы инновациялық оқытудың принциптері:

- ✓ тілдік ақпаратты дидактикалық метафорациялау принципі;
- ✓ жүйеде білімді белсенді меңгеру үшін шығармашылық қабілеттерін ашу принципі;

- ✓ рационалдық пен эмоционалдық қатынастың принципі;
- ✓ сабаққа енгізілген мәтіндік материалды таңдау мен бағалауда қызмет ететін коммуникативтік жеткіліктіліктің нақты әдістемелік принципі.

2. Фонетиканы инновациялық оқыту әдістемесі:

- мәселені визуализациялау әдісі;
- лингвистикалық тұспалдау әдісі;
- ассоциативті байланыстарды белсендіру әдісі;

3. Қазақ тілі сабағында фонетиканы инновациялық технологиялар арқылы оқытудың жұмыс әдістері:

- ассоциативті әдіс;
- сұрақ-жауап әдісі;
- дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру әдісі және мәтінді құру кезінде оны есептеу әдісі;
- мәтіннің микротақырыптарын орналастыру схемасын құру әдісі және оны дайын мәтіннен оқшаулау әдісі және т.б. [4; 7 б.].

Инновация ғылымына сүйену қазақ тілі сабағында фонетиканы инновациялық технология деңгейінде оқыту әдістемесін жасауға мүмкіндік береді, ол бір уақытта ұйымдастырушылық, материалды-дидактикалық және құрылымдық деңгейде ізденіс-технологиялық модельдің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Инновациялық технологияның ұйымдастырушылық жағы инновациялық оқыту әдісін жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі, ол оның екі түрі бойынша әрекет етеді:

- ❖ тілдік ақпаратты метафорациялау (дидактикалық ойындар);
- ❖ сөйлеуді инновациялық дамыту (зерттеу сабағы).

Қазақ тілін оқытуда фонетика саласын оқушыларға оңай меңгерту мақсатында инновациялық технологияның бір түрі - дамыта оқыту технологияларын қолданудың тиімділігі үлкен. Фонетикалық мәтін тапсырмаларын талдаумен жұмыс істегенде оқушылардың ассоциативті ойлауын дамытуға көп көңіл бөлген жөн. Сабақта келесі технологиялар сәтті қолданылады:

- ❖ топтық;
- ❖ жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі;
- ❖ білім беруді даралау технологиясы;
- ❖ жобалық технологиялар, бұл зерттеу жобаларында да, сабақтан тыс жұмыстарда да (сценарийлерді әзірлеу және осы сценарийлер бойынша іс-шараларды өткізу) жобалық технологияларды белсенді қолдануды қамтиды [5; 21 б.].

Кең тараған инновациялық технологиялардың бірі модульдік оқыту болып табылады, онда проблемалық және тұлғалық-индивидуалдық әдіс қолданылады. Модульдік технология оқытудың икемділігін, жеке тұлғаның жеке қажеттіліктеріне, оның дайындық деңгейіне бейімделуін қамтамасыз етеді [6; 14 б.]. Мәселен, қазақ тілі сабақтарында фонетиканы оқыту барысында сөйлеу әрекетінің 4 түрі қолданылады: тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім.

Фонетика тақырыбын ашуда белсенді әдістер мен тәсілдер қолданылады. Әрбір модульдің соңында бақылау орындалады, яғни әр оқушының фонетика тақырыбы бойынша сабақ материалын қандай деңгейде меңгергенін көрсететін диагностика жасалады.

Оқушыға бағдарланған оқыту технологиясы бойынша қазақ тілі сабағында фонетика тақырыбын меңгерту сабағы жеке тұлғаның шығармашылығына жағдай жасау арқылы жүргізіледі. Бұл өз кезегінде оқушылардың өзін-өзі ашуына, өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі.

Фонетика тақырыбын оқытуда инновациялық технологияларды қолдану:

- балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады және тереңдетеді;
- оқушылардың өз бетінше танымдық іс-әрекеті (оқуға бастау, ізденімпаздығын дамыту, ой-өрісін кеңейту), сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- оқушыларға фонетикаға қатысты үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, зерттеу дағдыларын (мәселені көру және оны шешу жолдарын көрсету), коммуникативті дағдыларды (топпен жұмыс) алуға көмектеседі [7; 2 б.].

Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту нәтижесінде оқушылардың ой белсенділігі артады, оқушылар қазақ тілінде білім, білік, дағдыларды меңгереді. Қазіргі оқушы ақпараттың алуан түрін пайдалана білуі, қоғамда әлеуметтенуі қажет. Сондықтан инновациялық технологияларды қолдану бүгінгі таңда өзекті болып табылады, өйткені көптеген адамдар үшін ақпараттық кеңістік қолжетімді, қызықты және пайдалы. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, мұғалім оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыруға және тереңдетуге мүмкіндік алады, ал өз кезегінде қарапайым жалпы білім беретін мектеп оқушысы оқуды ынталандыратын инновациялық жағдайларда жұмыс істей алады.

Сонымен, қазақ тілі сабағында фонетиканы оқытуда қолданылатын инновациялық технологияның ұйымдастырушылық жағы инновациялық оқыту әдісі, дидактикалық ойындар әдісі және зерттеу әдісі сынды ұғымдарды қамтиды. Фонетиканы оқыту оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді әрі қызықты болуы үшін мұғалім қазақ тілінің фонетикасынан жоғары теориялық білімге ие болуы, оқушылардың қателерінің пайда болуын алдын ала болжай алуы, оқыту технологияларын оқытудың мақсатына қарай түрлендіре білуі қажет.

Жалпы, қазақ тілі сабағын оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар оқушыны оқу іс-әрекетінің субъектісіне, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылатын тұлғаға айналдырады. Олай болса, қазақ тілін оқытуда, оның ішінде қазақ тілінің маңызды әрі күрделі саласы – фонетиканы оқытудың заманауи технологияларын қолдану білім сапасын арттыруға, оқушылардың сабақтағы тиімділігіне, оқушылардың пән тақырыбына деген тұрақты қызығушылығын арттыруға әсер ететін оқыту әдістерінің кең спектрін қолдануды көздейді деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы: Қазақ университеті, 1993. -160 б.
2. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі А.Әбілқаев. - Алматы. Санат. –1984. –235 б.
3. Амандыкова Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2007. 103-105 б.
4. Амиргалина Н. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы: Білім. № 4, 2009. 17-19 б.
5. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану - Алматы: Білім. № 5, 2006. 22-24 б.
6. Такишева Г. Модульдік оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі. Алматы: Білім. № 4, 2009.
7. <https://kabdolov.kz/aza-sha-sayra/o-u-ma-alalary-uchebnye-stati/innovatsionnye-metody-izucheniya-kazakhskogo-yazyka-v-russkoyazy>

ӘОЖ 930.221.(574) «15 в/1917»

САЙРАМДАҒЫ ИШАНДАРДЫҢ КЕҢЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТІ

Б.С.Айтай

ОҚМПУ дiң «Әлем тарихы және
дiнтану» кафедрасының аға оқытушысы,
Т.ғ.к., Шымкент қ.

Резюме

В статье рассматривается процесс уничтожения Советской властью один из социальных слоев - духовенства-ишанов в Южном Казахстане 30-е годы прошлого века. В данной статье изучаются некоторые источники по архивным документам.

Summary

The article examines the process of destruction by the Soviet government of one of the social strata - the Ishan clergy in Southern Kazakhstan in the 30s of the last century. This article examines some sources on archival documents.

Кеңес өкіметінің мұсылман діндарларымен қатынасы өте күрделі болды. Әсіресе, 1920-1930 жылдары ол ашық дұшпандық сипатқа көшкен екен. Ғасырлар бойына ұстануы жалғасып келген дініміз исламның соңғы насихатшылары, қорғаушылары болған ишандар осы кезеңде құғындалды. Бұлар, ислам әлемі мойындаған «әһли сунна жамағатының» өкілдері саналды. Олар Ясауия ілімін де насихаттаған ишандар болатын.

В.В.Бартольд ишандар туралы өз зерттеуінде, “олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау “шеих, пір, ұстаз” мағынасында қолданылған” деп анықтама берді[1]. Ишандар ХХ ғасырдың басына дейін Орталық Азиядағы әсіресе, отырықшы халықтардың арасында әлеуметтік-мәдени және ағарту ісінде елеулі орын алған қызметтік-дәреже екенін тарихтан көруге болады. Оларды халық құран, араб тілі және ахлақ-моральдан зор білімі бар ұстаздар деп қабылдады. Ишандардың генеалогиялық шығу тегін шежіреде қожадан, әулиеден, ақсүйектерден таратып көрсетеді. «Ишан», “ишон”, “эш-он”, “эшан” деп аталған құрметті дін иелеріне берілген титул болды.

Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің «Искандер» баспасынан 2009 жылы

22,3 баспа табақпен «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 годов» [2] деген атпен жарық көрген еңбегінде мұсылман дінінің көрнекті өкілдерін құғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаменті мұрағатынан алған құпия құжаттарын жариялайды. Еңбектегі «Ишандар ісі» деп аталатын төртінші бөлімдегі деректік құжаттар ерекше назарды өзіне аудартады. Онда, Аппақ Мақсұм ишан Сейдахметұлы (1864-1931 жж. өмір сүрген) туралы жаңа деректер келтіреді. М.Қойгелдиев Ақ ишан және Аппақ ишан деген атпен жүрген сол кезде Оңтүстік Қазақстан өңірінде екі кісі болғандығын айтады [2,194-б]. Ақ ишан - Абдул Уахит деген ишан, Қоқан қаласының тумасы, ұлты өзбек, 1922-1929 жылдары Түркістан қаласында тұрған. Ұстаздық етумен айналысқан. 1929 жылы Мекке тарапына көшіп кетіпті. Ал Аппақ Мақсұм ишан Сейдахметұлы Шаяннан шыққан белгілі ишан. Оған Аппақ сөзінің таңылуы сол дәуірдегі таным бойынша «таза», «әулие» мағынасын білдірген. Әрқандай ишан мұндай атқа лайық бола бермейді екен. 1870 жылдары Аппақ ишанның әкесі Сейдахмет Шаянда мешіт салдырған. Ол мешіттің жанында медресесі де болған. Онда ХІХ ғасырдың соңы мен 1927 жылға дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген мыңдаған шәкірттер тәлім алыпты. Аппақ ишан медресесінің даңқы бүкіл Түркістан өңіріне тарайды.

1930 жылы 11 шілдеде Шымкент қаласында ишандарға қатысты қаулы шығады. Қаулыда Аппақ ишан Махдиев, Сейдахметұлы Сабыр, Сейдах-метұлы Аппақ Мақсұм және Сейдахметұлы Бахабуллаға №№ 58-10 статьяның екі бабымен: «Контрреволюциялық үгіт және діни жаугершілік жасады» деп айыпталды [2,201 б]. Олар айыптау хаттамасына «өзімізді кінәлі деп есептемейміз» деп қол қойған екен.

Тақырыпқа қатысты ең басты мәселе сол қасіретті жылдарда құғын-сүргінге ұшырағандарды, шетелге ауа көшкендерді миллиондап көрсетіп, оқул-ыққа енгіздік те олардың толық аты-жөндері әлі күнге дейін белгілі емес. Оларды анықтау ісімен бірнеше қоғамдық және ғылыми-зерттеу институт-тары, архивтер айналысып жатса да құғындалдардың санын сол оқулықтарда жиі қайталана беретін санға жеткізу тіпті мүмкін болмай отыр. Осы мәселенің нәтижелі шешімін табуы үшін 2020 жылғы 24 қарашадағы Ел Президентінің қаулысын жүзеге асыру бойынша «Саяси құғын - сүргін құрбандарын ақтау-ды толық аяқтау жөніндегі Шымкент қаласы бойынша жұмысшы тобы» құр-ылды [3]. Жұмысшы тобы қолданыстағы заңнамада қамтылмаған құрбандар санаттары немесе заңнамада аталған, бірақ іс жүзінде ақталмаған құрбандар санаттары бар құғындалғандарды анықтау жұмысымен Ішкі істер Департа-ментінің архиві, Түркістан облысының қоғамдық - саяси тарих мем-лекеттік архиві және Түркістан облысы мемлекеттік архивінде (ары қарай-ТОМА) осы жылдың наурыз айынан бері жұмыс жасауда. Мен ТОМА дағы 1928-1931 жылдар аралығындағы «Шымкент қалалық прокуратурасының құжаттары» деп аталған №620 Қорды [4] және «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылаудағы істер» деп аталатын №168 Қорды [5], «Сайрам ауданы халық сотының материалдары» атты №505 Қорды [6] қарастыру-дамын. Сайрам ауданындағы колхоздар құрылысының қалай жүзеге

асқаны туралы архив материалдарымен таныса отырып қазақ байларын тәркілеу барысында олардың қатарына имам-ишандарды қосып жібергеніне көз жеткізіп отырмын. Және олардың көздерін құрту саясаты сол кездегі тотали-тарлық жүйенің басты мақсатының бірі болған екен. «Контрреволюциялық элемент» саналған ишандарды құртпайынша социа-листiк жаңа қоғам құру қиын деген теріс көзқарастағы принциппен таптық күресті қатаң іске асырып баққан. Оған 1929 жылдың 13 тамызында БК(б)П ОК нің барлық окружком-дары мен ауданкомитеттеріне «Колхоздарды кулактар мен байлардан тазарту туралы»[4,74 іс] хаты дәлел бола алады.

Негізінен ишандар қожалар тегінен болған екен. Олар имамдар және бүкіл дін қызметкерлерінің басы-қасында болыпты. Атап айтқанда, қожа-кәлән – дінбасыларының қызметін бақылап отыратын ең жоғарғы діни лауазымды иеленуші “ұлы қожа” атанған біреу болған. Ал ишан-сүдірлер – бас ишандар-дың бірі, ишан-накиб – нақшбандия тариқаты бауырластығының басшысы болды. Бұл аталған қызметтердің барлығында да Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима мен Әзіреті Әліден өрбіген ұрпақтар деп уағыздалатын қожа-лар отырған екен. Сонымен қатар, ишандардың қызметіне мешіт салуға, мед-ресе ашуға үндеу жасау, ұйымдастыру да кірді. Себебі, олардың үндеу, шақ-ыруларына халық құлақ асты. Ауыл аралап, олар өздерін толғандыратын мәселелер мен дін - шарифат туралы айтып, иманға шақырып уағыз айтып жүрген. Ишан келген кезде ауыл адамдарының өз қалауларымен тарту ететін сыйлықтарымен бірге мал сойылып, ең жақсы құрметке ие болған екен. Орта Азия тарихындағы ишандар институты атақ пен байлық үшін емес, бұқара халық ішінде ықпалы күшті беделі болғандықтан зор құрметке ие болып отырған. Ең басты қызметі ишанның шәкір оқыту болатын. Баласы ауру болғандар да ишанның алдына барып отырғандығы туралы мәліметтер бар. Мысалы келтірсек, Сайрам ауданының прокуроры Ибрагимовтің Қазақ АССР ның прокурорына жазған құпия хатында бұрынғы бай, панисламист ишан Зулқарнаев Маткеримнің 58-8 бабымен айыпталып жатқанын көрсетеді. Оның аса қауіпті контрреволюциялық элемент екенін айта келе «ол мақта жиын терімі кезінде жұртшылық арасында кеңес жүйесіне қарсы үгіт жұмыстарын жүргізіп, мақта науқанының нәтижелі аяқталуына кедергі келтірді» [5] дейді. Оған Республика бас прокуратурасынан жауап хатында Зулқарнаев Маткеримге контрреволюциялық жұмыстары үшін діндарларға ең жоғары жаза, атуға ұсыныс білдіріп жазуға кеңес береді.

Қарабұлақ ауылы бойынша бай- кулактардың кәмпескеге ілінген 58 бай-лар мен ишандардың аты- жөндері табылып отыр. Оларға салынған астық салығы 13200 пұт болған. Ярғанлиқ қышлағында да орташа және жоғары бай кулактардың саны 17, олардың аты жөндері мен салынған салық мөлшері де белгілі[5,46п]. Ал Қарамұрт Қақпа қышлағындағы сайлауға құқықсыздардың төмендегі (*№1 қосымшада*) тізімінен байлармен қатар ишан-имамдардың аттары да көптеп аталған [5,11п]. Бұл мәліметтер Сайрам аудандық прокуратура-тура (*№ 168 Қор*) тарапынан жүргізілген істерде көбірек көрініс берген. Әсіресе, колхоз құрылысына қарсылықтарды аталған аудандағы ишандардың әрекетінен көруге болады.

Қорыта айтсақ, осы ишандармен қатар байлар- кулактар ауылды асыраған, ауылдың тыныштығы мен берекесін сақтаған қайраткерлер болғандығына көз жеткізіп отырмын. Олардың құғынға ұшырап, яғни күштеп колхоздас-тыруға ұшыруының себебі, яғни бар кінәсі ауқатты-бай болғаны еді. Тотал-итарлық жүйе социалистік қоғамға жат элемент саналған байларды, діндар-ларды құртпайынша жаңа қоғам құру қиын деген теріс көзқарастағы принц-иппен таптық күресті қатаң іске асырып баққан.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың «...заңсыз қудалау құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмысын толық аяқтауды" [3] тапсыруына байланысты осы кісілерді саяси ақтауға ұсыну заман талабы.

№1 қосымша

Қарамұрт Қақпа қышлағындағы сайлауға құқықсыздардың тізімі

№	Өзінің, әкесінің аты	Барлық жаны	Қайда тұрады	Қашан хақысыз болған	Не себептен хақысыз болған
1	Ташметбай Салымсатұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
2	Ахметжан Момынжанұлы	13	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак болыс
3	Әбдіқадір Әбдірайымұлы	12	Қоқан	1929 ж	Дамолла
4	Төленті Ахметназарұлы	2	Өлген	1929 ж	Дамолла
5	Құлатқожа Байсақожаұлы	6	Ташкент	1929 ж	Дамолла
6	Жалал Нұрметұлы	5	Ташкент	1929 ж	Дамолла
7	Низамхан Камалханұлы	4	Ташкент	1929 ж	Дамолла
8	Құруанбек Әлімұлы	4	Шымкент	1929 ж	Дамолла
9	Камалхан Әбділжанұлы	4	Ташкент	1929 ж	Дамолла
10	Тойшы Момынбайұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай, дамолла
11	Шыман Райымжанұлы	2	Шымкент	1929 ж	Бай, дамолла
12	Әбділлақары Әбдімәуленұлы	2	Ташкент	1929 ж	Бай, дамолла
13	Зәдбіз Буханұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бақал
14	Қажыбек Әзизбекұлы	5	Шымкент	1929 ж	Бақал
15	Атабаба Құланбабаұлы	6	Шымкент	1929 ж	Қасап
16	Жалал Жамалбекұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бақал
17	Ұлман Рыскүлұлы	3	Шымкент	1930 ж	Бақал
18	Мерез Шерметұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бақал
19	Меруипхан Мірғанұлы	6	Ташкент	1929 ж	Дамолла
20	Меллаған Мүсейұлы	4	Ташкент	1930 ж	Дамолла, дауагер
21	Мықман Мәуленұлы	8	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
22	Аманжан Еркімжанұлы	9	????????	1931 ж	Бай-кулак

23	Нияз Қауиылұлы	5	??????	1930 ж	Бай-кулак
24	Әбдірахман Есенұлы	7	Тұтқында	1930 ж	Бай-кулак
25	Кемелбек Әзизбекұлы	6	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
26	Моллакамал Қасымұлы	7	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
27	Ғұлам Момынжанұлы	10	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
28	Өмерхан Әбдірайымұлы	10	Ташкент	1929 ж	Дамолла, ишан
29	Қаралхан Өмерханұлы	4	Ташкент	1930 ж	Дамолла, ишан
30	Бухарауай Бұқабайұлы	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
31	Бекболат Дауранұлы	6	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
32	Дауран Райымұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
33	Мерез Мынауайұлы	5	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
34	Төлен Сәтұлы	6	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
35	Сүйеркүл имам	5	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
36	Анарбай Әзербек	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
37	Садық Кәмілұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
38	Құруанбек Байнашұлы	5	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
39	Бабан Анарбайұлы	6	Қарамұрт	1930 ж	Бай-кулак
40	Сүлейман Анарбайұлы	9	Қарамұрт	1930 ж	Бай-кулак
41	Момын Болатбайұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
42	Тәшейда Даулетұлы	4	???????	1929 ж	Бай-кулак
43	Ғани Момынжанұлы	3	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
44	Акрам Әбдіқадірұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
45	Шанқожа Артыққожаұлы	5	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
46	Олжа Момынжаұлы	3	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
47	Ешматбай Салымсақұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
48	Тоңматбай Сәуайұлы	7	Тұтқында	1929 ж	Бай-кулак
49	Құдайберген Мәулән	5	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
50	Жақаш Мәулән	4	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
51	Сұлтан Әметхан	5	Ташкент	1929 ж	Дамолла
52	Айтшон Құнназар	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак, шұнақ
53	Исамат Құнназар	4	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
54	Әбдіғани Мұхаметқұл	3	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
55	Әзім Мәуләнұлы	4	???????	1929 ж	Бай-кулак
56	Тойшы Ырсыметұлы	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
57	Әметхан Әкірамжан	6	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
58	Юлдаш	6	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
59	Сүлейман	4	Қарамұрт	1929 ж	Бай-кулак
60	Шәркім Қайыпұлы	5	Қарамұрт	1929 ж	Бай-кулак
61	Әбдірахман Қолатұлы	5	Ташкент	1931 ж	Ишан
62	Бува Маннатұлы	5	Ташкент	1929 ж	Бақал, ишан
63	Қақхол Арайұлы	5	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
64	Құрбанқол Анарұлы	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
65	Сопы Анарұлы	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак

Ескерту. Ташкент деп көрсетілгені қашқан қаласы.

Әдебиеттер

1 В.В.Бартольд «Халиф және султан». ТШЖ ның 12 томдық 3 том. 124-136 бб. орысша. Алматы. 1996.

2 Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессий в Казахстане 1920-1940 –х годов., Алматы.-2009-448 с.

3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы. / Егемен Қазақстан газеті. 21 қараша, 2020 ж.

4 Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (*ары қарай-ТОМА*).- №620 Қор -«Шымкент қалалық прокуратурасының құжаттары. 74 іс.

5 ТОМА.-168 Қор. - «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылауындағы істер», 1-Тізбе, 3 бума, 76 іс. 46 п. тағы тізім-10, бума-4, іс-263.11-бет.

6 ТОМА- № 505 қор – «Сайрам ауданы сотының материалдары», 1-тізбе, 1 бума, 13-іс.1931 қаңтар - ақпан. Бума-4, іс-77., 24 іс.

ӘОЖ 375.5.016.02:04

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ФОРМАЛАРЫ

Одаманова Г.П., Кулжатаева К.М., Султан С.Ө.

Магистр-оқытушылар

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрена о развитии творческой активности учащихся в комплексном обучении с использованием интерактивных технологий и возможностей современного электронного образования.

Summary

The article deals with the development of creative activity of students in complex education by using interactive technologies and the possibilities of modern electronic education.

Қазіргі таңдағы заманауи білім беру саласындағы педагогикалық технологиялардың даму бағыттарының негізі оқу тәрбие үрдісін электрондық құралдармен жабдықтау болып табылады. Педагогикалық теория және практикасында компьютерді оқытудың техникалық құралы ретінде пайдалануға үлкен назар аударылатыны анық. Компьютерді қолдану әдістемелік және психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда кең ауқымды қызмет саласын құрады. Компьютердің үлкен мәтіндік, математикалық, графикалық, аналитикалық мүмкіндіктері пайдаланушыларға (оқытушы мен білім алушыларға) арналған кешенді оқыту орталарын құруға мүмкіндік береді, осылайша бұл педагогикалық қызметті жеңілдетеді және оның тиімділігін арттырады. Қазіргі таңда барлық білім беру орталарында тиісті компьютерлік сыныптар, орталықтар бар, олар барлық компьютерлік кешенді оқытуды – қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді жасауды және қазіргі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұтымды пайдалануды талап етеді.

Білім беру мазмұнын тұтастай бір құрылым ретінде қарастыру оқу-тәрбие үрдісін кешенді ұйымдастырудың, оқытудың әртүрлі формаларының табиғи бірлігін, дәрістердің, семинарлар, лабораториялық және практикалық сабақтардың өзара байланысын, оқу сабақтары мен педагогикалық іс-тәжірибені үйлестіреді.

Білім беру мен педагогикадағы оқу-тәрбие үдерісін ұдайынландыруды жүйелеу, яғни салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде мәселелерді тиімдірек шешу қажеттілігі қазіргі таңда оқу материалдарының қажетсіз қайталануын жою, білім берудегі сабақтардың әртүрлі формаларының мақсатқа сәйкес арақатынасын орнатуды және білім берудегі формализмді жоюды қажет етеді.

Төменде білім беру мазмұнының нұсқалық дидактикалық үлгілеріне тән білім беруді ұйымдастырудың күрделі формалары берілген.

Білім беру мазмұнының құрылымдау үшін дәстүрлі жолмен қолданылатын білім берудің кешенді түрі лекция (дәріс), семинар, практикалық және зертханалық сабақтар педагогикалық іс-тәжірибенің жиынтығы болып табылады. Бұл жағдайда дәріс, семинар, практикалық және зертханалық сабақтар барасында педагогиканы білім берудің циклдік жүйесі құрастырылады және академиялық сабақтар мен педагогикалық іс-тәжірибе арасындағы органикалық байланысқа да қол жеткізуге болады. Педагогикалық білім беруді осылайша ұйымдастырумен теория алда және одан әрі білім алушылардың іс-тәжірибелік жұмыстарын сүйемелдеуде, әрбір мәселені зерттеу білім беру үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі қалыптарын қолдану арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады. Мысалы, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінде белгілі бір тақыпы лекция сабағында теориялық түрде жан жақты талқыланып айтылса, ал зертханалық сабақ барысында сол тақырыпта қарастырылатын мәселе, тапсырмалар компьютер арқылы іс-тәжірибеде қолданып, нәтиже алу арқылы алынған теориялық білімді толықтырады.

Семинарлық және практикалық сабақтарда білім алушылар лекцияда (дәріс) алған теориялық білімдерін бекітеді, жеке тұлғаның дамуының, тәрбиесінің және білім алуының негізгі көрсеткіштерін анықтаудың нақты жолдарын және құралдарын, қарастырады, талдайды, дамудың, тәрбие мен білім берудің басты көрсеткіштерін қалыптастыруда оқытушының қадағалауынан тыс тәрбие жұмыстарының пәндік мүмкіндіктерін талдайды. Осыған орай тәрбие және білім беру диагностикасының әдістемесі қалыптасқан.

Білім беру орталарындағы зертханалық, практикалық және семинар сабақтарында белгілі бір білім алушының білімі және дағдылық күзіреттілік деңгейінің диагностикасы ұйымдастырылады. Іргелі (фундаменталды) педагогикалық мәселелерді кезең-кезеңімен нақтылау, бір жағынан педагогикалық теорияны шығармашылық тұрғыдан түсінуге, педагогикалық білімді тереңірек игеруге, ал екінші жағынан, игерілген білімдерін іс жүзінде қолдана білуді қалыптастыруға ықпал етеді[1].

Игерілген білімді практикада қолданудың күрделілігі педагогикалық шындықтың әртүрлі болуында және білім алушыларға білім алудың нақты жағдайларында педагогикалық заңдылықтардың жалпы көрінісін көру қиынға соғады. Сондықтан да педагогикалық теорияны практикалық іс-әрекет құралына айналдыру үшін кешенді білім берудің маңызы үлкен. Кешенді педагогикалық білім беру дегеніміз - білім алушылардың педагогикалық дағдыларын игеруге, педагогикалық қабілеттерін дамытуға, қорытынды және ішінара бақылау

кезеңдерін құруға арналған жаттығулар жүйесі. Осыған қатысты барлық жаттығуларды шартты түрде 4 топқа бөлуге болады[2].

1. Білім алушының ойлауын, шығарылған шешімдердің дәлелдерінің логикасын қалыптастыратын жаттығулар.

2. Білім алушының шығармашылық ойлауын қалыптастыратын жаттығулар.

3. Білім алушылардың назарын бір аймаққа аудару және шоғырландыру қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар.

4. Білім алушының байқампаздығын дамытуға арналған жаттығулар.

В результате достижения самостоятельной реализации этих навыков у студентов можно добиться высокого рейтинга нашей республики в международных образовательных программах, которые планируется проводить в будущем.

На начальном этапе формирования компетенций на основе требований международных образовательных программ важно сформировать положительную мотивацию к обучению в виде формы компетенций в виде формы требований международных образовательных программ.

Для устранения проблем, выделенных выше, рекомендуется выполнить следующие задачи:

формирование профессионально-педагогической компетентности студентов на основе требований международных образовательных программ, анализ вопроса использования современных технологий обучения на основе международных стандартов, определение принципов достижения эффективности обучения за счет их использования;

сравнение значимости форм и методов, направленных на использование этих технологий в повышении эффективности обучения, разработке и внедрении в практику различных методических рекомендаций, формирующих способность студентов к самостоятельной работе;

разработка научно-методических рекомендаций, учебных разработок на основе минимальных требований к формированию знаний и умений студентов по каждой теме и требований международных образовательных программ;

определение эффективных средств, формирующих профессиональные и педагогические компетенции у студентов;

создание методических условий, являющихся фактором использования предлагаемых учебных материалов для подготовки международных образовательных программ в учебной и внеаудиторной работе, внедрение в практику различных форм, методов, инструментария с педагогической целью их использования;

реализация образовательных, развивающих и воспитательных задач по формированию профессионально-педагогических компетенций, которые считаются основой международных образовательных программ, без взаимосвязи и т.д.

Важно протестировать предмет каждого из занятий, рекомендованных в соответствии с международными образовательными программами, на соответствие учебному плану, изучить выводы о соответствии возраста учащихся, степени и качественном показателе их усвоения, трудностях в освоении темы и их устранении.

При формировании профессионально-педагогических компетенций у студентов это означает, что целесообразно положительно решать следующие педагогические задачи:

изучение возраста, психологических особенностей, интересов и того, какими способностями обладают учащиеся,

определить степень сформированности у них профессионально-педагогических компетенций на основе требований международных образовательных программ, а также изучить объективные и субъективные факторы, позволяющие;

сосредоточиться на обеспечении организации занятий, а также их организации на основе проекта, основанного на конкретной цели, самостоятельной деятельности учащихся в процессе,

для достижения результативности деятельности каждого; изучать и анализировать уровень сформированности когнитивной компетентности у учащихся с помощью эффективных методов контроля.

При реализации этих задач совершенствуются современные методы обучения, достигается повышение качества образования, что является главной целью международных образовательных программ.

Организация самостоятельного обучения является важным процессом в формировании профессионально-педагогических компетенций студентов на основе требований международной образовательной программы.

Активизация процесса самостоятельного образования, стремление к самостоятельному образованию у учащихся, обучение самостоятельному чтению информации по теме, формирование навыков и умений получать самостоятельное образование - это проповедь для обеспечения качества и эффективности образования, независимого образования:

- проявлять личностные, профессиональные, индивидуальные и возрастные особенности учащихся;

к формированию знаний, навыков и умений;

планировать свои знания по преподаваемым предметам;

уметь систематизировать знания, полученные в аудитории и вне аудитории, а также сознательно использовать их для контроля общения; станет основой для развития творческих способностей.

Самостоятельная работа - это такая познавательная учебная деятельность, в которой последовательность мышления студента, его мыслительные и практические действия зависят от самого студента и определяются им самим.

Процесс самостоятельной работы - студент может самостоятельно организовать свое свободное время осмысленным и эффективным образом, а также самоконтроль, беспристрастную оценку.

В процессе самостоятельной работы студент может добиться дальнейшего обогащения своих знаний, исходя из своих интересов. Поэтому считается важным начинать самостоятельную работу со студентов университета.

В процессе самостоятельной работы студент планирует, регулирует, реализует свое свободное время, сравнивает результаты, самооценивает и контролирует их.

Именно на этих принципах развивается профессиональная и педагогическая компетентность студента.

Литературы:

1.Воровщиков, С.Г. Внутришкольная система учебно-методического сопровождения развития учебно-познавательной компетентности учащихся [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2011/0627-10.htm>, свободный.

2.Галиев Т.Т. Системный подход интенсификации учебного процесса. Дисс.докт. пед. наук. - Караганда, 2002. -150 с.

3.Зеер, Э.Ф. Ключевые компетенции, определяющие качество образования / Э.Ф. Зеер // Образование в Уральском регионе: научные основы развития: тез. докл. II науч.-практ. конф. - Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.- пед. ун-та. - 2002. - Ч.2. - С. 23 - 25.

4.Хуторской, А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-образовательной парадигмы образования [Текст] / А.В. Хуторской // Народное образование. - 2003. - № 5.- С. 58-64.

5.Якиманская, И.С. Компетентностный подход в образовании: проблемы и пути модернизации [Текст] / С.С. Чернова. - Новосибирск: СИБПРИНТ, 2013.- 159с.

УДК 373.2

РОЛЬ ЗАНИМАТЕЛЬНОЙ МАТЕМАТИКИ В РАЗВИТИИ ЛОГИКИ И МЫШЛЕНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ

Фазылова Н.В. - студент 4 курса, специальность Педагогика дошкольного воспитания и обучения, факультет Истории и педагогики

Баймусаева Б. Ш. – к. ф. н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент,
Казахстан

Түйін

Мақала авторы қазіргі мектеп жасына дейінгі баланы өткен жасындағы құрдастарымен салыстырғанда эрудитті және жоғары білімді өсіп келе жатқан тұлға ретінде тани отырып, мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлауын арттыру мен дамытуда математиканың маңызды ролін атап көрсетеді. Басылым ойын-сауық математикасы туралы, оның тапсырмалары мен жаттығулары мектеп жасына дейінгі баланың логикасы

мен ойлауын жаттықтыруға арналған. Автор мектепке дейінгі мекемеде балалар әрқашан үлкен қуанышпен қабылдайтын ойын-сауық жаттығуларын қолданудың жеке тәжірибесімен бөліседі.

Summary:

Recognizing the modern preschooler as an erudite and highly educated growing personality in comparison with her peers of the past century, the author of the article emphasizes the significant role of mathematics in boosting and developing logical thinking in a preschool child. The publication is about entertaining mathematics, the tasks, tasks and exercises of which are designed to train the logic and thinking of a preschooler. The author shares his personal experience of using entertaining exercises, which are always perceived by children with great pleasure, in the classroom in a preschool organization.

Дошкольник XXI века – весьма противоречивая и неоднозначная растущая личность. Несомненно, нынешние дети на порядок эрудированнее, образованнее и, как сегодня принято говорить, более «продвинутые», нежели их сверстники конца прошлого столетия. Дошкольникам тех времён не были известны смартфоны, различные гаджеты, умные часы и другие достижения века нынешнего.

Цифровые технологии, которые прочно вошли в жизнь дошкольника, с одной стороны, обладают колоссальным потенциалом для расширения охвата образованием и воспитанием, повышения его качества, формированием логического мышления. С другой, они нередко переносят процесс социализации дошкольника, его духовно-нравственное развитие из реального пространства в пространство виртуальное.

Нынешний дошкольник всё чаще общению со сверстниками предпочитает компьютерные игры, мультфильмы и даже знакомства в социальных сетях. Педагог должен помнить, что его внимание и профессионализм постоянно необходимы малышу, пусть тот и не понимает этого и даже отвергает. К сожалению, проблемы в сфере воспитания и образования нельзя устранить одними лишь новыми технологиями.

Как пишет Л.И.Лесик, для оптимизации обучения и воспитания детей необходимо, чтобы цифровые средства применялись в условиях наличия качественно подготовленных педагогов, грамотно мотивированных воспитанников ДОО, хорошо продуманной педагогической системы и соответствующих методик образовательно-воспитательного процесса в детском саду [1, с.428].

Как известно, значимую роль в умственном воспитании и в развитии интеллекта дошкольника играет математика. В ней заложены бесконечные возможности для развития логического мышления детей с самого раннего возраста. Чтобы помочь детям развивать логическое мышление следует прибегать к развивающим играм, занимательным упражнениям и на занятиях в ДОО, и в свободное время, в паузы детского отдыха.

Они интересны дошкольникам, эмоционально захватывают их. А сам процесс решения, активный поиска ответа, основанный на интересе к задаче, невозможен без деятельной работы мысли, без обращения к логике.

В ходе подобных игр и упражнений с увлекательным математическим материалом дети овладевают умением вести поиск решения самостоятельно, коллективно или небольшими группами. Использование игровых приёмов и методов, их последовательность и взаимосвязь способствуют в решении проблемы формирования у дошкольников навыков логики, активизации процессов мышления.

Занимательная математика, её увлекательные задачи служат одним из дидактических средств, содействующих развитию у детей математических представлений. Как показывает практика, дошкольники могут, не отвлекаясь, подолгу упражняться в преобразовании фигур, перекладывать палочки и предметы по образцу, предложенного воспитателем, собственному замыслу.

В процессе таких занятий формируются значимые качества личности малыша: усидчивость, самостоятельность, наблюдательность, находчивость, сообразительность. Развиваются мыслительные и конструктивные умения.

Занимательный математический материал настолько разнообразен, что его можно классифицировать по разным признакам: по содержанию и значению, характеру мыслительных операций, а также по признаку общности.

Обозначенный нами выше материал можно также систематизировать, выделив в нем условно три основные группы: развлечения, математические игры и задачи, развивающие игры и упражнения.

В ходе занятий следует использовать нетрадиционные методы и приемы с целью повышения интереса детей (а именно - загадки, считалки, стихи, сказки, задачи-шутки), что способствует быстрому включению детей в активный познавательный процесс.

В начале занятия в качестве разминки целесообразно провести игры: «Считай дальше», «Назови соседей числа», «Какое число пропущено?», «О каком числе я говорю?», «Скажи наоборот», «Разложи картинки по порядку», «Что сначала, что потом?», и т. д.

В процессе занятия будет не лишним предложить детям игры «Найди ошибку», «Какая фигура следующая?», «Какая фигура здесь лишняя и почему?», «Составь картинку», «Сколько здесь спряталось квадратов?», «Впиши число», «Придумай задачи по картинкам» и другие.

Обязательно следует учитывать индивидуальные способности детей, уровень их развития. Если дети быстро и легко справляются с заданиями, им предлагаются более сложные упражнения. К примеру, «Логические задачи на поиск недостающих в ряду фигур», или решение задач на «Нахождение признаков отличия одной группы фигур от другой», «Найди спрятавшиеся цифры», «Сколько груш лежит на столе», «Где, чьи следы?» [2].

В качестве паузы детям предлагаются конструктивные игры из счетных палочек, объявляется задание (можно индивидуальное): «Выложи любимого животного, транспорт, посуду, мебель». Далее - нарисуй, что у тебя получилось, придумай и загадай загадку и т. д.

Нынешняя развитость детей, их перенасыщенность всевозможной доступной информацией не позволяют педагогу расслабляться, он должен

находиться в постоянном тонусе, придумывать для детей новые задачи, составлять ранее им не известные упражнения. В ином случае ребёнок потеряет интерес к обучению со всеми самыми негативными вытекающими отсюда последствиями. Темы занятия, задачи и упражнения ни в коем случае не должны повторяться (только в качестве закрепления изученного материала). Если вчера детям предлагалось найти спрятавшуюся цифру, то сегодня они должны заняться нахождением спрятанных на рисунке треугольников. Заметим, что дидактический материал обязательно должен быть красочным, ярким, интересным детям.

Нельзя забывать и о вопросах, заставляющих малышей обращаться к логике. К примеру: «Что будет, если я передвину карточку вот сюда?», «Как ещё, каким образом можно найти решение этой задачи?», «А если ты сделаешь наоборот, что получится?» [3]

В этих случаях педагогу нужно применять главный и основной принцип – чтобы дошкольник уже начал отчетливо понимать, что в нашем мире всегда есть как причина, так и следствие. «Если разложить все фигуры в правильном порядке, решить задачу будет легче». «Если вы в группе сможете найти общий язык и подружиться, то выполните задание быстрее ваших соперников».

Для поддержания у детей интереса к математическим задачам и упражнениям весьма продуктивно проводить тематические занятия. К примеру, «Экскурсия в страну цифр и геометрических фигур», «Дивное путешествие в долину математических загадок» или «Город растерянных цифр». Детей, непременно, следует увлечь, заинтересовать, захватить. Только при таких условиях обучение будет действенным и эффективным [2].

Сегодня от компьютера, ноутбука, интернета и мобильного телефона уже «не спрятаться, не скрыться», поэтому на занятиях по математическому развитию на помощь воспитателю приходит интерактивная доска. Она прекрасно исполняет роль средства наглядности и, её функциональность и наглядность не может не радовать дошкольников.

На современном этапе развития цифровой техники формирование и развитие логического мышления детей невозможно без применения ИКТ, в чем единогласно согласны авторы многих трудов (4,5,6). Использование современных информационно-коммуникационных технологий, обладающих мультимедийностью, позволяет сделать игры более интересными и динамичными, помогают «погрузить» ребенка в предмет изучения, содействуют становлению объемных и ярких представлений.

Литературы

1. Лесик Л. И. Развитие логического мышления детей через занимательную математику / Л. И. Лесик. - Текст: непосредственный // Молодой ученый. - 2021. - № 6 (348). - С. 428-429.
2. Денисенкова Н.С., Красило Т.А. Развитие дошкольников в эпоху цифровой социализации // Современное дошкольное образование. – 2019. – №6(96). – С. 50–57.
3. Афанасьева Т. Занимательная математика в развитии логического мышления детей. Электронный ресурс. URL: <https://clck.ru/ST58U>.
4. Поливанова К.Н. Детство в меняющемся мире // Современная зарубежная психология. - 2016. - Т. 5. - №2. - С. 5–10.

5. Развитие логического мышления средствами занимательной математики. Электронный ресурс. URL: <https://www.myuniversity.ru>.

6. Солдатова Г.У. Цифровая социализация в культурно-исторической парадигме: изменяющийся ребенок в изменяющемся мире //Социальная психология и общество. – 2018. – Т.9. – №3. – С. 71–80.

УДК 81'373.21

WRITING STANDARDS FOR ENGLISH LEARNERS AT SECONDARY SCHOOL

**Taiteliyeva M.A.- senior lecturer, Issakhova L.T.- senior lecturer,
Mussabekova A.A.- master teacher**

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Мақалада орта білім беру мекемелерінде оқушыларға ағылшын тілін үйретудегі жазу дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы развития навыков письма при обучении английскому языку учащихся общеобразовательных учреждений.

The current stage of Kazakh society development is characterized by the process of its informatization. People's need for information conditions significant increase in its volume both on traditional paper form and on electronic media and on the Internet. Informatization of the society contributed to the emergence of a pedagogical direction - informatization of education, which focuses on issues related to the development of methodology, teaching systems, technologies, methods and organizational forms of education and improvement of the trends of the education system governance in the context of the modern information society.

Informatization of education in general contributed into informatization and computerization of the foreign language teaching (FLT) on particular. Recently there have appeared many scientific methodological works devoted to FLT at different stages of teaching on the basis of modern information and communication technologies (ICT). Moreover, it should be mentioned that the majority of the investigations is focused on higher school students, making it difficult to use their outcomes for teaching secondary school children.

One of the objectives of foreign language teaching in secondary school is the development of foreign language communicative competence in the complex unity of its components (language, speech, compensatory, socio-cultural, educational and cognitive). Writing is one of the productive speech skills, which can be taught on the basis of modern ICT.

In accordance with the analysis of scientific studies we may add that FLT on the basis of ICT has its own peculiarities, which requires both the study and the development of new language teaching methods based on various social services and Internet services of the new generation (Web 2.0).

New ICT including social services and Web 2.0 Internet technologies provide favorable conditions to use them in teaching foreign languages. Additionally, teaching

foreign languages through Web 2.0 Internet technologies has its own specificity. It is necessary to study new methodologies as well as to develop the latter to teach language aspects and language skills.

Wiki technology is one of the modern Web 2.0 Internet technologies which provides some opportunity to develop secondary school children foreign language communicative competence in the diversity of its components.

This study focused on interactive writing in a secondary school classroom. Writing Strategies, Writing Applications (Genres and Their Characteristics), and Written and Oral English Language Conventions are the strands in the English-Language Arts Content Standards for this grade level. In the Writing Strategies strand students are expected to write grouping related ideas and keeping the focus, create legible written pieces, and revise to improve sequence and to add detail. In the Writing Applications strand students are expected to write brief narratives and friendly letters taking into consideration the Writing Strategies strand. In the Written and Oral English Language Conventions strand students are expected to write complete and syntactically correct sentences, correctly use various parts of speech including nouns and verbs, use quotation marks correctly and correct punctuation in a friendly letter, know when to use capital letters, spell high frequency and irregular words correctly, and spell basic short-vowel, long-vowel, r-controlled, and consonant-blend patterns correctly.

The English Language Curriculum Writing Standards for grade five are similar to the English Language Arts Writing standards for the same grade, as the English Language Curriculum Content Standards are aligned to the English Language Arts Content Standards. The expectations for English Learners are very similar to the expectations for native English speakers. Depending on the student's proficiency level of English language development, the students may write fewer and simpler sentences, write shorter narratives and friendly letters, and show inconsistency in the use of standard grammar.

Most secondary school teachers in Kazakhstan are responsible for teaching English Learners to write. It is a fact that these students are second language learners, and thus are, second language writers. They come to school with different prior knowledge, language, cultural background, and life and schooling experiences. In addition, like all children do, they bring to school their very own personalities and social styles which influence the way they work in the classroom, including how they write.

Some people in the education field support the idea of English Learners mastering oral English before learning to write in English. English Learners simultaneously acquiring English as a second language and English literacy skills face difficulty when learning to write because of the differences between the demands of written communication and the oral communication skills that children have. He concluded that students need to master oral English before they start receiving instruction in English writing, adding that when students are not yet fluent in oral English they cannot apply the elements of English to their writing, and that linguistic forms of their native language would interfere with writing in English. According to Cummins, the problem could be addressed either by delaying English writing instruction until the learner

acquires fluency in oral English, or by first teaching writing in the students' primary language and then in English.

In opposition to this, some researchers have concluded that writing instruction in English does not need to be delayed until English Learners attain mastery of oral English. They suggested that students would make predictions to apply what they know about the systems of English, which include orthography (spelling), segmentation (dividing words), capitalization and punctuation, phonology (sounds), and syntax (relationship of words). Encouragement, support, and feedback can make their written compositions approximate those of native speakers. Peyton stated that English Learners learn to write early in the process of learning English, by copying words or phrases from surrounding print, by producing invented spelling, and by receiving informal feedback as they participate. English Learners will work to create meaning from written form when they are given the opportunity and encouragement by teachers who can significantly impact students' ideas of what writing is as well as the quality of their written creations. In addition, not only can children write in English before becoming orally fluent, but writing can enhance oral language development and reading comprehension. Not all English Learners develop writing proficiency and knowledge of the English language at the same rate, as every child brings her own strengths, preferences, prior knowledge, and cultural background to the classroom.

The English language development of English Learners parallels the writing development of students whose primary language is English. English Learners learning to write for the first time moved through similar stages of writing development as native English speakers. Block J. identified four stages of writing development in native English speakers and English Learners.

Stage 1 – Children create curved and/or straight lines to represent print.

Stage 2 – Children create graphic forms that resemble conventional letters. At this level children use a fixed number of characters to write words or sentences, usually using a repertoire of five or six characters.

Stage 3 – Children begin to assign sounds to characters. Each character represents a sound or normally a syllable.

Stage 4 – Children use more alphabetic writing with each letter sound represented by a character.

S Savignon, P Sysoyev had very similar results with minimal differences in level 3. They found that at Level 3 children made letter-sound correspondences by individual consonants, each consonant represented one sound and not a syllable. Teachers see that young English Learners go through the same or very similar developmental stages as native speakers of English when they are learning to write; scribbling, making random marks, using one letter to stand for an entire word or thought, spelling phonetically, and traditional spelling. Block (2007) suggested that both English Learners and native English speakers are problem solvers who will hypothesize and test out what they know about how written English works. The written pieces of English Learners may include spellings that originate from the child's native language orthography, and reflect what the child knows about syntax and semantics of the English language, but still written productions of English Learners look very much like those of young native English

speakers learning to write. These include invented spellings and letter forms, unconventional segmentation and punctuation, and drawings that express their ideas.

The methodology of writing skills building with secondary school children through Wiki technology has been developed and checked by means of experimental study. Methodological system of writing skills building with secondary school students on the basis of Wiki technology is the unity of structural components consisting of four blocks: the target block (the target), the theoretical block (approaches and principles of learning); technology block (organizational forms, methods, means of education, training stages, methodological settings) and assessment and effective block (evaluation criteria and learning outcomes).

The emergence of the Wiki, which has introduced a new way of interacting on the Web has made it possible to create and share information and knowledge in a more authentic way than before. Not only does Wiki technology foster communication among participants through writing, but it also facilitates important activities such as collaboration, reflection, and critical thinking for knowledge creation.

List of references

1. Dudeney G., Hockly N. How to teaching English with technology. N.Y.: Pearson Longman, 2007.
2. Block J. Abdullah's Blogging: A Generation 1.5 student enters the blogosphere // Language Learning and Technology.- 2007- vol.11, №2. p.25-37.
3. Savignon S., Sysoyev P. Sociocultural strategies for Dialogue of Cultures // The Modern Language Journal. 2002. - No 86(4). - Pp. 508-524.

ӘОЖ 371.124-055.2 : 37.037.1

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Сахиева М.Е., Нурадинова Г.А.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі оқытушылары

Резюме

Защита здоровья студентов в условиях социально-экономических изменений в обществе - актуальная проблема. Проведение воспитательной работы в соответствии с современными требованиями, эффективное решение вопросов защиты и укрепления здоровья студентов зависит от совместной эффективной работы медперсонала и преподавателей. В педагогической науке необходимо обосновать эффективные пути и средства решения этой проблемы.

В статье рассматривается эффективность и значение здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе.

Summary

Protecting the health of students is a topical issue in the socio-economic changes in society. Carrying out educational work in accordance with modern requirements, the effective solution of issues of protection and strengthening of student health depends on the joint effective work of medical staff and teachers. In pedagogical science there is a need to substantiate effective ways and means to solve this problem. The article considers the effectiveness and importance of health technologies in the educational process.

Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, болашақ кәсіби мамандығы бойынша сауаттылығын одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеттерінің бірі. Себебі, оқу орындарының әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы.

Білім биігіндегі болашақ заманауи ұстаз өз кәсібін жетік білетін бәсекеге қабілетті болуы шарт. Ұстазға тиесілі мақсаттарға жетудің басты жолдары осы. Елімізде ұстаздар мәртебесін көтеруде бірқатар жұмыстар атқарылуда. Дәл қазіргі уақытта мұғалімнің әлеуметтік жағдайы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары екені рас. Бірақ, ұстаздар қауымы өз денсаулықтарына қаншалықты мән береді? Немесе, кәсіптік техникалық оқу орындарында болашақ ұстаз дайындап жүрген оқытушылар қаншалықты білім алушылардың денсаулығына назар аударады, деген сұрақтар туындайды.

Денсаулық бұл – адамның ең ұзақ ғұмыры бойындағы әлеуметтік белсенділігі мен тиімді еңбекке қабілеттілік дәрежесін, биологиялық физиологиялық және психологиялық қызметін сақтауы мен дамыту процесі. Ендеше, жас ұрпақтың дені сау, білімді азамат болып ер жетуі, қоғамнан өз орнын дұрыс таңдай алатын, еркін ойлау қабілеті қалыптасқан, мәдениетті, іскер жеке тұлға тәрбиелеу ең алдымен, ата-анасына, одан соң мектепке дейінгі ұйымға және қоршаған ортаға байланысты[1].

Өз денсаулығымызды қорғап, оны күту де үлкен мәселеге айналғандай. Бүкіл жер жүзін діттеген пандемия, аты жаман аурулар қауіп төндіріп, барлық өмірлік тіршіліктің қадір қасиетін кетіруде. Ауа арқылы тарайтын көзге көрінбейтін вирус адамның сақтанып, тазалық сақтап, бетперде киіп жүруіне әкеліп соқтырды. «Сақтансаң, сақтайды» демекші, бұл да уақытша сынақ деп есептейміз. Әлемдік жаңғыру кезеңінде артып отырған технологиялық дамумен бірге материалдық тұрғыдан маңызды табыстарға да қол жеткізілді. Әсіресе, технология саласында тіркелген дамулар адам өмірін маңызды көлемде жеңілдетті[2].

Осы уақыттағы қашықтықтан оқыту талаптарының денсаулыққа кері әсерінің бар екенін мойындау керек. Көздің нашарлауы, дененің қимылсыз бір қалыпта болуы, артық салмақ, дұрыс тамақтанбау деген секілді кері әсер ететін факторлар жиілеуде.

Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, оқушылардың арасында салауатты өмір салтының теориясын білмейтіндігінен деп саналады. Компьютер, планшет, смартфон алдында ұзақ отыру, көз бен экран ара-қашықтығын сақтамау, «Сабағымды орындап бітірейін» деген оймен бір орында ұзақ отыру, дұрыс тамақтанбау бұл - денсаулықты құлдырататын факторлар. Демек, қазіргі кезде білім алушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, оны арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Сабақтағы орындалатын сергіту жаттығулары жалпы шаршауды сейілтетін, қолдарын, саусақтарын дем алдыратын, көру және есту қабілеттерінің дамуына әсер ететін қысқа ғана жаттығулар жиынтығынан болғаны дұрыс. Десекте, бұл

сергітулер арнайы мұғалімнің көмегімен орындалатыны рас. Ал, қашықтықтан, болмаса, онлайн форматта оқитын білім алушылар қаншалықты сергіту жаттығуларын орындауда деген сұрақ туындайды. Тіпті ата-аналарда бұны ескермейді ме? Әлде уақыттың тапшылығынан мән берілмейді ме? Осы сұрақтарға жауап беру өте қиын әрине. Ал, болашақта біздің ұрпағымыздың денсаулығы қаншалықты деңгейде болары белгісіз. Сондықтан, біз осы бастан ұрпағымыздың денсаулығына назар аударуымыз қажет.

Сергіту жаттығуларының түрлері өте көп. Кейбір оқытушылар сабақ процесінде өздерінің шығармашылығымен жүзеге асырады. Сабақта денсаулық сақтау технологиясының түрлерін белсенді қолдану біздің сабақта алғашқы қатардан орын алады. Оның түрлері көп, сергіту түрлерін ұтымды қолдану арқылы білім алушыларды сабақ уақытында жалықтырмай, қажетті мәліметтерді оңай сіңіруге мүмкіндік бере аламыз.

Мысалы, жылжымалы көрнекіліктер, қозғалмалы ойындар, бір орында орындалатын қимылдар, қол моторикасына арналған сергітулер, психологиялық жаттығулар оқушы денсаулығы үшін маңызды. Компьютер алдында әр жарты сағат сайын көзді, басты, мойынды айналдыруды дағдыға айналдыру қажет. Бір сағаттан соң орнымыздан тұрып түрлі жаттығулар жасап, қажет болғанда таза ауада демалған абзал.

Осы орайда Абай Баймағанбетовтың «Айкүне» жаттығуларын орындау әлдеқайда тиімді. Бастысы, өзін-өзі таниды, жаттығулар кешені руларға бөлінгендіктен, оқушылардың қызығушылығын арттырады, әрі жаттығулар жасау арқылы сергиді. Мұнда арнайы алаңның, көмекші техникалық құрал-жабдықтардың қажеттілігі жоқ. «Айкүне» бағдарламасындағы жаттығулар кешіні түрлі бағыттарда орындалады. Бұл жаттығулар кешені ағзаны емдеу және сауықтыру ретінде қолданылады. Ал сабақ процесінде бұл жаттығуларды емдік мақсатта ғана емес, сергіту ретінде қолдануға әбден болады.

Айкүне – көне түрік тілінде «Жаныңды аш, шынайы сөйле» деген мағынаны береді екен. Дегенмен жаттығудың қимылдары да, атауы да қазақы. Мұндағы қимыл түрлері бір-бір рудың атауымен аталып, рулық таңбасын алған[3].

Қазақ гимнастикасымен айналысатын әр ұлт өкілі, мәселен, «Қыпшақ», «Дулат», «Шапырашты», «Найман» секілді ру түрлері тиесілі жаттығуды жасай отырып, оның шығу тарихы мен мәдениетіне міндетті түрде зер салады. Ал бұл дегеніңіз тұтастай қазақ ұлтын тану болып табылмақ.

Әлбетте, «Айкүне» жаңашылдыққа бет бұрған сана ретінде, түрлі қоғамдық формацияларға орай жойылып кеткен ұлттық рухымыз бен тегімізге қатысты құндылықтардың оянуына түрткі болмақ. Ал қандай да бір жаңа бастама қашанда ортақ күш жұмсау мен бірігуді қажет етеді. Сондықтан да бұл жоба біздің ұлтымыздың бойындағы дархандық, батылдық, зерделілік, көрегендік секілді асыл қасиеттерді түркі халықтарының спорты мен мәдениетіндегі, дәстүрі мен әдебиетіндегі ортақ құндылықтармен ұштастыра алуымен құнды. Жалпы, қай салада да жаңашылдықтың алатын орны ерекше.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде осы уақытқа дейін сабақта сергіту сәті ретінде «Айкүне» бағдарламасы бойынша

жұмыс жүргізілді. Бұл жақсы бастаманың себепшісі педагогика ғылымдарының кандидаты, ардагер ұстаз Әлима Жақыпқызы болатын. Себебі, ұстаз әрі ана жастарға үнемі қолдау жасап, олардың денсаулығына үлкен мән беретін.

Уақыт өте келе жаттығу атын «Бірік life» деген атаумен өзгерттік. Бұл бес саусақты жұмып жұдырық ретінде «бас бармаққа» – жүз атауы, ұраны, «балаң үйрекке» – ру атауы, «ортан терекке» - ру белгісі, «шылдыр шүмекке» - қимыл-қозғалысы, «кішкентай бөбекке» - ырғақты әуені деп белгіленді. Мұнда студенттер өз тарихын танумен қатар, ұлттық-рухани құндылыққа назар аударып, руға байланысты қимыл-қозғалыстарын үйренеді. Бұл жаттығуларды тікелей өз ережесімен орындаса, түрлі ауруларды да емдейтін мүмкіндігі бар. Аурудың алдын алуға бағытталған жаттығулар кешені жалқау бұлшық еттердің ширақ жұмыс істеуіне, студенттерді сергек, әрі белсенді болуға шақырады. Студенттер қызығушылық танытып, өздерінің руларына тән жаттығуларды орындап меңгергісі келетіндігін де жасырмайды. Көпшілігі сабақ үстіндегі сергіту сәтін қашан болатынын күтіп жаңа жаттығуларды үйренуге асықса, біршамасы өз руларының белгілері мен тарихын зерттеп те үлгерді.

Егер, денсаулық қалыптастырушы білім беру технологияларын үнемі қолданар болсақ, тәжірибе жүзінде келесі мақсаттарды жүзеге асыруға болады:

- студенттердің денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтына дайындау, үйрету;

- студенттерді білімді, жан-жақты дамыған, денсаулығы жақсы, рухани жағынан дамыған етіп тәрбиелеу;

- білім алушылардың үйлесімді өсуін қамтамасыз ету;

- таным сферасын дамыту;

- агрессивтіліктің алдын алып, өзара қатынас мәдениетін қалыптастыру;

- өмірлік құндылықтарға негізделген материалдарды сабақта кеңінен пайдалану;

- бар мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушыларды білімді, толыққанды жетілген, психологиялық дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу болып табылады [4].

Расында жағымсыз энергиядан арылуымыз үшін психотехникалық жаттығулар жасау қажет-ақ. Биоөрісте жүретін көзге көрінбейтін энергиялар адам бойынан табылатыны рас. Сол себепті баршаңызды денсаулық сақтау технологиясының мүмкіндігін пайдаланып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамыз.

Әдебиеттер

1. К.Төлеутайұлы, С.Ж.Төлеутаева «Валеология негіздері» Қызылорда 2004ж.

2. Ибраимова М.М. Жалпы адамзаттық құндылықтар-рухани дамудың көзі» мақала // Adisteme.kz Педагогикалық журнал.-2018. <https://adisteme.kz/jalpy-adamzattyq-qundylyqtar-ryhani-damydyn-kozi.html>

3. Жаппар А. «Айкүне»: Қазақ гимнастикасы екенін білесіз бе?// Shymkent kelbeti.-15.02.2019. <https://shymkala.kz/index.php/sports/item/5509-ajk-ne-aza-gimnastikasy-ekenin-bilesiz-be>

4. Князбаев Ғ.А. Денсаулық сақтау технологияларын балалардың қимыл әрекетін белсендету Әдістемелік нұсқау // «Тараз университеті» баспасы. -Тараз, 2019.

ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мамыт А.А.- ф.ғ.к. доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Байболова А.Ж. – магистр аға оқытушы

Ж.Тәшенов атындағы университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются жанровые особенности и виды казахских сказок. Также научно анализируется воспитательное значение сказок.

Summary

The article deals with genre features and types of Kazakh fairy tales. The educational value of fairy tales is also scientifically analyzed.

Халық ауыз әдебиеті мұраларының ішіндегі өскелең ұрпаққа рухани-эстетикалық тәрбие беру құралдарының ең тиімдісі – ертегі жанры. Бұл жанр үлгілерінің мазмұнында халықтың ежелден қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрыптары, өзінің туып-өскен жеріне, қоршаған табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншігі мен қатар жалпы адамзатқа зұлымдық әкелуші қара күштермен күресі, әманда әділдіктің салтанат құруы бейнеленеді. Ертегі – ақылмен ғана ажыратып, тек жүрек арқылы түйсіне алуға болатын шексіз заттық кеңістік пен рухани әлемнің болмысын бала санасына біртұтас күйінде сіңіре алатын баға жетпес ұлттық қазына.

Ертегі – халық аңсары мен қиялының жемісі. Сол себептен оның авторы – дана халық. Құйма құлақ аталарымыз ертегілерді есте жоқ ескі заманардан бері сан мың рет жаңғыртып, келер ұрпаққа жеткізіп отырған. Ертегіні айтушылар «ертекші» деп аталады. Мұхтар Әуезов ертегі жанрына: «Ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады», - деп анықтама берген [1,79].

Ертегі жанрының шығу тегі адамдардың сөйлеу тілі жетіліп, ойлау қабілеті дами бастағаннан бергі кезеңді қамтиды. Алғашында мүлде ақылға қонымсыз ертегілер пайда болған деген болжамдар бар. Көне дәуірдегі ертегілерде хайуанат атаулының барлығына тіл бітіріп, олардың ақыл-есі бар етіп суреттеу байқалады. Бұл ертегі жанрының қиял-ғажайып түріне жатады. Одан бері XV ғасырдан бастап, дәлірек айтсақ, қазақ хандығы құрылуы кезеңінде, ертегілер ел ішіндегі жаужүрек батырлар, небір дүлдүл шешендер, ел басқарған көсемдер туралы өрбиді. Данышпан ел билеушілермен қатар қанаушы хан-сұлтандар тепкісіне шыдамай, қарапайым халыққа өктемдігіне қарсы ақылдылығымен, айламен-тәсілдермен сабасына келтіріп отырған кейіпкерлер бейнесі суреттеледі.

Ертегі – халық туындыларының көркем де кең тараған жанры. Бұл жанрдың ертегі аталуынан да, сондай-ақ кез келген нұсқасының «Ерте-ерте, ертеде» немесе «Бұрынғы өткен заманда...» деген сөздермен басталуының өзі туындының есте

жоқ ескі заманнан бері жаңғырып келе жатқанын аңғартады. Халықтың ықылым дәуірлерден санасында сәулеленген мыңдаған жылдардың ізі бар. Сонымен қатар халқымыздың сан ғасырлық шаруашылығы мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, арман аңсары, биік мұраты айшықты бейнеленген.

Ертегілердің барлығы дерлік қара сөзбен айтылатын болғандықтан да мұны халықтық көркем проза деп атауымызға толық негіз бар.

Халық ауыз әдебиетінің өзге түрлері сияқты ертегі жанры да адамдардың алғашқы шаруашылық-кәсібі мен тұрмыс-тіршілігінің тәжірибесіне, өмір сүру салтына байланысты туып қалыптасқан. Дүниенің жаратылысын, табиғаттың тылсым сырын танып білмеген және олардың не себептен болатындығын түсіне алмаған ерте дәуірдегі адамдар қиялға беріліп, арманның асқарына қол созған. Осы жайындағы өздерінің таным-түсініктері мен нанымы-сенімдерін әңгімеге өзек етіп кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Осылайша ертегіге негіз болған әңгіме түрлерінің ең алғашқы нұсқалары туды. Жоғарыда айтып өткеніміздей халық туындысының «ертегі» аталуында да көнелік сипат жатыр.

Қоғамның ілгері дамуы мен адам танымының, ой-санасының өсуі халық туындыларында, соның ішінде ең алдымен ертегі жанрында айшықты көрініс тапты. Ертегілердің бастапқы үлгілерінің түрлі жаңғыруларға ұшырау себебі де адамдар арасындағы қатынастың өзгеруі мен табиғат сырын ұғынуына тікелей байланысты. Ертегілердің мазмұнында адам баласының мұрат-мақсаты, арман-мүддесін, болашақтан күтетін нұрлы үміті бейнеленген. Сондықтан бұл жанрдағы туындыларға халықтың тұрмыс-салтына, шаруашылығы мен тіршілігіне қатысты өмірлік маңызы бар мәселелер арқау болады. Ең бастысы осынау өмір тәжірибесінен түйінделген ой-қортындылары мен тұжырымды идеялар көркем бейнелеу арқылы ғасырлар бойы өскелең ұрпақтың санасына сіңірілді.

Ертегілердің қандай жанрлық түрі болсын талай дәуірлердің сүзгісінен өткен, ел санасына сіңген сюжеттерді арқау етеді. Бұл халықтық мұраларда елден елге көшіп жүрген сюжеттер мен сарындар, бейнелер де көптеп кездеседі. Қазақ ертегілерінің мазмұнынан өмірдің барлық қалтарысы шет қалмайтынын М.Әуезов өзінің зерттеу еңбегінде жан-жақты ашып көрсеткен. Ғалым ертегілерді ерекшелігіне қарай үшке бөліп қарастырған: «Қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, шыншыл ертегілері болып табылады» [1,85]. Дегенмен қазіргі заманғы зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек ертегі жанрын төртке топтастырады. Қазақ халық прозасын жан-жақты зерттеген фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасов қазақ ертегілерін: «Хайуанаттар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық», - деп бес топқа бөледі [2,64].

«Керқұла атты Кеңдебай», «Ұр тоқпақ, «Ұшқыш кілем», «Аңшы бай», «Алтын сақа» сияқты ертегілердің қиял-ғажайып түрлерінде халықтың аңсар тілегі іске асады. Туындыларда адам арманы ғажайыптың көмегі арқылы орындалуы бейнеленеді. Ертегі өз тыңдаушыларын биік мұраттарға жетелейді.

С.Қасқабасов өзінің «Қазақ халық прозасы» атты еңбегінде қиял-ғажайып ертегілерін генезисі жағынан ең көне жанрлық түрге жатқызады. Ғалым бұл халық туындылары алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде пайда болды деп пайымдайды. Алайда мазмұндық тұрғыда біркелкі болмайтындығына баса назар

аударарды. Басты кейіпкерлері: қиындыққа мойымайтын аңшы, құралайды көзге атқан мерген, бір үйдің кенже баласы, тапқыр тазша бала, ержүрек батыр сияқты қарапайым бұқара өкілдері. Күнделікті тіршілік үшін табиғаттың қара күштерімен, жан-жануарлармен күрескен шақта халықтың тілек-арманы оларды жеңетін батыр, мерген, балуан болды. Бұдан кейінгі кезеңде рулық қоғам басталады. Бұл дәуірдегі халықтың аңсар арманы елін жат жұрттық жаулардан қорғау болып табылады. Ол енді қазақтың тұрмысында қара шаңырақтың иесі ретінде кенже балаға тиесілі. Кейіпкер бар күшін салып, адамның қолынан келмес қиындықтарды жеңсе, батыр атағын алып, зор құрметке ие болады. Мұндай қайтпас қайсар кейіпкер бейнеленіп, көркем кестеленген түр – «батырлық ертегілер». Біздің ойымызша, батыр өзінің ерлігімен ғана ерекшеленбей, ақыл-парасатымен, айлалы әрекетімен де жауын ойсырата жеңіп отырады. Отанды қорғау отбасын асыраудан да биік қойылады. Батырлық ерекше дәріптеледі.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі негізгі тақырып – түрлі сиқырдың көмегімен бас қаһарманның сан алуан қиындықтардан өтіп, аңсаған мұратына жетуі. Қиял-ғажайып ертегілерінің бір тұсында жалмауыз кемпірлер мен дәулер, тотем бабалар, екінші тұсында күрескер бейнелер мерген, Ер Төстік және оның Таусоғар, Желаяқ, Көлтаусар сынды достары суреттеледі. Бұл қаһармандарға ғашық болып, жолын кес-кестейтін көбінесе перінің қызы болып келеді. Ал, Кенжекей – сәуегей, ол мыстан мен Бекторының, Шойынқұлақтың жамандығын ерте бастан сезеді.

Үнді ертегілерінде сиқырлау, тылсымдау, жәділеу, теңіз кешу, самұрықпен ұшу, жеті басты жалмауыз, айдаһармен алысу, адам етіне құмар жөйт кемпірлер өте көп ұшырасады. Жақсылық пен жамандық, жеті қара күш иесі Иран елі ертегілерінде кеңінен көрініс тапқан. Ерте дәуірлердегі политеистік наным-түсінік бүкіл Азия елдеріне ортақ. Мысалыға алатын болсақ, «Қорқыт ата кітабының» сюжеттік желісіндегі Төбекөз дәу грек елінің «Одиссеядағы» кейіпкер Полифемге ұқсас. Ал енді Скиф-сақ заманынан жеткен Ветрогон (Желаяқ), Опивало яки Обьедало (Көлтаусар), Горокат (Таусоғар) шығыс пен батысқа тел тараған бейнелер. Алғашқы кездегі аңшылық, бірте-бірте жабайы аңдарды қолға үйрету арқылы келген бақташылық сияқты өмір сүру сатыларын, зороастризм мен тотемизм, дуализм мен монотеизм наным-сенімдерін бастан өткермеген халық әсте жоқ шығар.

Ертегілердің келесі бір түрі – хайуанаттар мен салт ертегілері. Фольклортанушы С.Қасқабасов хайуанаттар туралы ертегі түріне айрықша тоқталған. Ғалым жануарларға қатысты мифтік әнгімелердің хайуанаттар жайындағы ертегіден басты айырмашылығы тура және ауыспалы мағыналар мен шынайы бейнелеу, тұспал арқылы суреттеуде жатыр деп тұжырымдайды. Аңызға қарағанда ертегіде адам бейнесі мен әрекеттері тұспалдап беріледі. Сондай-ақ таптық қоғамның әлеуметтік көрінісі айқын сезіледі. Жануарлар туралы ертегілерді үш топқа бөліп қарастыруға болады:

«1. Мифтік қасиетін жоғалтқан этиологиялық ертегілер.

2. Дүние жүзі халықтарының жануарлар жөніндегі эпосын құрайтын классикалық ертегілер.

3. Мысал ертегілер.

Этиологиялық ертегілерде синкреттік қасиет басым, тұрақты композициялық құрылым жоқ. Олар этиологиялық мазмұны жағынан мифке жақын. Оған айтушы да, тыңдаушы да сенбейді. Бірақ адамгершілік тәрбиесі сақталады. Жануар – кейіпкерді суреттеу, мінез-құлқын бағалау жағынан ертегілік қасиеті байқалады. Жануарға берілетін меніздеме көбіне құбылмалы болып табылады. Сол арқылы әр түрлі адамдық проблемаларды айдаһар, дию тағы басқа суреттеле береді. Мәселен, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Маса неге ызындайтын болып қалған?» деген сияқты үш сұраққа бірдей жауап беріледі» [1,94]. Салт немесе тұрмыс-салт деп аталатын ертегілер түрінде бақташылық тіршілік бейнеленеді. Мұхтар Әуезов өз зерттеуінде ертегінің осы түріне жан-жақты талдау жасайды [2,83].

Новеллалық ертегілер қазақ ертегілерінің ең кең тараған түріне жатады. Бұл – өмір шындығын өзек ететін ертегі. Суреттелетін кейіпкері күнделікті тұрмыста кездесетін адамның бейнелері болып келеді. Олардың қаһармандары патша, хан, уәзір сияқты ел басқарушылар мен малшы, егінші, етікші тағы басқа қарапайым жандар. Мысал келтірер болсақ: «Өнеге», «Хан мен уәзір», «Қаһарлы патша», «Ақылды етікші» өмірдің шындығын арқау етеді. Патша ел басқарып, күндіз күні бойы тағында отырса, ал түн болғанда үстіне ескі киімдер киіп алып, өзінің уәзірлерімен қаланы аралап жүреді. Бұл ертегілердің ерекшелігі хан да, патша да әділдік үшін күресетін болып бейнеленеді. Алайда жауыз патшалар, ақылсыз уәзірлер де суреттеледі. «Ақылды етікші» деп аталатын ертегіде ел білеуші хан бұдан былай бас пайдасына ғана еңбек ету тоқтатылсын деп бұйрық жария қылады. Мұның дұрыс емес екендігін бала-шаға асырауы үшін күндіз-түні етік тігумен жүрген етікші дәлелдейді.

Шыншыл ертегілердің бізге қазақтың өмір-тіршілігін арқау еткен нұсқаларының мәтіндері маңызды. Бұл қатардағы ертегілерде басты кейіпкерлер данагөй қария, тапқыр ақылды жігіт, тоғыз бірдей Тоңқылдақтан қысымындағы Шіңкілдек, қаңбақ шал, айлакер тазша, момын қойшы, сараң бай, дүмше молда, елдің берекесін қашырған ұры тағы басқалар.

Өскелең ұрпақты жан-жақты рухани жетілген тұлға ретінде қалыптастырудың ерте дәуірлерден келе жәкән әдіс-тәсілдері жетіп артылады [3]. Солардың бірі әрі бірегейі – ертегілер. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде былайша ой қорытады: «Балада қиял ерте оянады. Бірақ оның жанында суреттеулер аз болғандықтан, қиялы да бай емес. Баланың түсінуінше дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ, бәрі мүмкін болатындай. Бала ертегінің бәрі шын деп ұғады, бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе» [6,39].

Кез келген ертегі оқиғаға құрылатыны белгілі. Бұл оқиғалар сәбидің қиял әлеміне әсер етіп, асқақ армандарға жетелейді. Кейіпкерлеріне еліктеп, ерекше күй кешеді. Батырлық ертегілерді жиі тыңдап өскен балдырған болашақта ержүрек болып өсіп, елін қорғауды мақсат етеді. Өмірдің түрлі қайшылықты тұстарын өзек еткен новеллалық ертегілерді көп естіген жеткіншек адамгершілік пен парасаттылықты жандүниесіне ұялатады. Ең бастысы ертегі жамандық

атаулыдан жиреніп, жақсылықты ту етуі арқылы бала болмысына әділдік үшін күресетін азаматтық рухты дарытады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. -Алматы:Ана тілі, 1991.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. -Алматы: Ғылым, 1984.
3. Райымова Қ. Ертегінің тәрбиелік мәні. // Бастауыш мектеп. 1998. №4. б. 20-21.
4. Жұмабаев М. Педагогика. -Алматы, 1994.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ЭТНОЛЕКСИКАСЫН 7-8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

Бөрі Б.Н. - М1701-11 оқу тобының магистранты

Ғылыми жетекшісі: Оразбаева Э.Б. - ф.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

М.Мағауиннің жер-су атауларын кеңінен қолдануы шығарманың шынайылығы мен тарихылығын арттыра түскен. Шығармадағы жер-су атауларын зерттеудің мақсаты Елбасымыз айтқандай: «Қазақтар – ұлттық құндылық мұрагерлері ертеден басына кешірген ауыр кезеңдерге қарамай өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік ерекшеліктерін сақтап қала алған. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп, дамытып, жаңғырта да білді» [2,23]. Тіпті, елдегі саяси жағдайлардың кесірінен тыйым салынған жер-су, қала, ауыл, аудан атаулары да қайта жанданып, отаршылдық атаулар жойылып, жаңа және халықтық атаулармен ауыстырылуда. Осыған орай жер-су атауларын зерттеу бүгінгі қоғамымыздың бір міндеті болды.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы топонимды атауларды талдау барысында оларды мағынасына қарай бірнеше топтарға жіктеуге болады:

1. Астионим (қала атауы): Түркістан, Ақмола, Шымкент, Созақ
2. Хороним (аймақ, облыс, аудан атауы): Жетісу, Қаратау, Ібір Сібір, Шу, Арыс, Сарыарқа, Бетпақ, Қызылжар, Ұлытау, Калуга, Бесоба ауылы.
3. Гидроним (су атаулары): Есіл, Талас, Ертіс, Еділ, Жайық.

4. Шет ел топонимдері: Русия, Литва, Заоцк, Смоленск, Мәскеу, Тобольск, Восточная өзені, Тушино, Киев, Қырым, Швеция.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романында ең көп астионимдер мен гидронимдер кездеседі. Мысалы: автор жиынға Көкше, Жем, Сыр мен Есіл бойынан ұлыстар, ақсақалдар түгел қатысып, ақыл-кеңесін аямады,-дейді. Бұл үзіндіде Көкше теңізі, Жем, Сыр, Есіл өзең атауларын кездестіреміз. Шығарманың 16-бетінде «Жетісу – жәннат мекен, Шыңғыстау- жайлы қоныс, Жайық – кең жайлау, Сыр-ыстық ұя»,- дей отырып, автор қазақ жерін кең байтақ, жайлы қоныс екенін дәлелдей алған.

М.Мағауин әр қала, ауыл, ауданның табиғаты, халқы және тұрмыс-тіршілігін суреттеп отырған.Мысалы,Сыр бойы қастерлі жұртымыз, Жетісу ата жеріміз десе, ал Жайық құтты қонысымыз еді-деген сөйлемдер кездеседі.

«Аласапыран» шығармасының 128-бетінде Ұлытауды қазақтың қақ жүрегі, суы мол, малға жайлы қоныс,-деп келтіреді. Жазушы шығармасында Мәскеу қаласын: бірнеше жылдар бұрын шағын бекініс бүгінде әлемде теңдесі жоқ байтақ қалаға айналған, аумағы ат шаптырса жеткісіз, бір өзінде қырық мың баспана бар деседі,-деп ерекше суреттеген.

Қазақ елі жердің қадірін өте ертеден-ақ біліп, бір ата-бабасының зираты жатқандығы үшін де оны ерекше қастер тұтқан. «Туған жердің бір уыс топырағы бұйырса екен!» – деп тілейтін халқымыз сонау бір қиын-қыстау замандарда ата-қоныс жерден айырыларда қабырғасы қайысып, жалғызынан айырылғандай күй кешкен. «Аласапыран» шығармасында:

Жайық құтты қонысымыз еді.Аталарымыз қазақ, ноғай болып айрылғанда арғы бетте қалды.Ноғаймен жауығып, елу жыл қидаластық деген.

М. Мағауиннің «Аласапыран» тарихи шығармасынан бірнеше ғасырға тән өмірін, тарихты, қанша уақыт халқымыздың басынан өткен тарихи кезеңдерді ата-бабаларымыздың ұлттық құндылықтары,тілі, діні, рухани әлемі, тұрмыс-тіршілігі туралы этномәдени ақпарат толы мәтін.

Әдебиеттер

- 1.Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.К, «Ономастика: зерттеу мәселелері»-2005. 240 бет
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 1999.
- 3.Мағауин Мұхтар. Аласапыран: тарихи роман. Алматы: Жазушы.-19

ОӘЖ 745.5

КОСТЮМ КОМПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Сапарғали А. А. 421-18 топ білім алушысы

Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы Шуланбекова С. Б.

Орталық Азия инновациялық университеті

Резюме

В статье рассматривается современное понимание композиции заключается в создании художественной формы путем объединения всех элементов формы (формы) в единое целое. Дизайн костюма-организационная инициатива, объединяющая все части костюма в единое гармоническое единство, отражающая идею автора в конкретной форме. Дизайнеру одежды в ходе своей профессиональной деятельности приходится решать множество задач, связанных с проектированием костюмной композиции. Одна из них – понимание костюма как художественной системы, умение отражать художественные, гармоничные, авторские

особенности, принадлежащие костюму. Рассматриваются законы и правила этой системы – элементы композиции.

Summary

The article discusses the modern understanding of composition is to create an artistic form by combining all the elements of the form (form) into a single whole. Costume design is an organizational initiative that unites all parts of the costume into a single harmonious unity, reflecting the author's idea in a specific form. A fashion designer in the course of his professional activity has to solve many tasks related to the design of a costume composition. One of them is the understanding of the costume as an artistic system, the ability to reflect artistic, harmonious, authorial features belonging to the costume. The laws and rules of this system are considered – the elements of composition.

Қазіргі отандық өнер ғылымында киім дизайнындағы концептуалды бағыт тұжырымдамалары жүйесінің нақты анықтамасы қалыптасқан жоқ. Сән мен киім, костюм дизайнының осы құбылысын зерттеу оның әлеуметтік, философиялық, мәдени және басқа көріністерін ескеретін кешенді тәсілді қамтиды. Бұл мақалада тұжырымдамалық костюм композициясының қазіргі заманғы дизайн тұрғысынан көрнекі метафора түрінде белгілі бір дүниетанымдық құндылықтарды жариялайтын артефакт ретінде қарастырылады. Концептуалды костюмді теориялық тұрғыдан түсіну костюмнің мәдениетке оның тікелей жұмыс істейтін кеңістігі ретінде қатынасына назар аударуды қажет етеді.

21 - 22 ғасырлар тоғысындағы киімді модельдеуді теориялық түсінудің жалпы тенденциясы. Костюм дизайнының тілін заттың функционалдық пайдалылығының, оның жалпы мәдени мәні мен субъективті мағынасының бірлігін қамтамасыз ететін пішіндеу жүйесі ретінде түсінуге бағытталған.

Зерттеу барысында келесі әдістер пайдаланылды: костюм композициясы дизайнер шығармашылығының негізгі элементі ретінде, көркемдік, сәнді форма құрудың талаптары мен ережелеріне бағынады. Костюм композицияның негізгі заңы – көркемдік пішіннің барлық элементтері мен бөліктері бір-бірімен гармониялық бірлікте болуы тиіс, оларда бейнелік (образдық), функционалдық және конструктивтік бастамаларда көрінуі тиіс. Қазіргі заманғы костюм коллекциясын әзірлеуде жаңа материалдарды, сонымен қатар жаңа үлгідегі киімдердің композициялық элементтеріне шығармашылық іздеу. Орындалған эскиздер негізінде костюмнің жаңа моделін жобалау арқылы заманауи жаңа вариациялармен таң қалдыру. [1]

Кез келген дизайнерлік пішінде бір-біріне идеялық қарсы келетін элементтер болмауы керек, форма логикалық біртұтас болуы тиіс. Сонымен қатар кез келген жобалық пішінде басты және қосалқы элементтердің бірлігі көрінуі тиіс.

Костюм композициясының барлық бөліктері мен элементтерінен суретші – жобалаушының басты идеясы көрініп тұруы тиіс. Композиция тіпті, әдемі әрі тиімді болса да, кездейсоқ бөліктер мен бөлшектер болмауы керек. Егер модельдің бір бөлшегі костюм идеясына қарсы келетін болса, оның бөліктерінің біртұтастығын бұзады. Дизайнер мұндай бөлшекті кедергісіз алып тастауы немесе композицияның жалпы идеясына «бағындыруға» тырысуы тиіс. Бұл бұйымды жөнсіз безендіруден сақтайды, костюм дизайнының міндеттерін орындайды және композицияның бірлігін нығайтады.

Костюм композициясы бөліктерінің басты және қосалқы бөліктерге бөлу қажеттілігін көрсетеді. Бұл бөліктердің үйлесімдік бірлігі, олардың бір – бірімен үйлесім табуы арқылы жүзеге асады. Композицияның басты, негізгі бөлігі ерекшеленеді, бірақ, қалған бөліктерге қарсы келмейді. Композицияның басты бөлігі композициялық орталық болып табылады, оған қалған басқа бөліктер бағынышты, тәуелді болады. Басты бөлік – костюм композициясының доминанты болып табылады. Форманың кез келген элементі композициялық орталық бола алады. Егер күрделі композиция болса, бірбірімен тығыз байланыстағы бірнеше композициялық орталықтар болуы мүмкін. Форма бірлігі барлық бөліктер мен элементтердің үйлесім табуы арқылы жүзеге асады. Олардың гармониялық қатынаста орнала-суына костюм

пластикасының, түсінің, фактураларының, пішін көлемі мен массасының пропорционалды қатынастары ықпал етеді. Костюмнің бұл элементтерінің барлығы бір-бірімен тығыз байланыста, бір-біріне тәуелді, бағынышты, олардың бәрі дизайнердің идеясын жүзеге асыруға «қызмет» етеді. Композицияның басты және қосалқы бөліктерінің бір – бірімен тығыз байланысын және бірлігін қамтамасыз ету – жобалаушы - суретшінің басты мақсаты болып табылады.

Костюм жобалауда айқындаушы құралдарды таңдау келесі факторларға байланысты:

- негізгі идея мен оның бейнелік мазмұны;
- функционалдық мақсаты;
- тұтынушылардың жас мөлшері.

Костюмдегі әр түрлі элементтерде контраст, нюанс, теңдік төмендегі жағдайларда бірдей көрініс табуы мүмкін:

- пішін мен силуэтті ұйымдастыруда;
- пішіннің пластикалық шешімінде;
- түс шешімінде;
- тондық ұйымдастыруда;
- фактуралық шешімдерде;
- декорда.

Тепе-теңдік – костюм элементтері сипаттамаларының абсолютті теңдігін көрсетеді. Костюм композициясының айқындылығын арттыратын құрал қарамақайшылық болып саналады. Қарамақайшылық – костюм композициясының біртекті элементтерінің бір-бірінен ерекшеленуі. Киім модульдеуде автор таңдайтын қарамақайшылық деңгейі көптеген факторларға байланысты, олардың ішіндегі ең шешуші, басты фактор болып киімнің функционалдық мақсаты саналады. Қарамақайшылық, нюанс, тепе-теңдік – композицияны айқындаушы құралдар, элементтер көз мөлшермен бірбіріне қарама-қарсы қою арқылы салыстырылады. [2]



Сурет 1. Костюм композициясының құрамы мен элементтерінің фор эскиздері

Костюм композициясының қасиеттері мен элементтері - айқындылық костюмнің көрерменге алғашқы әсері осы қасиетке байланысты. Айқындылық костюм композициясының элементтерінің қасиеті ретінде көрермендердің назарын модельге аударады, олардың қызығушылығын тудырады. Егер киім моделінде жеткілікті айқындылық болмаса, көрермен

назары басқа модельдерге ауып кетеді. Жобалаушы – суретші шығармашылығының нәтижесі осы айқындылық арқылы анық көрінеді. Айқындылық – автор белсенділігінің көрсеткіші, оның жобалау нысанына көркемдік көзқарасы, эмоционалдық бейнелерді таба білуі. Қажетті айқындылықты таба білу - киім дизайнерінің басты мақсаттарының бірі.

Жасалып біту – костюм композициясының маңызды қасиеттерінің бірі. Көрермен назарына ұсынылған киім моделінде өзгерту, алып тастау тілегін тудыратындай артық бөлшек, элементтер болмауы тиіс. Басқаша сөзбен айтқанда, жасалып біту – бұйымның дайындық дәрежесін көрсететін қасиеті, модель жасау жобасының қорытындысы, костюм композициясына ешқандай өзгеріс енгізу қажеттілігінің жоқтығын көрсететін көрсеткіш. Жақсы ойластырылып, үйлестірілген костюм композициясына ешқандай өзгеріс ендіру талабы туындамайды, яғни ешнәрсе қосу немесе алып тастау қажеттілігі туындамайды, костюмнің біртұтастығын бұзуға болмайды. Жасалып біту костюм композициясының қасиеті ретінде негізгі үш ережеге сүйенеді, ережелерді бұлжытпай орындау арқылы қажетті нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бірінші ереже – бүтін біртұтас бұйымның бірлігін бұзатын элемент қосуға болмайды.

Екінші ереже – бұйымның бөліктері мен элементтерін алып тастауға немесе басқа элемент қосуға болмайды, яғни бұйым бірлігін бұзуға болмайды.

Үшінші ереже – бұйым бөліктерінің орналасу тәртібін өзгертуге, орындарын ауыстыруға болмайды. [3]

Біртұтастық - костюм композициясының бұл қасиеті композиция элементтерінің өзара іс-әрекет ету жүйесін сипаттайды. Жаңа костюм формасын жобалаушы – суретші, пішіннің барлық элементтері көлемдерінің үйлесімділігінің, қажетті қатынастарын ойластырады. Композиция біртұтастығы болуы үшін бірнеше қажетті ережелер орындалуы тиіс. Адам мүсіні жалпы аядан бөлек қарастырылуы тиіс, яғни белгілі ортаға орналасқанда айқын көрінуі керек. Мүсіннің қоршаған ортада ерекшелену ережесі – костюм тартымдылығын арттырудың әдісі. Бұйымның біртұтастығын көрсететін ереженің бірі – форманың және оның бөліктерінің жинақы (компактно) орналасуы. Форманың бөліктері мен элементтерінің шамадан тыс көп болуы көрермен назарына оғаш көрінеді. Сондықтан, киім дизайнері костюмді тартымды көрсететіндей бөлшектер мен элементтер санын анықтауы керек. Костюмнің функционалдық мақсатына сәйкес оның бөліктерінің пропорционалдылығы сақталуы қажет.

Тепе-теңдік – костюм композициясының маңызды қасиеттерінің бірі. Композицияның әрбір элементі көрермен назарына өз орнында, тұрақты, пропорционалды жағдайда орналасуы шарт. Костюм тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін барлық элементтер үйлесімді орналасуы қажет. Тепе-теңдік жағдайы көз мөлшермен анықталады. Костюм тепе-теңдігінің факторлары:

- Пішіні
- Көлемі
- Мөлшерлері
- Түсі
- Фактурасы
- Декоры
- Ырғағы
- Орналасуы және т.б.

Костюмнің тұтастылығы және бөліктерінің үйлесімділігі элементтерінің бірлік әрі байланыс қасиеттерінің бірнеше шарттары орындалғанда ғана жүзеге асады: бөліктердің өзара үйлесімділігі, өлшемділігінің масштабтылығы, пропорционалдығы, ырғақтылығы; байланысы, созылмалылығы, түстік және фактуралық үйлесімі. Композициялық қасиеттердің таңдалуы көркемділік ойға, бейнелілік мазмұнына және костюмнің арналуына байланысты. Олардың қолданылуы бұйымдарға қойылатын функциялық және құрылымдылық талаптарға сай болуы қажет. Киім композициясының негізін киім бөліктерінің жиынтығы, осы көлемдердің арақатынасы, киімнің жалпы шамаластығы оның силуэтті құрайды. Пішіннің мәнерлік деңгейі осы негізгі көлемдердің өзара үйлесімділігіне, пішіндеріне және костюмдегі табылған жалпы

пропорцияға байланысты. Костюм композициясында, қасиеттерінің арасында суретшілер пропорцияны (шамаластық), бірінші орынға қояды. [4]

Костюм композициялау элементтерінің бірі сәндеу. Киімді сәндеу барысында киім сызығына, пішіміне, матасына, құрылысына, түсіне үйлестіре таңдау қажет. Сәндеу бұл киімге қосымша әсемдік беру мақсатында қолданылады. Бірақ, сәндеу кез – келген костюмде қолданылмайды. Тарихи кезеңдерде киімді сәндеу элементтері киім тігуде негізгі рөл атқарды. Мысалы, бір киімнің өзінде әртүрлі сәндеулерді қолданып киімді ауырлатып, тіпті адамнан киім басым етіп көрсетеді. 1912 жылы модада қазіргі кездегі мода ағымындағы сәндеулер қолданылған. Тарихи кезеңдерде мода ағымына байланысты киімді сәндеуде және оны пайдалануда өз ерекшеліктері болады. Моданың уақытша ағымы барысында сәндеудің кейбір түрлері қайталанып отырады. Тоқыма, бау, таспа, сутаж, кең түрде қолданылатын. Осы таспа мен сутажды 70-жылдардың басында мода ағымына қайтадан киімді сәндеу қолданылатын жаңа композициялық шешімін тапқан.

Қазіргі кезде киімді сәндеуде мынадай сәндеулер қолданылады: үлпек, табиғи және жасанды үлпектер, мата, тоқыма теріледі және жасанды ұсақ түйек заттар машина тігістері, опликация, моншақтар, кестенің түрлері, шашақтар т.б. және сонымен қатар бүрмелер, буфалар, қатпарлар және бантиктерді әр түрлі материалдардан киімді әшекейлейді. [5]

Әдебиеттер:

- 1 Тәкішева Г., Асанова Б. Киімді модельдеу және көркемдік безендіру. Астана Фолиант 2012. – 160б.
- 2 Уалиев Б.М., Мукаева А.М. Костюм композициясы: оқулық құрал - Тараз, 2014 – 140б.
- 3 К. Дагддиян. Декоративная композиция. Феникс., 2018
- 4 Жунисова, Н. Композиция. Оқу құралы / Шымкент, 2020.- 90б.
- 5 Жүзеева, К.Е. Композиция-II. Оқу құралы / Шымкент: ХГТУ, 2020.- 83 б.

ОӘЖ 7.035

МОДЕРН СТИЛІНДЕГІ КОСТЮМНІҢ МОТИВТЕРІ

Ыдрысбек Н. Қ. ДЗ-02 топ білім алушысы

Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы **Шуланбекова С. Б.**

Орталық Азия инновациялық университеті

Резюме

В статье раскрыты о новых направлениях в создании коллекции одежды, демонстрируя девушкам современные модные мотивы из новых, высококачественных тканей-материалов, сохраняя при этом мотивы исторического костюма в современном стиле. Сегодня важно не только удивлять окружающих модной одеждой, но и чувствовать себя комфортно и комфортно в соответствии с возрастом.

Summary

The article reveals new directions in creating a collection of clothes, showing the girls modern fashion motifs from new, high-quality fabrics-materials, while preserving the motifs of historical costume in a modern style. Today it is important not only to surprise others with fashionable clothes, but also to feel comfortable and comfortable in accordance with age.

Ауыр және сәнді киімдердің орнына жаңа Модерн стилі келді. Ол XIX ғасырдың 90-жылдарында Еуропада пайда болған болатын. Бұл жаңа және оңай нәрсеге көшу болды. Керемет, жоғары сапалы киімдер кез-келген әйел өзіне рұқсат ете алмады,

өйткені бұл арзан ләззат емес еді. Модерн жанрындағы киім қарапайым және талғампаз болды, бұл тергеу және арзан болды. Рас, бұл жанр ұзаққа созылмады. Ол бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен аяқталды.

Пол Пуаре әлемге Модерн жанрындағы киімдерді бірінші болып көрсетті. Ол экзотиканы, жапон мотивтерін, тарихи жаңғырықтарды, тіпті Готиканы біріктіреді. Модерннің өзіне тән негізгі сипаты болып табылады:

- гүлді ою;
- тығыз стильдер;
- нәзік түс схемасы;
- декордың басым болуы.

Киім стильдері әйел денесінің әр бөлігін ерекшелейді: көтерілген иықтар мен s-тәрізді силуэт, асимметриялық киімдер. Мұның бәрі әйелге патшайым сияқты сезінуге мүмкіндік береді. Біраз уақыттан кейін стильдің негізгі идеясы табиғатпен байланыс болды, яғни киімге түрлі ою-өрнектер мен силуэттерді қосу болды. Сәнгерлер өрнектер жасауда көбелектер немесе инеліктерді бейнелеп салады. Киімдер қарапайым, жеңіл және керемет әдемі болды. [1]

Модерн стилі екі тармаққа бөлініп, одан әрі дамыды:

- консервативті стиль;
- реформаторлық стиль.

Көптеген жылдар бойына, сол кездегі ғана адамдар киім-кешектердің ыңғайлы

болуы керек деп ойлай бастады. Реформаторлар әйелдердің денсаулығы туралы ойлады. Егер консервативті стиль корсет киюді қарастырса, онда реформаторлық стилде ол тыйым салынды. Бірақ ол әйелдерге арналған мини юбка, жалындаған шалбар мен юбка және кең көйлек ашты. Ақыр соңында, консервативті стиль жойылып, барлық күштер ең үлкен жайлылықты жасау үшін лақтырылды. Бұл стильдің дамуы кезінде тағы бір таңқаларлық бағыт пайда болады – суфрагистік. Бұл қыздар талғампаздық пен ұшатын көйлектерден бас тартуы керек деп негізделді. Суфрагеттер барлық нәрселерде еркін кесуді жөн көреді және осы түрдегі еркектерге көбірек ұқсайды.

Модерн стилінде жарқын аксессуарлар өзекті болып табылатын. Таңдауды дұрыс жасау арқылы ол кескінді толығымен жасай алды. Шляпалар, жабындар, жарқын шарфтар танымалдылыққа әкелді. Зергерлік бұйымдардан - металл тізбектер, моншақтар болды. Кружевалық қолшатыр - бұл бөлек тақырып. Ол жұмбақтың бейнесін береді деп есептеді. Модерн стилі әйелдерге мәңгі сұлулық пен гүлге теңеу жасады. [2]

Модерн стиліндегі түстер және маталар - сол кездегі маталар тек сапасымен ғана емес, сонымен бірге бағасымен де ерекшеленді, ол қазіргі уақыттағыдай сияқты жоғары емес еді. Сондықтан киімдерді тігу барысында ең жақсы деген маталар қолданылған. Әрбір маталар байлық пен сән-салтанатқа толы. Пастелді реңктер үлкен сұранысқа ие болып отырды. Жасыл және қызғылт сияқты түстер де танымал болды. Көбінесе монофониялық матаны емес, гүлді басып шығаруды немесе жарқын шығыс үлгісін таңдады. Бүгінгі таңда дизайнерлер осы түстердің барлығын қара түспен біріктіреді. Рас, сонымен қатар батпақты, қызғылт, сары

гүлдермен тамаша үйлесетін әйгілі гүлді жылтыр басылымдар олды. Ең көп таралған баспа-геометриялық болып келді. Өз коллекцияларында мұны Пьер Карден көрсетеді. Ол өзінің бейнелеріндегі қарапайымдылықты баса көрсетеді.

XIX ғасырдың 90-жылдарында Модерн стилі танымалдықтың шыңында болды. Бүгінгі таңда осы стилдің қызу жанкүйерлері бар. Мысалы, Британдық McQueen сән үйі. Сән дизайнерлері заманауи стилдің барлық ерекшеліктерін заманауи киімге қосады және өз шешімдерінде мүлдем жоғалмайды.

Қазіргі заманғы аяқ киім киім сияқты ерекше емес. Мысалы, Versace шұлықтар мен аяқ киімдерді ұзартылған дөңгелек мұрынмен ұсынады. Louis Vuitton барқыт етік жиынтығын жасайды. Ал Валентино-жіңішке аяқтарда керемет көрінетін шілтер етік ұсынды. Ал іш киімдеріне келетін болсақ, қазіргі заманғы және қазіргі заманға дейін ерекшеленді. Қатты корсеттерден кең панталондар мен бюстгальтерге ауысу болды. Негізінен мұндай іш киімді тігу үшін жақсы қымбат шілтер таңдалады, оны бәрі бірдей ала бермейді. [3]

Бүгінгі таңда дизайнер немесе стилист суретшінің міндеті-шындыққа көркемдік көзқарасын қалыптастыру, оны жеке өзгерту немесе өзіне берілген материалдың шығармашылық практикалық қызметі арқылы өзіндік стиль жасау. Бұл процесс сұлулықтың жалпы заңдарымен ғана емес, сонымен бірге мәдениетте де, күнделікті өмірде де, техникада да және т. б. барлық салалардағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, олардың белгілі бір уақыт кезеңінде дамуына байланысты объективті өлшемдерге ие болуы керек.

Қазіргі кездегі отандық және шетелдік дизайнерлердің жұмыстарын қарастыра отырып, дизайн мамандығы бойынша жаңа арнайы технологиялар өте белсенді және қарқынды дамуда екенін байқадым. Мысалы, өнімді ұсыну үшін компьютермен дизайн дайындау, компьютерге эскиз салу, мата мен төсемнің қай мөлшерде кететінін анықтау. Оның пластикасы, өрнегі, түсі және құрылымы, сызықтардың экспрессивтілігі, пропорционалды формалары, мұның бәрін жаңа технологиялардың арқасында көрсетуге болады. Эскиздерді дайындау кезінде жылтыр бояуды, тушь, акварель, гуашь қолданудың дұрыс бағыты және оларды тиімді қолдану қарастыру өте маңызды. Біз жас дизайнерлер өз заман талабымызға сай брендімізді қалыптастыру арқылы отандық киімді тұтынуға шақырамыз. [4]



Сурет 1. Модерн стильдегі заманауи киім үлгілерінің коллекциясы

Сән тарихы костюмнің даму тарихымен тығыз байланысты, бірақ олардың арасында тең белгі қою мүмкін емес, өйткені сән әлеуметтік құбылыс ретінде өнер тарихшылары тек Орта ғасырдың дәуірін, дәлірек айтсақ, XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басын белгілейді. Дәл осы уақытта киімнің даму процесі сәнге тән белгілерді алады: костюм бұрынғыдай ұлттық немесе аумақтық емес, жалпы еуропалық құбылысқа айналады; оның формалары салыстырмалы түрде жиі ауыстырылады; киімде сансыз күрделі жаңалықтар пайда болады, олар тез арада ортақ тәуелділікке айналады, яғни қоғамдастық еліктеудің толқуын қамтиды.

Адамның жаңалыққа, мәдениеттің барлық көріністерінің өзгеруіне деген үздіксіз құлшынысы киім жасаушыларды үнемі жаңа формалар мен құрылымдарды іздеуге мәжбүр етті. Ежелгі дәуірден бастап шынайы уақытқа дейін дизайнер — модельердің белсенділігі осыған байланысты. Рас, костюм жасауға қатысқан суретшілер бұған дейін аталмаған. Бұл шілтер, кесте тігу бойынша белгісіз шеберлер; мата сызбаларында жұмыс істейтін қолөнершілер; тігіншілер. Олар сәнге айналған, таңдалған шеңберге арналған ерекше костюмдер ойлап тапты, мыңдаған адамдар арасында атақты жеңіп алды. Біздің уақыт сәнді циклдердің тез өзгеруімен сипатталады. Сәнді жақсарту процесінің белгісі-олардың маусымдық өзгеруі: көктем-жаз және күз-қыс. Осыған байланысты біз сән үрдістерінің тез өзгеруін, киімдегі жаңа формалардың қалыптасуын қадағалаймыз. [5]

Дизайнер, шын мәнінде, жаңа тақырып әлемін жасайды. Өнер бұл әлемді бейнелейді. Дизайн әрқашан бұрыннан бар объективті әлемді жетілдіруге, прогрестің әсерінен өзгертін объективті әлемнің жаңа функциялары мен сапасын көрсететін қоғамның имиджі мен өмір салтының өзгеруіне сәйкес адамның жедел және жаһандық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Киім дизайны -

бұл жаңа әлемнің өзгерген бейнелеріне сәйкес киімнің жаңа түрлерін, заттарын, бейнелерін жасау. Оның дәстүрлі нысандар әлемінің «безендірілуіне» ешқандай қатысы жоқ. Костюм дизайны - бұл көркемдік дизайн, бірақ киімнің көркемдік безендірілуі емес. Бұл түбегейлі айырмашылық қазіргі заманғы өнердің өмір сүру формаларын талдауда одан да айқын болады. Дизайн бойынша кейбір жұмыстар мен оқулықтарда қазіргі авторлар костюм дизайнына қолданбалы өнер объектісінің рөлін береді. Мұндай жұмыстарда костюм гобелендермен, әшекейлермен және басқа да қолданбалы өнер туындыларымен салыстырылады. Мұның бәрі, олардың практикалық функциясынан басқа, эстетикалық бағытқа ие. Бұл костюмді қолданбалы өнер өніміне жатқызуға құқық береді, өйткені материалдық, практикалық және көркемдік-эстетикалық функцияларды біріктіретін объект өнердің осы түрінің туындысы болып саналады. [6]

Әдебиеттер:

1. Журнал. «Модели сезона», М. 10/2014 г.
2. Журнал. «Бурда», М. 01/2015 г.
3. Төлебиев А. өнер өрісі. А."өнер" 2016.
4. Оспанова, А.Д. Қазақ костюмін модельдеу және жобалау Практикалық сабақтар:Оқу құралы/ А.Д.Оспанова, Шымкент,2018- 96 б.
5. Эберле, Х.Киміді көркемдеп безендіру және модельдеу [Мәтін]:Оқулық / Х.Эберле;ағылшын тілінен аударылған. – Нұр Сұлтан:Фолиант, 2019.-344
6. Киімді этнодизайн негізінде жобалау I-II: практикалық сабақтарға арналған оқу-әдістемелік құрал /Құрастырушы: А.Д.Оспанова .- Шымкент: Халықаралық гуманитарлық –техникалық университеті, 2020. - 84б.

УДК 378.091

ИНТЕРАКТИВНАЯ ЛЕКЦИЯ КАК МЕТОД ОБУЧЕНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ИНФОРМАЦИОННОМУ, БИБЛИОТЕЧНОМУ И АРХИВНОМУ ДЕЛУ

**Кукеева М.К.-к.пед.н.,ст.преподаватель
Университет имени Жумабека Ташенева
Шымкент, Казахстан**

**Шамбулова Х.К., руководитель библиотеки ЮКГПУ,
Шымкент, Казахстан.**

Түйін

«Классикалық дәріс» және «интерактивті дәріс» ұғымдары ақпараттық, кітапханалық және архив ісі саласындағы мамандарды кәсіби даярлау құрылымында кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың дидактикалық әдісі ретінде қарастырылады; интерактивті дәрістердің түрлері, мысалы, дәріс- конференциялар, лекциялар-экскурсиялар талданады, кәсіби оқу циклінің әртүрлі пәндерін оқу барысында интерактивті дәрістер қолдану мысалдары беріледі.

Summary

The concepts of "classical lecture" and "interactive lecture" As a didactic method of formation of professional and communicative competence in the structure of professional training of specialists in information, library and archival affairs are considered; varieties of interactive lectures, such as

lectures -conferences, lectures-excursions are analyzed; examples of the use of interactive lectures during the study of various disciplines of the professional cycle are given preparation

Постановка проблемы. Важным условием эффективной подготовки будущих специалистов по информационному, библиотечному и архивному делу есть использование интерактивных дидактических методов во время проведения аудиторных занятий. Одним из распространенных методов, применяемых в образовательном процессе подготовки специалистов, есть метод лекции, который сегодня должно приобрести признаки интерактивной лекции, а его использование должно обеспечивать качественное формирование профессионально-коммуникативной компетентности (ПКК) будущих специалистов информационно-библиотечной отрасли как неотъемлемой составляющей их профессионализма. В связи с этим считаем предлагаемое исследование актуальным, поскольку именно интерактивная лекция способна повысить мотивацию студентов к обучению, всесторонне способствует решению проблемы повышения качества их профессиональной подготовки, а в дальнейшем и конкурентоспособности на современном рынка труда.

Цель статьи - проанализировать разновидности интерактивной лекции в процессе профессиональной подготовки специалистов по информационной, библиотечной и архивного дела. Согласно цели, во время исследования использованы методы анализа (изучение документной информации-образовательной программы, учебных планов; учебно-методических комплексов дисциплин), отбора (исследование проблемы в разрезе отдельных учебных дисциплин), систематизации (приведение полученных результатов в определенную систему), классификации (благоустройство разновидностей интерактивной лекции)

Изложение основного материала исследования. В научном дискурсе лекцию определяют как метод, с помощью которого педагог в словесной форме раскрывает сущность научных понятий, явлений, процессов, логически связанных, объединенных общей темой.

Опираясь на концепцию традиционного обучения, можно проследить развитие лекции от классической к такой, где созданы реальные условия для взаимодействия ее участников, обсуждающих теоретические вопросы, и которая уже перестает быть собственно лекцией. В соответствии с этим специалисты выделяют лекцию-беседу, лекцию-конференцию, лекцию-диспут, лекцию-провокацию, кино(видео)лекцию, лекцию-визуализацию, лекцию с применением техники обратной связи, бинарную лекцию и другие[1]. С помощью таких лекций задается последовательный переход от простой передачи информации до активного освоения ее содержания с привлечением механизмов теоретического мышления, психических функций. В этом процессе растет вклад самих студентов в обсуждение содержания, растет роль диалогического взаимодействия и общения во время лекции, усиливается значение социального контекста при формировании профессионально важных качеств личности специалиста. И если преподаватель решил изменить свою деятельность в учебном процессе, то первым шагом к этому должно стать внесение изменений именно в лекцию как в наиболее известен

метод обучения» и добавляет, что интерактивные лекции «...не только обеспечивают трансляцию информации, но и привлекают внимание слушателей к наиболее важным проблемам и вопросам. При обсуждении используется опыт и знание слушателей, активизируется их познавательная деятельность. С целью формирования ПКК будущих специалистов по информационной, библиотечного и архивного дела в процессе профессиональной подготовки мы используем различные виды интерактивной лекции, среди которых особое внимание обращаем на лекцию с заранее запланированными ошибками, лекцию-конференцию и лекцию-экскурсию. Проведение таких лекций предусматривает организацию прежде всего фронтальной работы-взаимодействие преподавателя и студентов, когда все студенты одновременно выполняют одинаковую работу, обсуждают, сравнивают и обобщают полученные результаты[2].

Организация фронтальной работы предоставляет возможность работать со всеми студентами одновременно, общаться с ними, привлекать их к обсуждению вопросов, рассматриваемых на лекции. Это способствует, во-первых, развитию взаимного доверия между студентами, а также между студентами и преподавателем, во-вторых, воспитанию чувства коллективизма, в-третьих, формированию умения активно слушать, обмениваться мнениями, сравнивать их со своими, логически рассуждать, анализировать мнения других, находить ошибки в суждениях и т. Все это делает возможным формирование соответствующего уровня ПКК как важной составляющей профессионализма будущих специалистов информационного, библиотечного и архивного дела[3]. Проанализируем более подробно использование указанных выше разновидностей интерактивной лекции .Лекция с заранее запланированными ошибками. Необходимость развития у студентов-будущих специалистов информационно-библиотечной отрасли умений оперативно анализировать профессиональные ситуации, выступать в роли экспертов, оппонентов, рецензентов, вычленять неверную или неточную информацию обуславливает необходимость разработки и использования в процессе их профессиональной подготовки лекции с заранее запланированными ошибками. На этапе подготовки к проведению лекции с заранее запланированными ошибками необходимо намеренно ввести в ее текст определенное количество ошибок содержательного или фактологического характера, о чем в начале самой лекции сообщить студентам. Их задача-найти эти ошибки и исправить их. Например, рассматривая развитие архивного дела в Казахстане ввести примеры с ошибками в датах, наименовании управленческих организаций архивного дела тех лет. управления делопроизводства в тридцатые годы, которое студенты изучали накануне. Внимательный студент, овладевший материалом прошлой лекции, сможет сразу заметить ошибку и, соответственно, исправить ее. Такая работа способствует систематизации знаний, развитию мотивации к овладению новыми знаниями, желанию найти и исправить ошибки. Опыт чтения лекций с заранее запланированными ошибками показывает, что студенты не сразу, но со временем, как правило, начинают находить запланированные ошибки (их перечень следует предоставить на заключительном этапе занятия), а это указывает на развитие их произвольного внимания, памяти,

активной мысленной деятельности[4]. Такая работа значительно повышает мотивацию студентов к обучению и общению, пробуждает дух соревнования, заинтересовывает тем, что студенты подгруппы, которая одержит победу, имеют право дать задание студентам других подгрупп. Это может быть задача творческого характера, например, подобрать пять-семь высказываний известных библиотекведов, библиографов, книговедов Казахстана о своей работе, несколько примеров о роли библиотек, архивов в социальной жизни общества.

Итак, лекция с заранее запланированными ошибками не только выполняет диагностическую и контрольную функции, но и также стимулирует активную мысленную деятельность студентов, их коммуникативное взаимодействие, развивает внимание, память, восприятие, формирует эмоционально-волевую сферу, воспитывает культуру поведения.

Лекция-конференция. Такая лекция сосредотачивает и мобилизует духовные силы студентов, развивает познавательные интересы, обеспечивает полноценное повторение и закрепление учебного материала. Как указывает В. Ортынский, лекции-конференции проводятся как научно-практические занятия с поставленной проблемой и системой докладов, длительностью 5-10 мин. Каждое выступление представляет логически заверченный текст, заранее подготовленный в рамках предложенной преподавателем программы[5]. Совокупность представленных текстов позволит всесторонне осветить проблему. В конце лекции преподаватель подводит итоги самостоятельной работы и выступлений студентов, дополняя или уточняя предложенную информацию, и формулирует основные выводы. Итак, готовя лекцию-конференцию, например, по дисциплине «Отраслевые информационные ресурсы», можно заранее предложить 3-4 студентам подготовить определенные темы для доклада, которые бы последовательно раскрывали общую тему занятия «Информационные ресурсы гуманитарных наук». Следует заметить, что студентам нужно предоставлять индивидуальные консультации по существу вопроса и отбора литературы, тем самым организуя индивидуальную работу будущих специалистов. Остальным студентам можно посоветовать подготовиться к обсуждению, чтобы во время самой лекции они смогли задавать докладчикам вопросы, высказывать критические суждения и дополнения[6].

Для более эффективного проведения, такая лекция, на наш взгляд, требует изменения пространственного расположения слушателей: следует размещать студентов не один за другим, а в виде круга, что сразу изменит психологический климат в аудитории, будет способствовать диалогическому включению в общение, в том числе с помощью невербальных средств - позы, мимики, жестов и тому подобное, активизирует желание высказать мысли по поводу проведенного занятия, внести предложения по улучшению подготовки, организации и проведения таких лекций. Использование метода лекции-конференции имеет, без преувеличений, важное значение для формирования ПКК как важной составляющей профессионализма у будущих.

Лекция-экскурсия. Слово «экскурсия» латинского происхождения, оно означает "вылазку", посещение какого-то места или объекта с целью его изучения.

Лекция-экскурсия - это особая организация взаимодействия преподавателя и студентов. В процессе изучения дисциплин профессиональной и практической подготовки («Архивоведение», «Библиотековедение», « Библиография», «Информационная деятельность библиотеки») для студентов организуются экскурсии по библиотекам, архивам, музеям города Шымкента. Знакомят с работой их структурных подразделений, книжными и электронными ресурсами. Во время лекции-экскурсии безусловно возникает оживленное обсуждение полученной информации, преподаватель отвечает на вопросы студентов и задавал вопросы сам, на которые студенты, как показывает опыт, добровольно дают ответы, дополняя друг друга, обмениваясь мнениями. В конце занятия при подведении итогов и обобщении полученной информации, студентам можно дать групповые и индивидуальные задания, например, сделать записи об основных впечатлениях, подготовить эссе и т. д. Целесообразно использовать и другой вариант проведения лекции-экскурсии нужно разделить на подгруппы, каждая из которых должна получить свой маршрут экскурсии и свою задачу и отчитаться перед преподавателем и другими студентами по решению поставленных перед ними задач, ответить на вопросы, обсудить спорные моменты, внести предложения по улучшению работы подразделения[7].

Практикуется проведение на практических и семинарских занятиях проведение экскурсий по крупным архивам, библиотекам в экскурсий в онлайн-режиме по всему Казахстану. Это способствует приобретению новых знаний, формированию ценностного отношения к культурному достоянию человечества. Так, например, на занятиях по библиотековедению можно использовать - сайт «Национальная Академическая библиотека РК <https://nabr.kz/>; на занятиях по информационной деятельности библиотек - сайт « Национальный центр государственной научно-технической экспертизы» <https://www.ncste.kz/ru/>, на лекциях по архивоведению сайт «Национальный архив Республики Казахстан» <https://www.ulttykarhiv.kz/ru>. Подытоживая, заметим, что проведение лекций-экскурсий способствует накоплению у студентов-будущих специалистов по информационной, библиотечной и архивного дела научных, жизненных фактов, обогащают чувственный опыт, формирует умение замечать, видеть отдельные детали, их место в социальной жизни Республики способствует развитию эмпирического мышления, воспитывает любознательность, внимательность, визуальную культуру, нравственно-эстетическое отношение к действительности, то есть способствует эффективному формированию их профессионализма.

Выводы. Итак, использование дидактического метода интерактивной лекции побуждает будущих специалистов информационно-библиотечной отрасли к активной мыслительной и профессионально-коммуникативной деятельности в процессе овладения учебным материалом, направляет их главным образом не на получение готовых знаний, их запоминание и воспроизведение, а на самостоятельное овладение знаниями, обеспечивает развитие познавательных интересов и способностей, творческого мышления, умений и навыков умственного труда, формирование ПКК как неотъемлемой составляющей профессиональной компетентности. Перспективой дальнейших исследований

являются – исследование, сосредоточенные на вопросах по использованию различных форм и средств организации профессиональной подготовки будущих специалистов по информационному, библиотечному и архивному делу.

Литература

1. Ибрагимов Г.И. Трансформация лекции в современной высшей школы// Высшее образование в России.2022.№ 7.С.96-112
2. Челнокова Е. А. Интерактивная лекция как современная форма обучения в вузе //Балтийский гуманитарный журнал. 2020. Т. 9. № 3(32)
3. Голованова И.И. Практики интерактивного обучения: метод. пособие / И.И. Голованова, Е.В. Асафова, Н.В. Телегина. – Казань: Казан. ун-т, 2014. – 288 с
4. Ступина С.Б. С88 Технологии интерактивного обучения в высшей школе: Учебно-методическое пособие. – Саратов: Издательский центр «Наука», 2009. – 52 с.
5. Активные и интерактивные образовательные технологии (формы проведения занятий) в высшей школе[Электронный ресурс] : учеб. пособие / сост. Т.Г. Мухина. – Н. Новгород: ННГАСУ, 2013. – 97с. – (дата обращения: 21.11№2022) Режим досупа www.nngasu.ru/education/high_education/education_manual.pdf.
6. Андронова, Т. А. Активные и интерактивные формы проведения занятий для бакалавров и магистров [Текст] / Т. А. Андронова, О. А. Тарасенко // Юридическое образование и наука. – 2013. – № 2. – С. 33-37.
7. Щилова Е.А.Социокультурная компетентность как показатель качества профессиональной подготовки специалиста // Высшее образование в России.2020.№ 5.С.95-105.

ӘОЖ 81'1/.3:311

ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мамаев Қ.С. – ф.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются возможности изучения текста лингвостатистическими методами

Summary

This article discusses the possibilities of studying the text by linguostatistical methods

Компьютерлік техниканың дүниеге келуі қазіргі кезде инженерлік-экономикалық есептерді шешуді жеңілдетумен қатар, білім саласының қарыштап дамуына да игі әсер етті. Компьютер бұл күндері практикалық тіл білімі саласындағы, әсіресе, еңбекті көп қажет ететін іс-әрекеттерді ішінара автоматтандыруда, мәтін түріндегі материалдарды әр алуан белгілеріне қарай сұрыптауда жиі пайдаланылып жүр.

Лингвистикалық зерттеулерді автоматтандыруда «адам-машина-адам» жүйесі басшылыққа алынады. Осыған орай, адам мен компьютер қызметіндегі кейбір ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралап көрсетуге болады. Атап айтқанда, компьютер шапшаң әрекет жасайды және барлық амалдарды дәлме-дәл орындайды, оның жадындағы ақпарат ұзақ мерзім бойында сақталады, әрі қажетті

сәтінде қолма-қол іздеп табуға мүмкіндік бар. Ал адамның ми қызметінің ерекшелігі – эвристикалық (тапқыштық) қабілетінде. Демек, лингвистикалық зерттеулерді автоматтандыру жұмысы компьютердің аталған мүмкіндіктері мен адамның ойлау қабілетінің ерекше қасиеттерін ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

Лингвистика ғылымының негізін қалаушы ғалымдардың бірі Дж. Гринберг нысандарды зерттеудің қарапайым түрімен шектеліп қоймай, оларды салыстыру мен жіктеуге көшу керектігін «Один из шагов, которое должна предпринять любая наука, если она хочет ясно осмыслить потенциальные возможности своего научного метода, заключается в том, чтобы, не ограничиваясь простым описанием изучаемых объектов, перейти к их сравнению и классификации» атты пікірімен тұжырымдаған [1, 60-61 бб.].

Тілдік құбылыстардың сандық сипаттамаларын зерттеу тіл білімінде тосын жаңалық емес, өйткені ол өткен ғасырдың 60-70 жылдарына дейін айқындалмаған пішінде қолданылып келді. Өзге қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары сияқты тіл білімінде де сандық бағалаулардың қажеттілігі теориялық лингвистиканың алдына жаңа мақсаттар қойды.

Бұл мақалада түрлі сала бойынша дайындалған ғылыми мақалалар мәтіндерінің сөздік қорын зерттеуде статистикалық әдістерді қолдану мүмкіндіктері қарастырылған [2, 3].

Сөздік қор – күрделі объект, көптеген теориялық және қолданбалы есептерді шешуде оның кейбір қасиеттері, дербес жағдайда, негізгі сандық сипаттамалары негізге алынады. Көлемі алдын ала белгілі мәтін мен оның сөздігі арасындағы ықтималды сандық қатынасты анықтау, мәтін бойынша сөздердің үлестірілу түрін болжау, мәтін көлемінің өзгеруіне қарай сипаттамаларының өзгерісін білу қажеттігі туындайды. Сандық бағалауларды қолданып, қарапайым тәсілдер арқылы дәлелді тұжырымдар алуға мүмкіндік беретін зерттеудің объективті әдістемесін құруға болады. Мәтінді бұлайша зерттеу ана тілі мен шет тілін оқытудың тиімді әдістерін анықтауға, хабарламаларды лексикалық тұрғыдан кодтау әдістерін құруға, сондай-ақ, ғылыми ақпараттарды автоматты түрде өңдеуге, сақтауға және тұтынушыларға тасымалдауға қатысты мәселелерді шешуге игі ықпал етеді.

Тілдің сөздік қорын зерттеуде статистикалық әдістерді қолдану жиілік сөздіктерді құрастырумен тығыз байланысты.

Жиілік сөздіктер ана тілін, шет тілін оқытуды жетілдіру, сөйлеу тілі немесе жазба тіл негізі болатын түрлі кодтау жүйелерін жетілдіру, сөз тұлғаларының, сөздердің, сөз тіркестерінің қолдану жиілігі бойынша жекелеген әдеби мұраларды, авторлардың шығармаларын зерттеу мақсатында дайындалады.

Қ.Б.Бектаев – бүкіл түркі тілдеріне алғаш рет лингвистикалық статистика әдісін қолданудың ғылыми негізін қалаған ғалым [4]. Оның еңбектері инженерлік лингвистика ғылымы бағытының пайда болуы мен дамуына үлкен үлес қосты. Сөздердің жиіліктерін зерттей келе олардың үлестіру заңдылығын анықтаған, бұл заңдылық тіл білімінде «Бектаев эффектісі» деп аталады. Ғалымның «Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі» (1972), 2 томдық «Математические методы в

языкознании» кітабы (1973-1974), авторлық бірлестікте Мәскеу қаласында жарық көрген «Математическая лингвистика» (1977) оқулығы, «Статистико-информационная типология тюркского текста» (1978), «М.О.Әуезовтың «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» (1979), «Орысша-қазақша математикалық сөздік» (1986), «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика» (1990), «Қысқаша қазақша-орысша сөздік» (1989, 1991), «Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі» (1999) еңбектері қазақ тіл білімінің лингвостатистикалық әдістермен зерттеуге негізделген жаңа саласын дамытуға қосқан ерен үлесін көрсетеді.

Елімізде профессор Қ.Бектаевтың жетекшілігімен А.Қ.Жұбанов, Д.Ә.Молдалиева-Байтанаева, Қ.Молдабек, А.Д.Белботаев, Б.Қалыбеков және т.б. ғалымдар зерттеулерінде лингвостатистикалық тәсілдерді тіл білімін зерттеуде қолданған.

Біздің 1992-1995 жылдары жарық көрген бастауыш сынып оқулықтары мәтіндеріне, 1970, 1990 жылдардағы бастауыш сынып оқулықтары және балалар әдебиеті мәтіндеріндегі жиіліктері жоғары сөздердің лингвистикалық табиғатына жүргізген талдауларымыз, қазақ тілін тиімді оқыту мақсатында лексикалық қорды таңдау барысында анықтаған шарттарымыз қазақ грамматикалық жүйесі жалпы түркі тілдері жүйесі сияқты саны шексіз сөз тұлғаларын туындатуға бейімдігін көрсетті [5, 6].

Осыған орай, мәтіннің лексикалық-статистикалық құрылымын зерттеуде сөз тұлғасының орташа қайталануын, жиілік сөздіктердің түрлі телімдерінің жиі кездесетін сөз тұлғаларымен қамтылуын анықтаудың мәні зор.

Профессор Қ.Бектаевтың жиілік сөздіктерді құрастыру алгоритмі негізінде 1990 жылдары есептеу жылдамдығы төмен IBM PC компьютерлерінде MS DOS жүйесіне арналып дайындалған жиілік сөздіктерді құрастырудың компьютерлік программалары қолданылды. Мәтінді өңдеуде MS DOS жүйесінде жұмыс істеуге арналған MultiEdit мәтіндік редакторы пайдаланылып, аталған редактордан MS Word мәтіндік процессорына аударатын компьютерлік арнайы программалар қолданылды.

Қазіргі таңда, компьютерлік техниканың соңғы мүкіндіктерін пайдалана отырып, біздің тарапымыздан мәтінді MS Excel, MS Word офистік программаларымен Windows ортасында өңдеп, жиілік сөздіктер құрастыру жолдары анықталды. Осы мақсатта MS Excel процессорына сөздерді кері ретпен жазу макросы қосымша енгізіліп, MS Excel мен MS Word процессорларының мәтінді өңдеуге қатысты стандартты функциялары қолданылды.

Біздің тарапымыздан Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) бойынша және п.ғ.д., профессор А.Жапбаров, п.ғ.к. Г.А.Жапбаровалар тарапынан тіл білімі бойынша жарияланған ғылыми мақалалардың сөз тұлғаларының жиілік сөздіктері (ЖС), алфавиттік-жиілік сөздіктері (АЖС) және кері-жиілік сөздіктері (КЖС) құрастырылды [2, 3].

АЖС-те сөздер алфавиттік ретпен орналастырылып, әрбір сөз тұлғасы үшін қолдану жиілігі көрсетіледі (1-кесте). АЖС-тер мен ЖС-тер, әдетте, сөздерге және сөз тұлғаларына қатысты құрылады.

1-кесте – АКТ бойынша ғылыми мақаланың компьютерде дайындалған сөз тұлғаларының алфавиттік-жиілік сөздігінің үлгісі

i	Сөз тұлға	F_i	i	Сөз тұлға	F_i
1	АБСТРАКТІЛІ	1	11	АКТ	24
2	АВТОМАТТАНДЫРУ	8	12	АКТ-НЫҢ	2
3	АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ	1	13	АҚПАРАТ	2
4	АВТОМАТТАНДЫРЫЛУЫ	3	14	АҚПАРАТҚА	1
5	АВТОМАТТЫ	2	15	АҚПАРАТТАР	3
6	АГРЕССИВТІК	1	16	АҚПАРАТТАРДАН	1
7	АЙНАЛАТЫНДАЙ	1	17	АҚПАРАТТАРДЫ	6
8	АЙНАЛУЫНА	1	18	АҚПАРАТТАРДЫҢ	1
9	АЙНАЛЫСАДЫ	1	19	АҚПАРАТТЫ	9
10	АЙТҚАНДА	1	20	АҚПАРАТТЫҚ	20

Қандай да бір ЖС негізінде ондағы әрбір сөзді не сөз тұлғасын соңғы әрпі бойынша алфавит ретімен орналастыруға болады. Осындай сөздіктер *кері-жиілік сөздіктер* делінеді (2-кесте). КЖС-тердің әдістемелік қана емес, қолданбалылық және техникалық мәні де бар. Сөз тұлғаларының кері-жиілік сөздіктері сөз тұлғаларынан жекелеген сөздерді (лексамаларды), тәуелдік, септік, жіктік және көптік жалғауларын анықтауда қолданылады.

2-кесте – АКТ бойынша ғылыми мақаланың компьютерде дайындалған сөз тұлғаларының кері-жиілік сөздігінің үлгісі

i	Сөз тұлға	F_i	i	Сөз тұлға	F_i
1	НИКОЛАЕВА	1	11	ТАСТАУҒА	1
2	ТҰЛҒАҒА	1	12	АСЫРУҒА	1
3	БАСҚАҒА	1	13	ҰЙЫМДАСТЫРУҒА	2
4	ТҮПНҮСҚАҒА	1	14	ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА	1
5	ЖАҒДАЙЛАРҒА	1	15	ДАМЫТУҒА	1
6	ФАКТОРЛАРҒА	1	16	АЛУШЫҒА	2
7	ТАСЫМАЛДАУҒА	2	17	ДА	1
8	ЖИНАҚТАУҒА	1	18	ФОРМАДА	1
9	САҚТАУҒА	2	19	ПАЙДА	4
10	АНЫҚТАУҒА	1	20	АЛҒАНДА	2

Жекелеген сөздердің, сөз тұлғаларының жиіліктерінің кемуі не өсуі бойынша реттелген сөздіктер *рангілік-жиілік сөздік* немесе *жиілік сөздіктер* деп аталады (3-кесте).

3-кесте – АКТ бойынша ғылыми мақаланың компьютерде дайындалған сөз тұлғаларының жиілік сөздігінің үлгісі

i	Сөз тұлғалар	F_i	F_i^*	f_i	f_i^*	H_i	H_i^*
-----	--------------	-------	---------	-------	---------	-------	---------

1	2	3	4	5	6	7	8
1	ОҚУ	46	46	0,03392	0,03392	0,16560	0,16560
2	БІЛІМ	34	80	0,02507	0,05900	0,13333	0,29893
3	МЕН	26	106	0,01917	0,07817	0,10938	0,40832
4	ЖӘНЕ	25	131	0,01844	0,09661	0,10622	0,51453
5	АКТ	24	155	0,01770	0,11431	0,10301	0,61755
6	АҚПАРАТТЫҚ	20	175	0,01475	0,12906	0,08972	0,70727
7	ДЕРБЕС	18	193	0,01327	0,14233	0,08277	0,79004
8	ЖҮЗЕГЕ	18	211	0,01327	0,15560	0,08277	0,87281
9	АЛУШЫНЫҢ	17	228	0,01254	0,16814	0,07920	0,95201
10	ОҚЫТУ	16	244	0,01180	0,17994	0,07558	1,02759

Мұндағы: 3-бағанда сөздің абсолюттік жиілігі (F_i), 4-бағанда абсолюттік жиіліктердің жиынтығы (F_i^*), 5-бағанда салыстырмалы жиілік (f_i), 6-бағанда салыстырмалы жиіліктердің жиынтығы (f_i^*), 7-бағанда орташа синтаксистік ақпарат (H_i), 8-бағанда орташа синтаксистік ақпараттар жиынтығы (H_i^*) берілген. 4-8 бағандардағы сандық мәліметтер MS Excel қолданбалы бағдарламасы арқылы автоматты түрде есептелді.

Мұхтар Шаханов – Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түркі Республикасының «Түрік дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» халықаралық сыйлығының және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері. Атақты ақынның алған марапаттарының бәрін санамалап көрсетуді мақсат тұтпадық, қажет дегендерін ғана атап өттік. Көрнекті қазақ ақыны М.Шахановтың шығармалары дүние жүзінің 30-дан астам тілдеріне аударылған. 2022 жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың барысында құрылтай мүшесі, биылғы жылы 80 жасқа толып отырған ақын Мұхтар Шахановты «Қазақстанның Еңбек ері» атағымен марапаттады. Халық қуанышында шек жоқ.

1959 жылы «Сырдария» атты өлеңі, 1966 жылы «Бақыт» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарияланып әдебиет әлеміне келген ақынның әр жылдар мұғдарында «Балладалар» (1968), «Ай туып келеді» (1970), «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Сенім патшалығы» (1976), «Құз басындағы аңшының зары» (Ш.Айтматовпен бірге), «Өркениеттің адасуы», «Мәңгүрттенбеу марсельезасы» (2008), «Желтоқсан эпопеясы» (Деректі роман. 2006), т.б. кітаптары жарияланып отырған.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің талантты түлегі Мұхтар Шаханов - шын мәніндегі дарын иесі. Ақын поэзиясы сан ғасырлық тарихымыздың ғажайып нәрін бойына сіңіріп, бүгінгі таңдағы жан толқытар сан алуан күрделі әрі ділгір мәселелерге ұлттық рух көзқарасымен келіп, кілт таба білуінде. Ақын Мұхтар шығармаларының негізгі тақырыбы – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті адамзат баласына паш ете отырып; ездікті, зұлымдықты, мәңгүрттікті жеріне жеткізе әшкерелеу. ХХІ ғасырға қадам басқан, тәуелсіздікке қол жеткізіп, азаттық айдынының ақ кемесіне мінген қазақ халқының ғасырлар бойы басынан кешкен бодандық қамытының кейбір қасіретін әлі де болса сілкіп тастауға мұршасы болмай жатыр. Осы жердегі әлқисаны ақиық ақын Шахановтың «Төрт анасымен» бастасақ. Ақын толғанысы былай басталады:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері - түп қазығы, айбыны,
Туған тілі - мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, салт-дәстүрі - тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі. Және туған тарихы.
Жыр жолдарының түйіні төмендегідей:
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана - тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы. [2.177.]

Тәуелсіздіктің 31 жылына қадам бақан қазақ елі жыр жолдарында айтылған қасиетті төрт ананың тағдырымен тыныстап жүр ме? Сұрақ көп, жауап әртүрлі. Төрт ана тағдырының ішіндегі ең бастысының бірі де бірегейі - туған тіліміз екені ақиқат құбылыс. Өз ұлтымыздың ішінен шыққан кейбір аға буын өкілдері, соның ішінде билік басында жүргендері де аз емес, тіпті енді жетіліп келе жатқан тәуелсіздік дәуірінің жас ұрпақтары бойынан туған тіліне қатысты сүйіспеншілікті, ұлттық рухты жоғалтып алғандары аз болмай тұр. Олардың дені орыс және батыс мәдениетімен, тіпті қытай, кәріс, жапон тілдерімен жете сусындаса да, өз ана тілінде екі ауыз сөйлем құрай алмайтыны жанға батады. Жарты әлемнің тілі мен мәдениетін, технологиясын игергендер өз халқының тіліне, яғни ана тіліне келгенде күнделікті тіршілік ауқымындағы жүрдім-бардым әңгімеден алыс ұзай қоймайтын және онысын кемшілік деп есептей бермейтін үлкен топ – ақын тілімен айтқанда «Космополит қазақтар» тобы пайда болды. Елімізде қалыптасып келе жатқан бұл жағдайға сын көзбен қарайтын мезгіл де жетті. Өз тілінен жеріп жүрген олардың мемлекеттік тілге бұрылуына, рухани құндылықтарды мойындауына және ұлтты рухты игеруіне мүмкіндігінше ат салысып келе жатқан белгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов өзінің «Космополит қазақтар» атты өлеңінде тереңінен ой қозғайды:

Безбүйрек нарықтың бәсейтіп даңғырын,
Зарланған, қорланған туған тіл тағдырын.
Космополит басшылар шешпей ме, шеше ме?
Тіліміз қала бере ме панасыз адамдай көшеде?
Ұлт үшін қазір бұл – Нөмірі бірінші мәселе.

Әр қазақтың жүрегінде, тілегінде белгілі қазақ ақыны Қадыр Мырзалиевтің «Ана тілің, арың бұл, Ұятың боп тұр бетте» деген аманаты мен мұңдалап тұратын уақыт жетті. Туған тілімізді безбүйрек нарық пен безбүйрек әлдекімдердің зарлатуына, қорлауына жол бермеуіміз керек. Ақын айтқандай «Ұлт үшін нөмірі бірінші мәселе» екенін жадыда ұстап, қадір қасиетін арттыратын біз екенімізді ұмытуға моральдық хақымыз жоқ.

Мұхтар Шаханов туралы, соның ішінде ақын шығармашылығындағы ұлттық рух, өрлік пен ерлік, қазіргі тілмен айтқанда патриоттық сезім туралы

айтқанда ерікті еркісіз «Желтоқсан оқиғасы» есімізге түседі. Қайсар рухты ақын дәл осы кезеңде азаматтық пен парасаттылықтың биік үлгісін көрсетті. Ақын былай деп жырлайды:

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,
Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қоры жоқ.
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп,
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,
Тұрған олар аяз сорған қызыл беттің ары боп,
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп. [3.478.]

Ұлт намысы аяққа тапталып, «мұз үстіне алау жаққан жастардың» жігерін жермен жексен етпекші болғандарға, бір сөзбен айтқанда сын сағатта көкірегінде оты өшпеген жастарға ақын ара түсті. Шын мәніндегі халық ақыны екенін ісімен де, жырымен де паш етті, жарты әлемге ұран салды.

Тәуелсіз еліміздің, Жаңа Қазақстан құру жолына бет бұрған мемлекетіміздің 16 желтоқсан күні «Тәуелсіздік күні» мерекесі болып тойланады. Біз осы мерекені атап өту кезінде ақынның «Желтоқсан алаңы» жырындағы ұлттық рухқа тағзым етіп, жадыда жаңғыртқанымыз абзал. Тағы да ақын жырына назар аударсақ:

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер.

Мұхтар Шаханов өз жырлары арқылы рухы күшті рухани қазына жасады. Оның жырлары қарапайымдылығымен қасиетті, дәлдігімен дәмді, ой-ырғақ еркіндігімен ерекше, ұлы Абай айтқандай «тілге жеңіл, жүрекке жылылығымен» де құдіретті. Азаттық алған кезімізде ел ішінде аласапыран көп болды, соның ішінде рухани әлемде де арпалыс жүріп жатты. Қоғам тынысы мен тіршілігін жіті бақылап отыратын ақын өзінің «Жаңа қазақтар» өлеңінде осы бір жағымсыз құбылыс сипатын былай суреттеп бастайды:

Жаңа қазақ, шала қазақ жас інім,
Алшысынан тұрды бүгін асығың.
Саған қарап ойландым да жасыдым.
Айырмаған азғыны мен асылын
Мына ғасыр, бәлкім, сенің ғасырың.

Бабаларымның бабасы армандаған азаттыққа жеттік. Ғасырлар тоғысында өтпелі кезеңді бастан кешірдік. Жаңа қоғам құрдық, жана дәуір басталды, егемендікке қол жеткіздік. Осы жылдары өтпелі кезеңнің отына жылынған «жаңа қазақтар» пайда болды. Дәл осы кезеңде ұлт болашағына қатты алаңдайтын ақын Шаханов «Жаңа қазақтар немесе рухани байлықсыз мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат» жазды, салмағы атан түйеге ауыр жүк болатын сұрақ қойды? Өлең жалғасы:

Ұлтымыздың әр мұңының басында,
Салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында,
Арал зары шапқан кезде насырға,
Қорғаушы боп тағы да біз жүргенбіз.

Мейірім қосып мейірімсіздеу ғасырға,
Сан ғасырлық ұлтымыздың шайқасы,
Сендейлерді тайрандату үшін бе?

Жыр жолдары әр қазақ баласына, әсіресе өздерін «жана қазақпыз» деп ойлайтындарға ой салады. Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болу үшін біз ақын жырына өзек болған салт пен сананы, тіл мен дәстүрді, дін мен имандылықты қастер тұтуымыз керек. Тәуелсіздікке әлдекімдерді тайрандату үшін, немесе келімсектерді төрге шығару үшін жеткен жоқпыз. Ақын жырларындағы атоялап тұрған тақырыптың дені тілге байланысты екенін жоғарыда айттық. Дәл осы бір аса күрделі, күрмеуін шешу қиын болып тұрған мәселеге арналған «Өз ана тілінде сөйлемей мен ойламаудың залалы және космополиттік ағым» атты рухани-проблемалық трактатында да дүниенің тілдік бейнесі әр тілде әрқалай екендігін нақтылай түседі.

Рухсыздың, қайырсыздың баюы,
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.
Жинасаң да әлемнің бар алтынын,
Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Адамдығың көрсетпесе жарқылын,
Ешкім рух байлығынан бөлініп,
Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным!

Қорытынды ойымызды айтар тұста тағы да ақын жырына үңілейікші. Ақын жүректің жан қайғысы сұрақ қояды, ащы да аяусыз айыптайды. Мысалы:

Өз тілінді жерсінбеудің, Өз анаңды менсінбеудің
Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?
Ол – рухи мүгедектік әрі ұлттық сатқындық!
Мәңгүрттенген құлдық сезім неге қолдау табады,
Мұны бізге кешіре ме келер ұрпақ саналы?

Айтып, айтпай келетін қасіреттер аз емес, соның ішінде тіл тағдырының тамыры тереңде. Тілін ұмыту - ананы ұмытуға, ұлтын, жерін сатуға, дінін қорлауға алып келеді. Алдымызда тұрған ұлы аманаттар бар, жас ұрпақ санасына «мен қазақпын» деген ұлттық рухтың дәнін себу. Бұл жолда ақиық ақын Мұхтар Шаханов жырларындағы ұлттық рух қасиеті - мәңгілік мұра, рухани қазына, өрлік пен ерліктің қайнар көзі.

Әдебиеттер:

1. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995 ж.
2. Шаханов М. Мәңгүрттенбеу марсельезасы: Өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер. Алматы: Рұх-Дари», 2008. – 288 бет.
3. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман. I том. – Алматы: ЖШС Жедел басу баспаханасы, 2006. – 624 бет.

М.ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

Мамыт А.А.- ф.ғ.к. доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматривается тема дружбы в поэзии известного поэта Мухтара Шаханова. Научно анализируется особенность поэтического изображения дружбы.

Summary

The article deals with the theme of friendship in the poetry of the famous poet Mukhtar Shakhonov. The peculiarity of the poetic image of friendship is scientifically analyzed.

Адам баласы үшін ең қастерлі ұғым – достық. Дұшпандық пен қаскөйліктің зардабын көп тартқан адамзат атаулы заман өте келе достықты бағалап, ерекше қадірлей білген. Дана бабаларымыз «Досы көпті жау алмайды» деп ұрпағына ұлағат қалдырды. Сондықтан бұл қасиетті түсінік халқымыздың рухани мұралары, оның ішінде сөз өнерінде айрықша мәнге ие. Достықтың жалауын тік ұстаған елдің бірлігі нығайып, әрдайым жеңіс тұғырынан түспеген. Ақыл мен парасат иесі қашанда хас жауынан қорғанудың құралы мен дұшпанының жебесінен сақтанудағы сенімді қалқан достық екенін түсінеді. Риясыз шын достық – адам жанына қуат беретін рухани азық. Достық пен қастықты ажыратып, тани білу биік азаматтықты қалыптастыратын парасат-пайыммен келетіні анық. Фольклорлық мұраларда да, ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінде де достық туралы жан толқытатын туындылар жетерлік. Өмірдің мәнін терең ұғынған Шалкиіз жырау былайша толғайды:

«Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлік етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күллі әлемге күлкі етер»[1,48].

Жырау ойының түп қазығы халқымыздың «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», - дегеніне саяды.

Сөз өнері – өмірдің айнасы. Адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттің парқын айыру – көркем әдебиеттің әлімсақтан басты тақырыбы, негізгі нысанасы. Әлемге аты мәшһүр ақын, мемлекет пен қоғам қайраткері, 85 жылдық тарихы бар Оңтүстіктегі білім мен ғылымның қарашаңырағы ОҚМПУ-дің мақтан тұтар түлегі Мұхтар Шахановтың поэзиясындағы ең өзекті мәселе – достық. Кеңестік дәуірде балдәурен балалығы мен жалынды жастық шағы өткен менің замандастарым ақынның «Танакөз» поэмасындағы достықты ту етіп өсті. Ақынның:

«Ізгілік пен ізеттің байлауында,
Мама қаздар самғайтын қойнауында,
Достық атты қазына аралы бар
Сонау мақсат тауының жайлауында.

Жұрттың бәрі баруға құштар оған,
Құштар бол деп тіпті ешкім қыстамаған,
Өзін мәңгі бақытты санайды екен
Сол аралдан от алып ұшқан адам.

Нар талабын салса да қандай жолға,
Тілектес дос пейілдер самғайды алға.
Жүрмейді онда сатқындар, саудагерлер,
Опасыздар, отсыздар болмайды онда» [2,141],

-деген жыр жолдарына күмәнсіз сендік. Шахановтың «Достық аралына» баруға асықтық. Ақын жүрегін жарып шыққан достықтың шынайы бейнесі мың сан оқырманын тебірентті. «Танакөз» поэмасындағы іңкәрлік пен тазалық аралына ұмтылдырды. Себебі онда сатқындық пен опасыздыққа орын жоқ.

Арқалы ақын адам баласының жүрегінен орын алып, жанына қуат беретін достық деген қасиетті сезімді кіршікіз ұстауды жүрек сөзімен ұғындырады. Өзі бейнелеген «Достық аралына» сезім тазалығымен бармасаң жете алмайтыныңды ескертеді. Ақын – дерексіз ұғым-түсінікті заттандырудың хас шебері. Айшықты сөзбен сурет салады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы: «Тілді қолдана білу деп ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді орын-орнына дәл қоя білуді айтамыз», - деп жазады [3,149]. Поэмадағы «достық аралы» осының дәлелі. Оқырман аралдың ақындық қиялдан туған көркем бейне екенін біле тұра, мұның бар екеніне имандай сенеді. Өйткені Мұхтар Шаханов санамалап берген пенделік (сатқын, саудагер, опасыз, отсыз) жүрген жерде шынайы достықтың ауылы алыс екенін көзі қарақты оқырман ойша аңғарады.

Поэмадағы бас кейіпкер – Мұрат. Оның өмір өткелдеріндегі тағдыры Танакөзбен ұқсас екені шығармада баяндалады. Екеуінің де әкесі қан майданда қаза тапқан. Олар әкесіз өскенімен ана мейіріміне қанып жетіледі. Қатал тағдыр әкелерін көруді бұйыртпаса да, сол аяулы жандар достық атты ұлы сезімді ұрпағына ұлағат етіп қалдырғаны поэмада былай жырланады:

«Бір-бірінен жан аямас дос болыпты оларда,
Дос болыпты. Біздің достық сонан өнген болар ма?
Менің әкем жау шебінде жаралы боп қалғанда,
Жан досымды қалай қиып қалдырам деп арманда,
Көкірегін қарша жауған от пен оққа қалқалап,
Сенің әкең үш күн бойы алып жүрген арқалап.
Айналасы қалың өлік, қалың орман, өрт толған,
Сол орманда екеуі де жау оғынан мерт болған.
Не жетеді келер күнге деген кәусәр сенімге,
Екі досты ажырата алмапты ғой өлімде.
Екеуі де көз жұмыпты құшақтасқан қалпында,
Екі өмірдің жалғасы боп, біз қалыппыз артында.
Ал, анамыз бізді, сірә, көрген емес бөлектеп,
Ауыр күндер өтіп жатты, соғып жатты, жел өкпек» [1,143].

Жан тебірентер оқиға. Әрине, қайғылы көрініс. Алайда достық деген өмірге нәр

беретін, көңілге ән егетін қастерлі ұғым бар. Екі жастың әкелері бір-бірімен жан аямас дос болуы арқылы ұрпағына ізгілік дәнін қалдырды. Мұны тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ақын қандай тақырыпты өлеңіне өзек етсе де тереңнен қозғап, жүрекпен жырлайды. Өзінен бұрын айтылып кеткен, таптауырын болған ойларға айналсоқтамай, тыңнан түрен салады. Сезім тереңіне бойлап, толғақты ойын отты жырға орап жеткізеді. Бұл – Мұхтар Шахановтың өзіне ғана тән ақындық болмыс.

М.Шаханов поэзиясындағы тақырыптардың ең арналысы – достық. Ақын өлеңдерінің өрнегі мен көркемдігі туралы көп айта беруге болады. Басты ерекшелігі бір тақырыпты өзек еткен өлеңдерінің бейнелу құралдарын, әсерлі жеткізу жолдарын әр шығармасында тыңнан тудырады. Соны сүрлеу жасайды.

Мысалы, орыстың демократ жазушысы Федор Достоевский мен қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың ұлы достығын жазылған хат арқылы өрнектейді. Өлеңнің аты – «Құлпытас кепиеті немесе Кері табу заңы». Туынды мынадай жыр жолдарымен басталады:

«Досым Федор,
Мына хат – соңғы хатым.
Соңғы тыныс,
Соңғы дем қалды жақын.
Жайшылықта айырмас ақ, қараны,
Сыпсың сөздер бір сәтке тоқталады.
Тоз-тоз болған ағайын басын қосып,
Ертең мені жерлеуге ап барады» [1,51].

Осылай оқырманына ерекше сезім ұялату үшін ақын ақтық сапарға аттанар алдындағы ғалымның қолына қалам алдырып, алыста жатқан орыс досына соңғы хатын жаздыртады. Адал достықта шекара жоқ екенін сездіреді. Әрі қарай Шоқан бейітінің басына қойылған көктасты қолды етіп, содан зардап шеккен бейшараны суреттейді. Бұл оқиға досы Ф.Достоевскийдің құлағына жетеді. Ол былайша мұнаяды:

«- Шапағатқа суарылған сүйегі
Дос сезімде қасиет бар киелі.
Киеліге қол көтерген жолығады бөгетке,
Сауап бопты ойсыз, арсыз төбетке, -
депті ұлы адам бойын дүлей ыза буып, қасарып,
Досын аңсап, жанарына жас алып...» [1,52].

Мұхтар Шахановтың «Сенім патшалығы» поэмасы да достықты жырлауға құрылған. Ақын шығарманың кіріспесінен негізгі тақырыпты аңғартады:

«...Жаны мөлдір, діні мықты,
Ардақ тұтқан ұлылықты,
Менің іңкәр, жан аяспас досым бар!» [1,192].

Ақын өлеңдері өткен ғасырдың 70-80 жылдары өте көп оқылды. Әсіресе, достық пен махабатқа ынтызар жастар Мұхтар Шаханов поэзиясын іздеп жүріп оқыды. Бұл туралы сол кездегі аға буын жазушы Ғабиден Мұстафин: «Өз дәуірінің

көкейтесті проблемаларын дөп басып, кең тыныспен толғай білетін, оқырманына таңдай қақтыра отырып, кейде пікір таласын тудыратын, аз уақыт ішінде өз соңына қаншама қалың жанкүйер ерткен М.Шаханов секілді ақын бұрын бізде кездеспеген еді», - деп таңданды [4,153]. Ал, қазақ әдебиетінің алыбы Ғабит Мүсірепов М.Шахановтың ақындық талантын өз уақытында бағалап, былайша ой қорытады: «Дарын танылды. Ар-намыс танылды. Бұл ақынымыздың әрбір шығармасын оқығаннан кейін азды-көпті ойланбай қала алмайсың. Ой мен сезімге едәуір күш түседі... Тек автобуста келе жатып оқыма, шай ішіп отырып оқыма, басынды жастыққа сала беріп оқыма! Өйткені оның әрбір жолы қадағалап оқуды керек етеді» [5,79]. Шыныда да Шахановты ат үсті оқуға болмайды. Ақын өлеңінде көлгірсу, мүләйімсу жоқ. Іздейтіні – ізгілік, аңсағаны – ақ адал сезім. Оқырманына да осы жолдан айнымауды талап етеді. Достықтың жалауын биік ұстауға шақырады. Сондықтан ақын:

«Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай шөлдердің,
Биіктер мен алыптардың,
Жылулар мен жарықтардың арасын
Жалғап келген бір ән бар.
Парасатты мұңданудан,
Жерді қирап күл болудан,
Таңды қара дүрсіндіктен,
Адамдарды күншілдіктен
Қорғап келген бір ән бар.
Ол ән – ұлы достық әні, негізгі әні ғаламның,
Ол ән – ұлы махаббаты менің сайын даламның,
Дала көңіл бабамның.
Сол екі әнмен гүлденер жер,
Салмақ тауып саналы,
Сол екі әнді білмегендер
Өмір сүрдім демесе де болады»[1,188],

-деп жырлайды.

Адалдық пен ізгілікке жаны құмар, шынайы достыққа аңсары ауғандар біздің жастық шағымызда Шаханов поэзиясын оқитын. Бірақ ол кездегі Мұхтар ақын саясаттан алыс, айқай шудан ада еді. Қаншама жылдардан соң отты өлеңдерін қайта оқып, өткен шаққа ойша оралдым. Мынау қым-қуыт заманда жаныңа жақын, жүрек тебіренер жыр оқығанға не жетсін?! Ал, Сен поэзияда кімді, нені оқып жүрсің, бүгінгі жас өрен?

Әдебиеттер:

- 1.Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. // Құраст. М.Мағауин, Б.Байділдаев// Т. 1, - Алматы: Жазушы, 1989.
- 2.Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. -Алматы: Жазушы, 1988.-301 б.
- 3.Байтұрсынов А. Шығармалар. - Алматы; Жазушы, 1989. - 320 б.
- 4.Мүсірепов.Ғ. Заман және әдебиет. -Алматы: Жазушы, 1982. -350 б.
- 5.Мұстафин.Ғ. Ой әуендері. - Алматы: Жазушы, 1978. - 287 б.

**ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ОҚЫТУ МЕН
ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Маханов Тұрсынхан Шалабаевич п.ғ.к., аға оқытушы

Ахилбеков Үсен Учтемирович - магистрант

Жаңбыршиев Сұлтанбек Наханұлы п.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются пути формирования личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, опыта и научных достижений, которые являются основой целью системы образования Республики Казахстана. Кроме того, показаны образовательно-воспитательные процессы в сфере образования на основе национальных ценностей

Summary

This article discusses the ways of personality formation on the basis of national and universal values, experience and scientific achievements, which are the main goal of the education system of the Republic of Kazakhstan. In addition, educational processes in the field of education based on national values are shown.

XX ғасырдың 90-жылдары Кеңес одағының құрамындағы Республикаларда, соның ішінде біздің елде өмірдің батыстық формаларын асығыс көшірумен кеңестік идеологияның тез «бөлшектенуі» болды. Сәйкесінше, бұл үдерістер тәрбие жүйесінде «ұжымшылдық» үлгімен тәрбиені индивидуалистік үлгіге қайта бағдарлау» арқылы көрініс тапты. [1]

Ұлттық құндылықтар дегеніміз елдің нақты анықталған идеологиялық, тарихи, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, географиялық және демографиялық ерекшеліктерімен сипатталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Әрбір тарихи нақты әлеуметтік форма құндылықтардың белгілі бір жиынтығымен, сондай-ақ иерархиясымен сипатталады, оның жүйесі әлеуметтік реттеудің ең жоғарғы деңгейі ретінде әрекет етеді.

Ұлттық құндылықтар еліміздің геосаяси жағдайына сай қоғамның рухани мәдениетінің тарихи дамуы барысында жетілдіріледі. Бұл жағдай негізінде көп ұлтты Қазақстан халқының өзіндік түпнұсқасы, мінез-құлық ерекшеліктері, әдет-ғұрыптары, дәстүрлері мен өмір салты шоғыландырылған тұрғыда білдіретін іргелі моральдық-этикалық идеялар мен нормалар. Бейнелеп айтқанда, олар оның рухани өмірінің өзегін, ең жақсы қасиеттердің мінезін білдіреді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, тәжірибе мен ғылыми жетістіктер негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, сапалы білім алуға жағдай жасау және тұлғаны дамыту, сана сезімі мен өзіндік санасын байыту арқылы жеке тұлғаның рухани, физикалық және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен адамгершіліктің берік негіздерін қалыптастыру үшін білім беру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы ой-өрісін байытады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін білім беру жүйесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу және тиімді пайдалану сияқты проблемаларды анықтау, әрбір адамға қоғамда барынша өзінің жеке білім беру әлеуетін іске

асыруға көмектесетін білім беру жүйесінің дамуын қамтамасыз ету негізгі ереже ретінде қарастырылады. [2]

Демек, білім алу құқығында әрбір азаматтың білім алу құқығын негізге алу арқылы, білім алушыда дидактикалық шарттарды, яғни білім беру, тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру үдерістерін, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен құрметтеуде жан-жақты қамту қажет.

Ұлттық тәрбие деп, ана тілін, ата-баба тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін меңгеру негізінде жеке тұлғаның ұлттық өзіндік санасы мен мінез-құлқын қалыптастыруды түсінеміз.

Адамдарда қалыптасқан адамгершілік құндылықтарды рухани құндылықтар, ал тұтынушылық тауарлар мен адам қолымен жасалған іс-әрекеттер материалдық құндылықтар болып табылады.

Өзімізді бағалай білу – ұлттық байлығымызды игеріп, ұлттық болмысымызды дамыту деген сөз. Ұлттық құндылықтарды таңдап, оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, біз ел басқаратын ұрпақтардың бойына ұлттың баға жетпес рухани байлығын сіңіріп, отбасында да, білім ошақтарында да ұлтшылдық пен отансүйгіштікке баулитын, жеке тұлғаны тәрбиелейтін, адамдарды және өз мемлекетін қорғайтын ұрпақтар екендігін саналарына сіңіруіміз керек. Өз еңбектерінде қазақтың білім ағартушысы М.Жұмабаев: «Тәрбиеші баланы осы бала қай ұлтқа жататын, өзі өмір сүретін, сол үшін өмір сүретін ұлттың рухында тәрбиелеуге міндетті» десе, қазақ ғалымы Ж.Аймауытов былай деді: «Мектеп түлегі әлемге, өзгеге, өз өміріне білімді адамның саналы көзқарасымен қараса, білім берудің басты, ең басты мақсаты айқын болмақ.[3,4]

Мектеп болашақта жас тұлғаның дамуы үшін осы бағытта берік іргетас құруы керек». И.Г. Песталоцци: «Оқытудың әдістемесін дұрыс ұйымдастыру және ұлттық тілдегі оқу құралдары мен оқулықтардың мазмұны адамның санасы мен ойлануының қалыптасуына, оның дұрыс дамуына ықпал етеді» деп атап көрсеткен. [5]

Қазақ халқының ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы осындай дәріптеуге, қастерлеуге және дамытуға лайық ұлы да құнды ойларды неге халықтың, келешек ұрпақтың игілігіне, елге пайда әкелуге жарайтын азаматтардың біліміне жұмсамасқа?

Адамдардың қоғамда жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтармен алмасуы тәрбие процесі арқылы жүзеге асады. Солардың ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту саналы процесс екенін атап өткен дұрыс үрдіс болады. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін оны тәрбиелеу жеткіліксіз. Оның тұлға ретінде жан-жақты дамуына қолайлы оқытудың шығармашылық түрін жасау керек, яғни шығармашылық оқу әрекетін жасау қажет. Бұл жасөспірімді тек осы оқу материалын есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар өз бетінше білім іздеуге де үйретеді деп есептеуге болады.

Қоғамдық тәрбие арқылы тұлғаны дамыту, нақты іс-әрекет арқылы тәрбиелеу мынадай құндылықтарға ие болуы қажет:

-белсенді қарым-қатынас: білім алушы мен мұғалім әрбір мәселе бойынша өз ойындағы пікірін білдіреді;

-даралық, мұғалімнің әрбір жеке білім алушы ерекшелігін, қоғам алдындағы жауапкершілігін дамыту;

-өзін-өзі тәрбиелеу: өзін-өзі бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрету және дамыту;

-шыдамдылық: әртүрлі пікірлерді қабылдай білу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеп, қабылдай білу.

Философ М.М.Бахтин: «Адамның адамдығы өзі үшін де, басқалар үшін де адамның адам арасындағы өзара іс-әрекеті мен қарым-қатынасында ғана ашылады» дейді. Ғалым философтың ойынша, диалог адамды қалыптастыру құралы ғана емес, оның адамдық болмысын танытады. Адамның іс-әрекеті, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы басқалардан оқшауланып емес, басқа адамдармен диалогтық қарым-қатынасқа түскенде жүзеге асады. Қарым-қатынас негізінде оқушы-оқушы, ұстаз-мұғалім және оқушы-мұғалім арасында өзара сыйластық, тану, түсіну туындайды, толеранттылық пен мейірімділік қарым-қатынастары қалыптасады. [6]

Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау арқылы адам бойында рефлексиялық қасиеттер қалыптасады. Рефлексиялық сапа – адамның өзін-өзі тануы, рухани дамуы, ғылыми ақпаратты меңгеруі арқылы білім мен тәрбие алынады.

Оқушы бойында рефлексиялық қасиеттердің қалыптасуы – білім беруді ізгілендірудің нәтижесі.. білім алушының өзін-өзі тану және өмірлік мәселелерін шешудің бірден-бір жолы – рефлексивті басқаруды жүргізе білу болып саналады. Оны зерттеу үшін мынадай негізгі қасиеттерді әдетке айналдыру маңызды болады:

-заманауи білім беру арқылы әлем туралы өзіндік түсінігі мен білімін қалыптастыру үшін өз тәжірибесін пайдалану;

-өзге адамдар ұсынған идеяларға конструктивті қатынас жасау қабілеті;

-түсінуге ұмтылу, өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, өзі үшін қорытынды жасау;

-өз біліміндегі олқылықтарды көре білу және оны жою жолдарын таба білу.

Рефлексиялық әрекет кезінде оқыту әдістері талданады, өздігінен шешім қабылдауға жағдай жасалады. Осылайша, жасөспірім өз қызметінің деңгейін дамытуға, оқуға, ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Өзінің ерекшеліктері мен деңгейін таниды.

Білім мен тәрбиенің мақсатын анықтау үшін қазақ ұстазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына бір сөзін еске түсірген жөн болады: «Мектептен шыққаннан кейін бала бүкіл әлемге, басқа адамдардың өміріне және өз өміріне саналы ақыл көзімен, білімге ашық қарай алатын болса, бұл тәрбиенің түпкі мақсаты. Осы бағытта мектеп болашақта баланың дамуына берік негіз қалауы тиіс».

Осы орайда білім ошағында жүргізілетін оқу-тәрбие іс-әрекеттер білім алушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыруға бірден-бір негіз болып саналады. Адамның бойында ізгі адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы, өнер-білімді меңгеруі білімге, өскен жеріне, үлгі тұтатын ұстазына байланысты. Осыны жете түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының – мінезі жақсы», «Тәрбие басы – тал бесік» деп, ұстаз еңбегі зая кетпесін деп өсиет еткен.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде ең алдымен төменде көрсетілген мақсаттарды қою қажет:

-Халқы мәдениетімен, салт-дәстүрімен мақтанатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

-Жалпы адамзаттың негіздері мен құндылықтарын құрайтын саналы көзқарастар мен принципті ұстанымдарды тәрбиелеу.

-Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу моделі бойынша зтопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

-Білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен білімге деген құштарлығын дамыту арқылы, оларды табысты іс-әрекетке бағыттау.

Ақын Мағжан Жұмабаев өз толғаулары арқылы білім беруді болашақтың талабымен байланыстырады: «Тәрбиеші баланы өзіне ұқсатпай, болашаққа лайықты ету керек». Қазақ халқында қалыптасқан тәрбиелік дәстүр басқа да ұлттардың тәрбие саласынан кем болмаған. Демек, тәрбие беріп отырған ұрпақтарымызды халқымыздың ежелгіден келе жатқан баға жетпес бай дәстүрлері негізінде тәрбиелеп, ата-бабамыздың өсиет еткен озық дәстүрлерін бойына сіңіруіміз қажет.

Білім алушыларды «Көркем еңбек» пәніне оқыту барысында қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарына түрлі конструкциялық материалдарды пайдалана отырып, түрлі сәнді қолданбалы өнер бұйымдарын жасауға баулу қажет. Қазақ халқының қол өнері ұлттың жан-тәні, ой-өрісі, сондай-ақ болашақ ұрпағының кәсібінің негізі болып саналады.

Тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде халықтық сәндік-қолданбалы өнерге негізделген әр түрлі көркемдік іс-әрекеттермен айналысу арқылы ең алдымен әдептілікке мән бердім.Әдептілік халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі болғандықтан, ғасырлар бойы қалыптасқан «әдептілік» ұғымы төңірегінде ұйымдастырылған қазақтың ұлттық қол өнері жақсы нәтиже берді. Өйткені, «Көркем еңбек» сабағында түрлі бұйымдар дайындау (мысалы, домбыра, сыбызғы, бесік және т.б.), адам бойына баға жетпес шеберлік інжу-маржандарын жинайды.

Қазақ халқының еңбекке тәрбиелеуі, білім алушылардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда ықпалы зор. Балалардың сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің алатын орны ерекше. «Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған».

Ұлы ақынның өзі айтқандай, ақын өлеңдерінде туған жердің әсем табиғаты, қазақ ауылының көріністері, ақкөңіл ауыл адамдарының бейнесі сан алуан сезіммен ұштасып, отансүйгіштік қасиеттері қалыптасады. [7]

Сонымен, білім алушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен оқыту – бұл, жеке тұлғаның ұлттық құндылықтарды бойына сіңіретін, өз өмірінің бағытын анықтайтын, этникалық мүдделер призмасы арқылы объективті

шындықты бағалаудың өзіндік критерийлерін қалыптастыратын және ұлтшылық байланыстар мен қатынастарды кеңейтетін процесс.

Әдебиеттер

- 1 Комарова И.И. Трансформация традиционных ценностей у русских социально-педагогический анализ: дис.. кан.пед.наук /И.И. Комарова – Самара, 2007. – С. 34-67.
- 2 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жарлығы, 2007 ж, №20. 151 құжат, 2008ж.
- 3 Сабирова Ж.Н: Мағжан Жұмабаевтың психологиялық көзқарастары. – Атырау, 2008.
- 4 Аймаутов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Мәтін. /Ж.Аймаутов, М.Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин-ты, ред.алқасы: С.Қирабаев (жауап.ред), У.Қалижанов, Д.Қамзабекұлы т.б. – Алматы. Ел-шежіре, 2013.
- 5 Филосовские основы «элементарного образования» И.Г.Песталлеци /В.А.Рыбин// Вопр.философии. -2006. -№7. – с. 74-83. –Библиогр.:с.83.
- 6 Михаил Михайлович Бахтин. Серия «Философия России второй половины XX века». М., 2010
- 7 Абай Құнанбаев Қара сөз/ Абай Құнанбаев-Семей: халықаралық Абай клубы, 2001ж.-259б.

ӘОЖ 376.2

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ МЕН ҰЛТТЫҚ КОД

Байбатшаева А.Е. – п.ғ.к., доцент м/а

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақстан, Шымкент

Исмаилова Г.Ж. - зерттеуші

«Қосалқы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент,
Қазақстан

Әзімхан А. - 2-курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассмотрены вопросы этнокультурного образования и национального кодекса развития творческих способностей обучающихся, доказывания путем проведения опытно-экспериментальной работы с детьми с особыми образовательными потребностями в Коммунальном государственном учреждении «дополнительная школа-интернат».

Summary

The article deals with the issues of ethno-cultural education and the national code for the development of creative abilities of students, proving by conducting experimental work with children with special educational needs in the Municipal state Institution "additional boarding school".

Қазіргі білім беру жүйесі білім алушылардың толыққанды жеке қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге арналған. Оқыту процестерін құру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы керек. Бұл топқа мүмкіндігі шектеулі балалар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі іс-әрекеттерге ерекше қабілеті бар, дүниені

стандартты емес қабылдауы, өзіндік ерекшелігі бар, ойлау қабілеті бар балалар да болуы мүмкін. Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері қазіргі заманғы мектептерден өзін-өзі тануға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін қосымша немесе арнайы бағдарламалар мен материалдарды ұсынуды талап етеді [1].

Этномәдени білімнің сипаттамасы және оның негізгі категориялары: этномәдени даму, этномәдени білім. Оларға берілген анықтамалардан бөлек этномәдени даму – бұл баланың мәдени ортаға ену процесі, онда жаңа тұлға құрылымы бірнеше рет жаңартылып, бекітіліп, оның негізінде тұрақты этникалық құрылым қалыптасады және өзіміз де солай болады деп ойлаймыз. Сонда ғана адам жеткілікті дәрежеде қалыптасады [2].

Сонда ғана білім алушыларға этномәдени білім беру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі артады. Себебі, этномәдени білім ғана емес, сонымен қатар біздің еліміздің бай мәдениетінің арқасында ұлттық бірегейлік, тарих, тіл және ұлттық дәстүрлер ғасырлар бойы ата-бабаларымызды тәрбиелеумен және ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибе жиынтығы, біраз уақыттан кейін тат баспайтын адалдықпен жинақталады. Қазақстанда этномәдени білім берудің жаңа түрін жаңғыртудың басты шарты ұлттық кодқа сәйкес келу болып табылады.

Ұлттық код - бұл ең алдымен тіл, содан кейін біздің дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды, елдің табиғаты мен мәдениетін анықтайтын тіл болғандықтан, қазақ баласының бай тарихында оның мәдени және рухани іс-әрекеттері ізгілікке, кішіпейілділік пен даналыққа бағытталғаны жөн деп санаймыз. Құрмет пен ізгілік, қадір-қасиет пен адамгершілік әдептілікке айналғандықтан, біз елімізде балаларды жаялықтан тәрбиелейтін, ұятқа үйрететін және балалардың мінезін қалыптастыратын ата-аналардың нормаларын дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуды көркем өнер саласының шығармашылық бағытында саралауды басты мақсат етіп отырмыз.

Шығармашылық – білім алушының қабілеттік қызметің белгілі бір түрін сәтті өнер арқылы жүзеге асыру және оның жеке қасиеттер жиынтығын басшылыққа алатын іс-әрекет. Шығармашылық қамқорлықты, ұмтылыс пен эмоционалды қарым-қатынасты, білім сапасын, ойлаудың, қиялдың, дербестіктің және шығармашылық ізденістегі табандылықтың даму деңгейін сипаттайтындықтан оны білім беру мекемесінің қай саласында болса да жүзеге асыруға болады [3].

Зерттеу жұмысымызды толықтыра түсу мақсатында біз Шымкент қалалық білім бөліміне қарасты «Қосымша мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын жүргізіп көрдік.

Негізгі мақсат: сол мекемеде білім алушылардың еңбек сабақтарындағы ұлттық код және этномәдени білімдерін шығармашылықпен жүзеге асыру деңгейлерін анықтау болды.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда этномәдени білім мен ұлттық кодтың алатын орны мен ролін толық анықтау үшін алдымен

сауалнамалық сауалдар құрастырылып, таратылды. Жоғарыда айтылғандай еліміздің бай мәдениетінің бірі ұлттық бұйымдардың тәрбиелік мәніне, олардың эстетикалық құндылығы мен ғылыми негіздерін қалай меңгеріліп жатқандығы жайлы мәліметтерді жинақтау зерттеу жұмысымыздың процессуальдық – шығармашылық компонентін анықтауға үлкен мүмкіндік берді.

Мысал ретінде бүгінгі таңда қазақ қыздарының тәрбиесінде сұлулыққа әсері бар бірі шолпы мен шашбау жөнінде айтуға болады. Зерттеу барысында шолпы қыздардың сәндік бұйымы ғана емес, сонымен қатар бірқатар физиологиялық, хореографиялық, психологиялық қызметтерді атқаруы жөніндегі білімі тексерістен өткізілді.

Физиологиялық тұрғыдан – қыз баланың бойын тік ұстауға дағдыланса, хореографиялық тұрғыдан әдемі жүріс таңдауды үйренеді, ал психологиялық тұрғыдан – омыртқа жүйесінде орналасқан жүйке талшықтары түзу болған кезде оның жұмыс істеу қабілеті жоғарылайтыны да сауалнама мазмұнында енгізілді.

Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балаларға ұлттық мәдениетте тәрбиелеу – толерантты тәрбие беру, әртүрлі мәдениеттер арасындағы ұлттық бірегейлік пен балалардың ұлттық мәдени болмысын қалыптастыру, ана тілін, ел мен ұлттық мәдениетті меңгерудің өзектілігін байқауға болады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталған білім беру жүйесі, мәдени мұраға, дәстүрлі көркем еңбек арқылы халқымыздың сұлулық сезімін, сезімін қалыптастырған этникалық мәдениеттің қайнар көзі жинақталады.

Сауалнаманың енді біріне шолпыны жасаудың техникасы мен технологиясы, бірінші кезекте жұқартылған күмістен жасалатыны, күмістің химиялық қасиеттері басым болған жағдайды, адам бойындағы зиянды зат молекуларын жоятындығы жайлы білімдерін тексеріс сұрақтары қойылды.

Шолпы денені түзу ұстау үшін қыз әдемі қадамдармен шолпының үні мен дауысын (әуенін) реттейді және желді күнде шашты көтеріп кетпес үшін де тағылатындығы, неғұрлым қадам басылса, соғұрлым шолпының сыңғырлаған дыбысы денеге (киімге) сіңімді болатындығы физика заңдары бойынша дәлелденгені де ескерілді.

Естеріңізде болар, «Алпамыс батыр» дастанында:

Заманында тағыпсың,, Тілгә шашбау жар-жар-деп жырланатыны.



Сурет 1. Шолпы бейнелері

Шолпыдағы ою-өрнектер тек әшекейлеу үшін ғана емес, қыздың жүріс қимылдары шолпы мен ортадағы доп арқылы өткенде ырғақты әуенді ойнайды

(сәндік өрнектер де бар), (мысалы: Қорқыт ата кесенесінің қобыз үлгісіне ұқсайды) бұл әуенді қыздар мен балалар әдемі қадамдарымен күйге келтіреді [4].

Шығармашылық жұмысты құруда жас жеткіншектердің ізденіс әрекеттерін, проблемалық жағдаяттарды, теориялық және практикалық тапсырмаларды және проблемалық мазмұнды қамтитын тапсырмаларды талдап, шешуін басшылыққа алады.

Тапсырмаларды тиімді қолдану жүргізіліп жатқан тәжірибелі-эксперименттік жұмыстарымыздың нәтижесін шығаруға оң ықпалын тигізді.


Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы университетіміздің «Кәсіпке оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасында ұйымдастырылған «Ұстаз һәм шәкірті» атты көрмеге қойылған заттар мен бұйымдардың этностық ерекшеліктерімен шектелді.

Шын мәнінде, қазақ мәдениетінің ұлттық сипатын ұлттық код деп атауға болады. Осы кодекстердің бірі біздің отбасылық қарым-қатынасымызға негізделген. Туыстық көрінетін жер біздің дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызда. Қазақтың салт-дәстүрлері ұлттық мәдениеттің биік тірегі болып табылады. Осы рәсімнің, дәстүрдің арқасында біз ғасырлар бойы халқымыздың саналы, мағыналы, қызықты, философиялық мәні бар «талдың бесігінен жердің бесігіне дейін» өмір сүргенін білеміз.

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту барысын «Визуалды өнер» бағыты бойынша жалғастырдық. Негізгі мақсатымыз: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сурет салу арқылы шығармашылықпен таныстыру, эстетикалық сезімталдықты дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болды.

Бұл тұста визуалды өнер саласы бойынша көзделген барлық тақырыптардың оқу материалын білім алушыларға үйрету әдістемесінің ортақ оқыту мазмұнын бірдей тұрғызуға болады. Сондықтан сауалнамада біз барлық тақырыпқа ортақ әдістемелік жүйе құрдық. Жүйеде тақырып бойынша өтілетін сабақ визуалды өнер немесе жанр түрі бойынша әлемдік және Отандық суретшілердің шығарма жұмыстарының үлгісін көрсетуден бастау қисынды болады. Сол көркемдік шығармалардың көркемдік идеясы мен мәнін, орындау техникасы мен тәсілдерін білім алушының өзбетімен анықтауға жетелеу көзделеді.

Сауалнамаларда визуалды өнер элементтерінің мәнерлі құралдары ерекшеліктері арқылы фотосуреттің әр түрлі типтері мен жанрларын тану мәселесіне көңіл бөлінді. Мысалы,



Сурет 2. Натюрморт және аппликация

Сонымен қатар абстракционизм, поп-арт, инсталляция; көркем техникалар мен технологиялар пирография, көркем күйдіру т.с.с. заманауи өнердің бағыттары да ескерілді. Осылайша, этникалық мәдениеттің қалыптасуы мемлекеттік кодтың - басқа елдерден айырмашылықтарды көрсететін ерекше сипаттамалардың, әр елде және одан тыс жерлерде пайда болуының, сондай-ақ осындай адамдардың ниеттерін ашатын және сенім құшағына еркін енетін функционалды құлыпты ашатын жеке кілт (код) сияқты пайда болу факторларының арасында байқалады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы келесі тұжырымдарға әкеледі:

- «Қосымша мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде этно мәдени бағытының элементтерін енгізуге болады;
- Қазақтардың этномәдени элементтерін және басқа ұлт өкілдерін енгізуді дамыту үшін қолайлы ортаны қалыптастыруға болады;
- Бұл жоғарыда аталған мекемелерде білім беру процесін тиімді етуге мүмкіндік береді, жаңа материалдарды жақсы игеруге ықпал етеді және жас ерекшеліктерін ескеруге жағдай жасайды;
- Этномәдени элементтері бар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түлектері жоғары деңгейдегі білімге, іскерлікке және бизнес жүргізу дағдыларына ие, бұл әсіресе эмоционалды, эстетикалық және когнитивті дамуда көрінеді.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Хейсей дәуірінің 15-ші жылы (1996) № 3058.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Бастауыш, базалық және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары 2018 жылғы 31 Қазанда №604 болып жарияланды.
3. Гершунский Б. Философия образования для XXI века // Мир образования.- 1996.-№4.-С. 49-54.
4. Мұхтарова Ш.М. Болашақ мұғалімдерге этномәдени білім беру. - Қарағанды: Санат, 2008. - 418

ӘӨЖ 1.255

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

**Халикова Н.С. ф.ғ.к., Бейсенбаева Р.Х.ф.ғ.к.,
Айдарова А.А. магистр-оқытушы
Қазақстан**

Резюме

В данной статье рассматривается взаимоотношение человека и природы в казахской прозе. В статье анализируются произведения Т. Алимкулова, А.Кекилбаева, М.Магауина.

Summary

This article discusses the relationship between man and nature in Kazakh prose. The article analyzes the works of T. Alimkulov, A. Kekilbaev, M. Magauin.

60-80 жылдардан бастап адам мен табиғат, арасындағы қарым-қатынас тақырыбы дәстүрлі әдеби ағым ретінде қалыптаса бастыды. Әдеби шығармада өмір құбылыстарын адам мен табиғат, аң-жануар тіршілігі арқалы көркем жинақтау қазақ әдебиетінде бұрыннан келе жалғасып келе жатқан дәстүр. Ертеде халық жақсылық пен жамандықты көрсетуде, өз арманын бейнелі түрде жеткізуде ауыз әдебиетінің кейіпкерлері аң-құс, жан-жануар болған. Бүгінгі әдебиетте адам мен табиғат арақатынасын өмір шындығын ашуға, көркем бейне жасауға, кейіпкер характерін даралауға негіздейді. Адам мен табиғат арақатынасы арқылы адам жанының небір нәзік сырлары ашылып, көңіл-күйі көрініп жатады. Сондай-ақ бүгінгі әдебиеттегі адам мен табиғат мәселесі адам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықты, адамгершілік сана, ауыл өмірі, адам тағдыры сияқты көптеген мәселелерді қозғай бастады. Кейбір қаламгерлердің шығармаларында адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселелері қоғамдық өмірмен де тығыз байланысып жатты.

Қазақ әдебиетінде адам мен табиғат мәселесіне әр қаламгер әрқалай келіп жатты. Бірі табиғат суреттері арқылы кейіпкерінің көңіл-күйінен хабар берсе, бірі табиғат арқылы қоғамдық өмірден сыр шертіп жатты. 60-80 жылдар қазақ қаламгерлерінің проза жанрындағы жаңалықтың бірі – жан-жануарлардың ішкі сезімін, ішкі күйзелісін тебірене отырып суреттеулері. 60-80 жылдары қазақ прозасында жан-жануарлар бейнесін қалыптастырып, олардың ішкі сезімін, ой-түйсіктерін терең толғаныспен суреттеген қаламгерлер аз болмады. Қазақ прозасында Т. Әлімқұловтың «Текті қасқыр» [1], Ә. Кекілбаевтің «Бәйгеторысы» [2], М. Мағауиннің «Тазының өлімі» [3] т. б. көркемдік болмысы бөлек, бітімі ерекше көркем дүниелер. Әр қаламгердің өзіндік жазу мәнері, қолтаңбасы бар. Әр шығарманың өзіндік сюжеттік желісі, оқиғаларды баяндау жолдары мен тәсілдері болады. Қазақ әдебиетінде адам мен жануар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты оқиға сюжетін баяндауда ерекшелік танытқан қаламгер Ә. Кекілбаев болатын. Ол өзінің «Бәйгеторы» повесінде оқиға жүйесін жүйрік жануар Бәйгеторының түйсік-түсінуі арқылы баяндайды. Бәйгеторыдай тұлпардың жалпы жағдайын сипаттай келе, жазушы бірте-бірте оның өмір тарихына ауысады. Бәйгеторының туғаннан осы күнге дейінгі тағдырын, өмір-тарихын жазушы жылқы түйсігінде қайта жаңғыртады. Бұл тәсіл бұрын қазақ әдебиетінде болмаған. Шығармада жылқы ойы мен авторлық баяндау астасып жатады. Қаламгер жылқының ішкі сезім-күйлеріне терең мән береді. Тұлпардың ішкі күйініші, жалғыздықтан жалығып, кәрілікке мойынұсынып қиналған сәттерде өзіне сүйеніш, тірек іздейтін тұстарына келгенде жазушы шеберлік танытады.

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, табиғаттың адамға бағынбайтын қатал мінезін суреттеген Тәкен әңгімесі «Текті қасқыр» деп аталады. Тәкен «Текті қасқыр» әңгімесінде оқырманды жан-жануармен сырластырады. Жалпы әдебиет әлемінде дала суретін, ұшқан құс, жүгірген аңның жұмбағын білуге талпынған жазушылар аз болған жоқ. М.Әуезовтің «Көксерек» повесі, Ш.Айтматовтың бұғылары мен бөрілері, текті тұлпары, Джек Лондонның «Ақ ауызы», Тургеневтің күшік туралы жазған классикалық

туындылары осыған дәлел. Аң мен құс, жан-жануар тағдырын толғаған қай қаламгерді алып қарасаңыз да, олардың адам тағдырынан айналып өтпейтініне көз жеткізесіз.

Көксеректің табиғат қалыптастырған жыртқыштық мінезін адамның өзгерте алмайтынын көрсеткісі келген Әуезов өз туындысы арқылы сол заманның өмірлік шындығын алға тартады. Сонымен қатар, Әуезов Көксерек характері арқылы табиғаттың өзіне ғана тән қатал мінезін көрсетуді мақсат етсе, Тәкен де өз әңгімесіндегі аңшы баласын іліп әкеткен қасқырдың кегі арқылы тылсым табиғаттың өз тәртібі, өз заңы бар екендігін дәлелдейді. Бөлек сілемдерін суреттеумен басталатын әңгімеде жалғыз қалған қасқырдың адамнан өш алу әрекетін баяндалады. Тіршіліктің бар қызығын аңшылық деп ұғатын Бұғыбай әңгімеде көкжал қасқырды таспен төмпештеп өлтіргенде, сол қақпанның күндердің күнінде өзіне қырсық боп жабысатынын білген жоқ. Көкпарға тартылған көкжал қасқыр үшін, көзі ойылған күшіктері мен аңшының еншісінде кетіп, адамның асырауына, жылы алақанына үйреніп келе жатқан бөлтірігі үшін алынған кек әңгімеде әсерлі суреттеледі.

Т.Әлімқұловтың «Текті қасқыр» әңгімесінде жазушы психологиялық талдау жасаған. Осы оқиға арқылы жазушы адам өміріндегі дағдарысқа толы өмірлік шындықты ашып көрсетеді.

В статье освещается деятельность, осуществляемая в бурные периоды эпохи казахского Просвещения 20 века. Сделан обзор представителей интеллектуальной группы, повлиявших на пробуждение спящего общественного сознания. Он посвящен Тельжану

Шонанұлы, который, несмотря на свой трудолюбие, так и не смог занять достойное место в истории. В статье описываются произведения гениального человека в тени истории и оставленного нам наследия.

Summary

The article highlights the activities carried out during the turbulent periods of the era of the Kazakh Enlightenment of the 20th century. A review is made of representatives of the intellectual group who influenced the awakening of the sleeping public consciousness. It is dedicated to Telzhan Shonanuly, who, despite his industriousness, could not take a worthy place in history. The article describes the works of a man of genius in the shadow of history and the legacy left to us.

XX ғасыр еліміздің тарихында елеулі орын алғандығы бізге мәлім. Бұл кезеңде қазақ елінің әлеуметтік өмірінде, қоғамдық саласында дүр сілкіндірген өзгерістерге лық толы болды. Ресей ғалымдарының білімге аса назар аударып, педагогикаға ден қоюы көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларына өз ықпалын тигізді. Елінің ертеңін ойлаған ұлт азаматтары тарих көшінен, мәдениет пен өркениеттің дамуынан өз елінің тысқары қалғанын қаламады. XX ғасырдың бастапқы кезеңі дегенде алдымен ойымызға түсетіні әрине,- Алаш. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқақ білімділігімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтарының ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларына айналғаны, олардың сан қилы тағдыры. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңірген зиялы топ. Ал Алаш ойға түскенді санамыздағы сансыз Ахметтің, Міржақыптың, Мағжанның ерен еңбектері жайлы ойлар сайрап жатады. Олар елін, тілін, дінін сақтауда есепсіз еңбек етті. Және олардың мақсаты орындалды десек артық айтқандық емес. Себебі нәтижесі біз – тәуелсіз қазақ елі, ұлт зиялыларын ұлықтаған – Мағжан сенген жастар. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Әлихан Бөкейханұлы бастаған зиялы топ өкілдерінен бірнешеуін ғана атап жүрміз. Ал тарих көлеңкесінде қалған, халқы үшін аянбай еңбек етседе бүгінгі халқының бірі білсе, бірі білмейтін кемеңгерлеріміз қанша?!

Ұлы халықтың саналы ұрпағы ретінде біздің мойынымызда үлкен жүк – адамгершілік жүгі. Қуғындаудың құрбаны болып тарихымызды жазып шықсада тарих беттерінде атаусыз қалған қазақ зиялыларын түгелдеп, көз майын тауысып жазған шығармаларын халыққа жеткізіп, тарихтың ең биік тұғырына тұрақтату. Жұмыс тіл білімінің көшбасшыларының бірі, ғалым, тарихшы, аудармашы – Телжан Шонанұлы жайлы болмақ.

Телжан Шонанұлы -1894 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында дүниеге келген. 1908-1912 жылдары Ырғыздағы орыс –қазақ мектебінде, 1912-1916 жылдары Орынбордағы Қырғыз (қазақ) институтында оқыған. Институтты бітіргеннен кейін 5-6 жыл мұғалімдік қызмет атқарған. 1917 жылы Алашорда үкіметінің Ахмет Байтұрсынұлы басшылық еткен оқу комиссиясына сайланған. Оның сауат ашуға байланысты жазылған «Жаңалық», «Сауаттан», Ахмет Байтұрсынұловпен бірге жазылған «Оқу құралы», бастауыш

кластарда тіл дамытуға арналған «Тіл дамыту» , «Қазақ тілі» және « Орыстар үшін қазақша әліппе» , «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» , «Учебник казахского языка для взрослых» атты еңбектер жазған [1].

1928 жылдан бастап ҚазМУ-да, ҚазПИ-де оқытушы, доцент болып қызмет атқарды. 1934 жылы 15 қаңтарда ҚазПИ-дің бес жылдығында арналған рәсім өтіпінституттың беделді ұстаздарына сыйлықтар берілді, олардың есімдері орталық баспасөзде жарияланды. Олар мыналар: Қ. Жұбанов, М. Жолдыбаев, Сильченко Баталов, Т. Шонанов, М.Қаратаев [2].

Бұлардың көбінің, соның арасында Телжан Шонановтың тағдыры тәлкекке ұшырап, есімі ел есінен кете бастады. Содан бері орын алған үнсіздік тек соңғы жылдары ғана бұзылып ғалымның есімі қайта танылды. Телжан есімінің қайта жаңғыруына әсер еткен Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент - мүшесі , профессор Шора Шамғалиұлы Сарыбаев еді. Профессор «Телжан Шонанұлына» арналған мақаласында Ілияс Жансүгіровтың өлең жолдарымен:

Өз елін, өз ерлерін ескермесе,
Ел, тегі , қайдан алсын кемеңгерді , -

деп сипаттаған. Шонанұлының кітаптары өз уақытысында үлкен таралым жинап , алыс шалғай ауылдарға дейін жетіп отырғандығын ескеретін болсақ оның құндылығынында жоғары болғанын аңғарамыз. Ол өз мансабынан баршаға ортақ мүддені жоғары қойған, ағарту ісін дамыту барысында өзіне білімге құштар дос-жаран, жолдас тапқан. Өзіне ұстаз еткен Ахмет Байтұрсынұлымен бірге жазған бәрімізге аты мәлім 412 беттік “Оқу құралын” құрастырып шыққан. Телжанның еңбектері Ахметтің еңбектерінің жалғасы іспеттес. «Тіл болмаса халық, бірінші өзінің ұлттық бейнесін жоғалтады, екінші мәдени құлдырауға ұшырайды» деген сөздері арқылы тіліне деген жанашырлығын айқындап көрсетеді. Қазақ әдебиетінің негізін Абай қалаған болса , оның іргетасын қалаған Ахмет деп ұлт ұстазының еңбегін өте жоғары бағалайды. Оның еңбектері тек ағартушылық саласында ғана шектеліп қалмай Алаш партиясының құрамындағы саяси қызметі , тарих саласындағы еңбектерінің маңыздылығыда ауыз толтырып айтуға тұрарлықтай. Әсіресе «Қазақ жер мәселесінің тарихы» деп аталатын 224 беттік еңбегінде ел өмірі мен қазақтың күнделікті тұрмысындағы күрделіліктерге шолу жасады. 1926 жылы Ташкентте басылған бұл кітапбында қазақ жерін отарлаудың 200 жылдық тарихы талданған [3].

Ғалым 1938 жылы жазықсыз жазаланып, Алматы түрмесінде ату жазасына кесілген. Шонанұлы 1990 жылы 13 тамызда өткен КСРО Президиумында “20-50 жылдардағы саяси репрессиялар құрбандарының барлық құқықтарын қалпына келтіру туралы” қаулының негізінде ғана ақталған [4] . Кеңес өкіметі тұсында тарихымызды жазуда қысым көбірек болды деп айтып жатамыз. Ал қазір тәуелсіз елде тарихымызды тереңінен зерттеуге, ұлт ұлылаларын ұлықтауға еш кедергі жоқ. Расындада осындай тұлғаларымыздың ерен еңбегін ескермесек, ақты ақ, қараны қара деп айыра алмасақ бұл біздің тарихымызды жазуымызды үлкен сын болмақ. Не бәрі тұтастай алған 43 жыл өмірінде атқарған еңбектерінің берер пайдасы сансыз , көпқырлы ғалымның аты тәуелсіз Қазақстанның тарихында бас

әріптермен жазылуы, оны тарих көлеңкесінде қалдырмай, тарихтың тұғырына шығару біздің міндетіміз !

Әдебиеттер:

1. «Қазақ энциклопедиясы», 1-том, Алматы, 1998 жыл, 458-459 беттер
2. Телжан Шонанұлы мұралары «Ел- шежіре» Алматы, 2011 жыл
3. М.Мырзағұл «Оралу», «Ана тілі» баспасы 2001 жыл.
4. Ш. Сарыбаев, Телжан Шонанұлы “Ана тілі” 1991ж, 4 шілде

ӘОЖ 372. 8:39

ӘЛЕМДІК ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖАУҒАРЛАРЫ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Кәсіптік оқыту және Бейнелеу өнері және сызу кафедрасының

Кемешев Д.А.п.ғ.д., профессоры. **Шуланбеков Б.Л.**

ҚР мәдениет қайраткері

Резюме

В статье рассматриваются Шедевры мирового искусства. Содержание философии, психологии и педагогики о живописи. Развитие культуры и наследие Казахстана

Summary

This article considers the guest ions on education youth national valut. Scientific works and about the life of the historical heritage of the scientists of Kazakhstan. The development of culture and the heritage of the ancient civilzations of the Great Steppe.

Бейнелеу өнер туындылары кең ауқымды әлем. Көркем өнер туындылары мазмұны мен көркемдік ерекшелігі тұтас болуы шарт. Шығарманың мазмұны болмаған жағдайда туындының құндылығы төмендейді. Мазмұн дегеніміз шығарманың философиялық ойы, психологиялық әсерлігі мен тәрбиелік мәні терең болуы. Суретшінің ұтымды жағы туындының көркемдік ерекшелігі шығарманы орындау шеберлігі. Шеберлік бұл түрлі формалар мен бояуларды үйлестіру.

Осы тұрғыда келетін болсақ Әлемдік бейнелеу өнерінің жаухарларының қатарына «Мадонна Литта» Леонардо да Винчи, «Ватикан капелласы суреттері» Микеланджело, «Афин мектебі» Рафаель, «Запорожцы» Репин, «Тоғызыншы Вал» Айвазовский, «Ормандағы аюлар» Шишкин, «Амангелді портреті» Қастеев Ә, «Көкпар» Тельжанов Қ, «Дала әуені» гобелен Тыныбеков, «Махамбет» Қисамединов туындыларын т.б. атап өту өте орынды. Шығарма көркем ойдың тереңдігі мен ұшқырлығын жан-жақты қарастырылуы. Шығарманың психологиялық әсерлігі көрерменнің жан-дүниесіне қуаныш сыйлау. Әр образдың тікелей адамның ішкі сезіміне әсер етуі. Мәне шығарманың ең құндылығы тәрбие десек қателеспейміз. Демек әр шығарма осы үш қағидаға негізделген болса онда адамды шексіз қуанышқа бөлейтіні сөзсіз. Көркем шығарманың мағанасы адам қиялына қанат бітіру, дүниені әсемдік тұрғысында қабылдау. Табиғаттың

әсемдігін бояулар арқылы жеткізу шын суреткердің парызы. Әсемдік әлемін табиғаттан іздейміз, табиғаттың әр-бір қас-қығым сәті бір ғажап дүние. Суреткер осы сәтті көре білуі қандай қуаныш десеңізші. Уақыт пен кеңістік шексіз, осы сәтті суреткер қағаз бетіне түсіруді армандамайтын кісі жоқ шығар сірә. Адам табиғат перзенті, табиғатты аялау әр адамзаттың парызы. Суретшіге берілген табиғаттың әсем құбылысын кенеп бетіне түсіру қандай бақыт. Адам өмірге табиғатты аялап ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдыру. Әсем өнер туындыларын жасап әлемді құбылту. Табиғаттың жасампаздығына нұқсан келтірмеу, әсемдік әлемінде өмір сүру. Демек, суретші әсемдік пен қуаныштың жаршысы. Табиғат сұлулығын сөзбен айтып жеткізіу қиын дүние оны тек көзбен көріп жан-дүниенмен сезінесің міне құдіреттік деп осыны айтыңыз. «Менің өз басыма шексіз бақыттылық сезімін өнер шығармалары береді, - дейді Альберт Эйнштейн. Олардан мен басқа ешбір дүниеден таппайтын рухани ләззат аламын... ». Сондықтан суретшінің кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім мен мәдениет жетістіктері. Адамның жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру. Қазіргі білім беруде философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру. Осы орайда әлемдік бейнелеу өнер жауһарларын оқып үйренумен қатар зерттеп зерделеу. Ғалыми тұрғыда теориялық сараптамалар жасау. Жаңашыл үздіксіз ізденісінтермен айқындау. Осы орайда болашақ кәсіби суретшінің білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталу. Суретшілік шеберлікті меңгеру зерттеу біліктері мен дағдыларын арттыру. Жас суретшінің шығашылықтық әрекеті арқылы өмірлік мәселелерін шешуде қолдана білу..

Ұлы суретшілердің шығармашылығының әр кезеңде орындалған философиялық, психологиялық әсерлігін анықтау. Адамның қаншалықты ой өрісінің кеңдігі мен қабілетінің тереңдігін сезіну. Бейнелеу өнерінің адам өміріндегі маңыздылығын білу мен құндылығын түсіну. Шығармашыл суреткер ғылыми тұрғыда түрлендіруде өз үлесін қосу. Заманауи жаңа ортаға икемдеу. өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу. Қазіргі күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқару. Бейнелеу өнер жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын терең меңгергеру мен жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Ғұлама суретшілердің қайталанбас туындыларын оқыту мен тәрбиелік мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Оқытудағы негізгі мақсаты - шығармашылық танымдық міндеттерін қалыптастыру.

Қазақстан бейнелеу өнерінің әлемдік көркемдік процестің ішкі жүйесі ретінде қарастыра отырып, адамдардың рухани туралы таным түсінігін, әдеп-парасатын да айқындай аламыз. Адамзат өздерінің парасат-пайымын, дүниедегі орынын, әлеуметтік болмысын айғақтайды. Қазақ мәдениеті болмыстың өрелі куәсі. Қазақ

сәнді қолданбалы өнері, осыған даусыз дәлел бола алады. Көне кезеңнен қазақ өнер туындылары ұлттың мәдени-рухани, моральдық-этикалық қасиеттерінің негізделуін де айқындап алып, ол туралы жазылған еңбектердің өзі жеткілікті. Бейнелеу өнеріне терең философиялық көзқараспен қарағандықтан көркемдікті жасау үрдісі өзіндік ерекшеліктермен: шарттылық, стильдендіру, символика негізінде дамып отырды. Бұл тарихи фактор. Бейнелеу өнерінің қарқынды дамуына әлемге әйгілі шеберлердің қолынан шыққан тамаша туындылары жасампаздықтың символы. Көркемдеп жасалынған дүниелер қайталанбас, тарихи, баға жетпес шығармалар, олар біздің халқымыздың ғана емес бүкіл әлем халықтарының мәдени мұрасы - асыл маржаны. Сондықтан да адамды тамаша күйге бөлейді. Мәдени өнер мұралары бір бірімен қаншалықты ұқсас болып келгенімен әр-әртүрлі шеберлердің қолынан шыққан туындылар олардың түсіне, стиліне, композициясына қарап, өзгешеліктерін анықтауға болады. Әр өнер туындылары адам баласын шексіз қуанышқа бөлейтіні қандай бақыт десеңізші. Өнер туындыларының шығармашылық пен дәстүр өзгерістерінде тұтас бір көркем жүйе туралы айтқанда мына төмендегі нәрселерге назар аударған жөн болар еді: өмір сүру, формасын өзгерту және мұндағы тарих және табиғат, уақыт пен кеңістік, жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғы, өлім мен өмір сияқты поэтико-философиялық, адамгершілік және эстетикалық ұғымдарға назар аударған дұрыс болар еді. Осы аталған ұғымдардың барлығы да әртүрлі шамада өнер барлық түрлерінде көрініс тауып отырды, әр түрлі форма жасай отырып, әртүрлі қызмет түрін көрсетті. Бұлар көркем образдар мен мотивтер жүйесінде толыққанды көрініс тапқаны даусыз. Қазіргі таңда суретшілердің туындылары арқылы жастарға көркемдік-эстетикалық тәрбие берудің мәні терең. Көп ғасырлық дәстүрді сақтай отырып, жаңа жетілдірілген қырынан көрсету, сондықтан қайталанбас сұлулықты бейнелеу. Картинаның образдық идеялық құрылымы қашан да ұлттық колорит сезіліп тұрады. Суретшінің бақыт деп атауы кездей соқтық емес өйткені адам тіршілігінде еңбек етудің орны ұшаң теңіз. Еңбек арқылы адам биік арманына жетері сөзсіз, сондықтан суретші еңбек адамдарының тамаша образын бейнелеуі басты мақсат етіп қоюы қандай ғажап.

Қорыта келе қазіргі таңда әр оқу ордалары оқушыларға рухани тәрбие беру қажеттілігін арттыра түсіру. Қоғамымыздың түпкі-нәтижесі жастардың рухани санасының сапасын дамыту болып табылады.

Әдебиеттер

1. Муканов С. Народное наследие (на каз. яз.). Алма-Ата, 1974.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. - Алматы: Жазушы. 1961. Б. 465. - 492 б
3. Ауэзов М. Мысли разных лет. - Алма-Ата. - 1959.
4. Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков Философия және мәдениеттану Алматы, Жеті жарғы 1987

АБАЙ ІЛІМІН XXI ҒАСЫР ТҰРҒЫСЫНАН ЗЕРДЕЛЕУ

Абенова Л.У. - ф.ғ.к., қауым. проф. м. а.
Ж.Тәшенов атындағы университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме:

В статье рассматривается ценности наследия поэта и основная цель учения Абая.

Summary:

The article discusses the value of the poet's heritage and the main goal of Abai's teachings.

Ұлтымыздың өз уақытынан озып туған ғұлама перзенті Абай Құнанбайұлының шығармалары уақыт өткен сайын құндылығы артып келеді. Абай ілімі – жарқын болашақтың кепілі. Мәңгілік Елге айналуымыз – Абай мұрасының құндылығын бойымызға сіңіре алуымызға тікелей байланысты.

Қай заман, қай қоғам болмасын оның қозғаушы күші – адам. Мемлекеттің өсіп-өркендеуі немесе құлдырап жойылып кетуі барлығы да адамның қолымен жасалатын дүние екені тарихтың өзі сыр шертіп отыр. Қара бастың қамын ойлаған адам баласы билік басына келетін болса, оның бар ойлағаны құлқы ғана болады. Елдің ертеңін, болашағын, мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятын адам баласы бойындағы бар қасиетін ел игілігі үшін сарып қылмақ. Бұндай адамдар бір күндігін емес, болашағын ойлайды. Ол – жанның қалауы. Жан мәңгілікті қалайды. Біз де мақала барысында мәңгілік қалауы болаған жанның қуатын арттырудың жолдарын қарастырамыз.

Мемлекеттің өсіп-өркендеуі халқының сапасымен тікелей байланысты. Халықтың сапасы немен өлшенбек? Халықтың сапасы ақыл, ар-ұят, ғылым, білім деген нәрселермен өлшенеді.

Абай ілімінің басты мақсаты – адам баласының сапасын арттыру. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын?» деген хакім Абайдың сөзі «Атына заты сай» деген халқымыздың даналық ойымен астасып жатыр. Адам деген атқа лайықты өмір сүруімізде ғылым мен ақыл адам баласы үшін жоғары тұрған құндылықтардың бірі болмақ. Сондықтан да Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі Абай ілімінің бүкіл жұртшылыққа насихатталуына үлкен мән беріп жатыр. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы талай түйткілдердің шешімін тапты.

«Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты» [1], - деген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мақаласында Абай ілімінің қазіргі қоғамдағы маңызды тұстарын талдау жасап берді. Олар:

- Абай ілімін оқуға деген жаңа көзқарастың жандануы;
- Абай – ғылым мен білімнің ілгерілеуінің негізі;

- Абай – интеллектуалды ұлт қалыптастырудың өзегі;
- Абай – әделетті қоғамның айнасы;
- Абайдың «Толық адам» ілімі – мемлекеттің тірегі;
- Абай – адал еңбектің шыңы;
- Абай – қазақтың шамшырағы;
- Абай – қазақтың бойтұмары;
- Абай – қазақтың бүгіні мен ертені;
- Абай аманаты – бірліктің ұйытқысы.

Президентіміз атап көрсеткен мәселенің барлығы дерлік Абай ілімі арқылы өз шешімін табады. Сондықтан да зерттеу барысында «ғылым», «ақыл» деген құндылықтардың маңыздылығын Абай ілімі арқылы ашып көрсетуді жөн көрдік.

Абай арманы – қазақтың арманы. Бүгін де Абай арманы орындалуда десек, қалт айтпағанмыз. Өйткені қоғамдағы белең алған көптеген дерттің емі Абай мұрасы екенін түсіндік. Ауруға ем табылды. Енді соны мойындап, кері тартпалыққа салынбай, Абайды бойға сіңіру керекпіз.

Адам баласы жарық дүниеге келген соң жанына қуат, медет болар бір жарықты іздеуі хақ. Сол жарықты санасында саңылауы бар жан ғана іздеп табары сөзсіз.

Кім не іздейді? Ақынның «Базарға қарап тұрсам әркім барар» деген өлеңіне назар аударсақ, бұл дүние соны тауып берері анық. Біз сол жарыққа ұмтылған адам баласы түпкі мақсұтынан, дүниетанымнан алшақтамай, ұлылар салған ілім негізінде қол жеткізуге болатындығын дәлелдеуге әрекет жасаймыз.

Адам баласының бақытқа қол жеткізуі тән мен жан арақатынасының айқындап алуына байланысты. Бұл жолда Абай іліміне сүйене отырып, жантану іліміне зерделеп, қазіргі таңда жан қуатын табудың қайнар көзін көрсетуде Абай, Шәкәрім шығармаларын негізгі нысанға айналдыруымыз керек.

Күллі жаратылыс ішінде бәрінен де адам жаны артық жаратылған. Заманалар көшінде адамның қалыптасуындағы, адамның адамшылығы сақталып қалуы, өзіндік болмысын танып, ұлы мақсұттары жолында талпынуы «жан құмары», «жан қуаты» деген бек қуаттың арқасы деп білеміз. Өйткені жаны таза, жүрегі жылы адам ғана ізгіліктің нұрын шаша алады.

Сол ізгі жандардың арқасында мына дүниенің астан-кестені шықпай тұр. Жер бетінде адам баласы бар екен, бұл тақырып өз маңыздылығын жоймақ емес. Дәуірлер, замандар өткен сайын адам жаны әр түрлі дүниелердің (ақпараттық заман, нарық заманы т.б.) әсерінен өзгеріп өзінің түпкі мақсұтынан айырылып жаны құлазып сергелдеңге түсті. Адам жанының жай тауып тынышталуы дүниенің көрінген және көрінбеген сырларын түгендеп, ең болмаса денелеп мәнін түсінуінде екен. Бұл үшін Абай мен Шәкәрім негізін қалаған жантану ілімі ақпараттық заманда өзектілігімен ерекше көзге түседі.

Қазіргі қоғамда жаны сергелдеңге түскен адам баласы Абай мен Шәкәрім шығармашылығы арқылы жанына тыныштық тауып, қадір-қасиеті арта түседі, өз болмысын таниды.

Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы жанды тану, өзін-өзі білуді зерделеу – бүгінгі күндегі маңызды мәселе. Адам қоғамға пайдалы болуы үшін жан мен

тәннің арасындағы қажеттіліктерді айыру керек, өз болмысын тану керек. Өз бойын жеңіп, жан қалауын орындап, өзін-өзі тәрбиелеген жан қашанда игі істер жасамақ, сондықтан Жантану ілімін әрбір мектепте, жоғары оқу орнында қосымша курс ретінде оқытылуы керек деп білеміз. Өйткені әр оқушы өз болмысын, өз жанының шексіз мүмкіндіктерге ие екенін білуі керек.

Абай негізін салған жантану ілімін жалғастырушы Шәкәрім шығармашылығында адам баласының жаны бүкіл жаратылыстан биік жаратылғандығы насихатталады. «Тәннен жан артық» деген Абай танымы таразыланып, танылады. Жан қуатын арттыру арқылы ғана адам кемелдікке жетеді.

XXI ғасырда қоғамда қаншама дамулар мен тоқыраулар өзгерістер болып жатыр. Әрбір саналы адам баласы сол даму, тоқырау, өзгерістің себептеріне ойлы көзбен қарап, астарына үңіліп, тынымсыз қозғалыста дөңгеленіп жатқан дүниенің жасырын сырының мәнін ұғынуға әрекет етпек. Керісінше, санасында саңылауы жоқ жан, бір ойланбай ойы сан-саққа жүгіріп, басын тасқа да, жарға да бір соғуы мүмкін, әйтпесе, сол қалпы өмірден өтуі де ықтимал. Біздің айтпағымыз, әрбір саналы адам әр жаратылыстың мәнін, себебін ұғынуға әрекет жасайды. Бізде сол адам баласының жаратылысының сырын ашуға, оның болмысын тануға мән береміз. Сол жолда Абай ілімін басшылыққа алатын боламыз. Себебі, жұмысымыздың басты нысаны – адам.

Адамның болмысы, жаратылысы, кемелдікке, бақытқа жетуі – мәңгілік күн тәртібінен түспейтін тақырып. Жер жүзінде адам баласы бар екен бұл тақырып өзектілігін жоймақ емес. Өйткені даму, өсу, өркендеу, жойылу, жоқ болу, күйреу, тоқырау – бәрі де адам баласының салдарынан жасалатыны хақ. Олай болса, осындай келеңсіздіктерге адам баласы қай кезде тап болады? Жамандыққа немесе жақсылыққа ұрынуының себебі неде? Сан жылдар бойы жаратылыстың тереңіне үңілген хакімдер осы сырдың мәнін ашуға бар ғұмырларын арнады. Сондай хакімдердің бірі, берегейі – Ибраһим (Абай) Құнанбайұлы. Абай – адам баласының кемелдікке жету жолында оның болмысына, жаратылысына үлкен мән берді. Адамзаттың кемелдікке жетудің алғы шарты өзін танымақтық.

Негізі адам өз хәлі өз жағдайын ішкі жан дүниесін зерттемесе, танымаса бәрі бос. Өзін танымаған, жанның аманат екендігін білмейтіндер Алласын қайдан тапсын. Өзін танымаған адам, Алласын да танымайды. Өзін танымаған адам кемелдікке де жетпейді. Адам баласы өз болмысын таныса, шексіз мүмкіндікке ие екендігін білуші еді.

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті – білімінде, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамның жасампаздық еңбегі мен іс-әрекеті, шығармашылық әрі ойлау қабілеті, оның махаббатты білу, сезіну, сүйе білу қасиеті – өлмес, өшпес, нәрсеге теңдесі жоқ құдірет.

Сонымен қоғамның қозғаушы күші – адам. Адамды шексіз құдірет иесі дедік. Солай екеніне еш дау келтірмейміз. Қай заман болмасын, қай дәуірлер болмасын, оның өркендеп, күйреуі сол қоғамдағы адамзат баласымен тікелей байланысты. Сондықтан да әрбір мемлекет ұзақ өмір сүруі үшін өз халқының сапасына мән беріп келеді. Егер де халықтың сапасы төмен болса, онда ол мемлекеттің ғұмыры

да қысқа болмақ. Халықтың сапасы немен өлшенбек? Абай: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» [2], – дейді.

Бұл – бүкіл адамзат баласы үшін аксиома. Осы аксиоманы ұстанған ұлттардың көші ілгері жүргенін көзіміз де көріп отыр.

Бүгінгі таңда болашақ алдында бізді де үлкен жауапкершілікті іс күтіп тұр. Қаншама жыл бойы отар болдық. Ұлттық болмысымыздың тамырына сызат түсті. Біз бүгін интеллектуалды ұлт ретінде сол дерттен айығып, еңсемізді тіктеп тұра аламыз ба? Әрине, тұра аламыз. Ол үшін бізге ұлттық идеология керек.

«Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бұзатын нәрсе» [3]. Бұл 1913 жылы жайлы заман болмаса да, бүгінгідей ақпарат ағымы желдей еспеген заманда ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының уайымы болатын.

Бүгін бұл уайым азайған жоқ, керісінше, үдей түсті деп ойлаймын. Күрмеуі көп күрделі дүниеде ұлттық болмысқа саяси қысым ғана емес, жан-жақты шабуыл жасалып жатыр. Өркениеттер қақтығысы, діни, әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық тағы да басқа шабуылдар жетерлік. Міне, осындай шырмауда қалған ұлт үшін босанбас буын, Абайша айтқанда, нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат керек.

Ұлтты ұйыстыратын, басын бір арнаға тоғыстыратын күш – ұлттық идеология. Қазақ ұлтының ұлттық идеологиясын қайдан аламыз? Ұлттық идеологияны ойлап табудың қажеті жоқ.

Қазақтың ұлттық идеологиясы - ол – Абай. Абай – ХХІ ғасырда қазақтың шамшырағы. Абай ілімі – ұлттық идеологияның өзегі. Ұлттық идеологияның іргетасын қалаған ұлы Абай, ақын Абай, хәкім Абай болса, қабырғасын тұрғызған Алаш ардагерлері. Ал, оның тәуелсіз ұлттың талабына, уақыт сұранысы мен ұлт болашағына сай заманауи жобасын ұсынып отырған бүгінгі қоғамтанушы қазақ ғалымдары.

Абай туған халқы қазақтың бойындағы дерттің себебін ашып, шындықты өз туындылары арқылы көрсетіп отыр. Дерттің себебін дәл анықтап алмай, оны емдеудің мүмкін еместігі сияқты, ұлттың шынайы бітім-болмысын дәл анықтап алмай, оның идеологиясын қалыптастыру да мүмкін емес. Ал, қазақтың бітім-болмысын Абайдай дәл бейнелеген адам жоқ. Сондықтан да, кезінде Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов Абай сөздерінің қазақ үшін қаншалықты маңызды екендігі туралы: «Абай сөздері дүниеда қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер» дей келе, «Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» десе [3, 2-б.], Міржақып Дулатов «Қайдан өрбігенін, қайда өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл таластартыс тар заманда арнаулы орын жоқ.

Сондықтан, Абайдың аты жоғалуы... қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей... қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан

жарық жұлдыз – Абай» [4] дейді. Абай – бүгінгі қазақ мемлекетінің идеологиясы. Абай ілімін насихаттау арқылы біртұтас мемлекеттің іргесін қалаймыз. Қазақ елі Мәңгілік Елге айналады.

Абай арманы – қазақтың ұлт боламыз деген жолдағы асқақ арманы. Бүгін де Абай арманы орындалуда десек, қалт айтпағанымыз. Өйткені ел тізгінен ұстаған Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі Абай ілімін бүкіл жұртшылыққа насихаттауында үлкен мән жатыр. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы талай түйткілдердің шешімін тапты.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет» [5].

Қасым-Жомарт Кемелұлы Абай жырларын оқу, жас ұрпақтың бойына сіңіруде жаңаша насихаттау жұмыстарының жандануын айтқан болатын. Осы жолда ұстаз ретінде студенттердің бойында Абай жырына деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында түрлі бағыттағы жұмыстарды жүргізіп келемін. Қазіргі жастардың бойындағы кітап оқуға деген қызығушылығын ескере отырып, өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Жастар ақпарат құралдарын жетік меңгерген. Менің басты мақсатым – оқушы қолындағы ақпарат құралдарын тиімді, өзін дамыту үшін пайдалануға мүмкіндік туғызу. Яғни Абай өлеңдерін музыканың заманауи бағыты болған РЭП жанрында айту, Абай өлеңдерін өздерінің ұялы телефондары арқылы жатқа айту, Абай қарасөздеріне дикторлық жасау, Абай өлеңдерінің мағынасын ашу және жарнама жасау сынды тың бағыттарды өз сабағыма қоса отырып, Абай ілімін меңгертуді көздеймін. Айтылған жұмыстарды видео сабақ ретінде ұсынылған университеттің ютуб каналынан» көруге болады.

Абай ілімі – бүгінгі қазақ қоғамының сыншысы. Абай арманын насихаттау, жүзеге асыру бір ғана адамның қолынан келмейді. Алғашқы қадам жасалды. Енді оны жүзеге асыру әрбір азаматтың еншісінде болмақ.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан», Нұр-Сұлтан, ҚР Президентінің сайты, 2020 жыл 8 қаңтар.
2. Абай шығармалары. 2-том. – Алматы, 2002. - 336 б.
3. Байтұрсынов А. «Қазақтың бас ақыны». // Қазақ, 1913, № 43, 22 декабрь.
4. Дулатов М. Абай. // Қазақ, 1914, № 67, 23 июнь.
5. Абай және қазақ социумы. - Нұр-сұлтан: «Алаш Орда», 2020 ж. - 450 б.

МАЗМҰНЫ

Сугирбаева Гүлжан Дәулетбекқызы АЛҒЫ СӨЗ.....	3
ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР: КӨЗҚАРАСТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ, ПАРАДИГМАЛАР ЖӘНЕ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР	
С.Н. Кожухметова, В.Д. Нарожная КУЛЬТУРНО-НАЦИОНАЛЬНЫЕ КОНЦЕПТЫ КАЗАХСКО-РУССКОЙ ФРАЗЕОСИСТЕМЫ.....	5
Піләл Айгерім Сапарбекқызы, Масалиева Жанар Амалбаевна МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДА СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	10
Abramova G.I., Mambetova G., Muratalieva G.A. TRAINING METHODS FOR THE UNIVERSITY STUDENTS.....	13
Abramova G.I., Imankulova M.K., Tulegenova Zh. Zh MODERN ASPECTS OF THE EXTRA CURRICULAR ACTIVITIES IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING.....	18
Бабушкин Г.Д. ТЕОРЕТИКО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПОДГОТОВКИ МАГИСТРОВ ПО НАПРАВЛЕНИЮ 49.04.03 – СПОРТ, ПРОФИЛЬ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ СОРЕВНОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	22
Байдалиев Д.Д., Кабылбекова Л.Б. ОҚУ ҮРДСІНДЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	27
Байдалиев Д.Д., Кабылбекова Л.Б. БОЛАШАҚ ТАРИХШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	32
Досыбай А.Н., Есназар А.Ж. БАЛАЛАРДЫ УАҚЫТТЫ БАСҚАРУҒА ҚАЛАЙ ҮЙРЕТЕМІЗ?.....	37
Канаева Л.С., Нарожная В.Д. ЯЗЫК ЛИТЕРАТУРЫ КАК ОТРАЖЕНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЭТНОСА.....	42
Сансызбай М.Е., Оразбаева Э.Б. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ САЛАЛАРЫН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ (9-10 сынып).....	47
Дүтбай Ә.Қ., Есназар А.Ж. ЖЫЛДАМ ОҚУ БАЛАЛАРҒА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?.....	51
Дүйсенова М.М. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ЖАҚСARTУ ҮШІН ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ.....	57
Темирбекова Г.А. ВТОРОСТЕПЕННЫЕ ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ.....	60
Горская И.Ю., Ромашов Н. АКТИВИЗАЦИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ МАГИСТРАТУРЫ ПО НАПРАВЛЕНИЮ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА».....	65
Мусабекова Г.Т. О ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЯХ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	70

Пошаев Д.К., Әбибуллақызы Ә., Қыстаубаева Ә.С. ВИЗУАЛДЫ ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ.....	75
Құрманбаева Ж.І., Кулжатаева К.М., Шынжігіт Ж.Б ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	79
Кенжебек А.А., Сапарбаева Қ.Ж. ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕР.....	82
Байтенова А.А., Налмишова Қ.Н. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	85
Раимбекова Г.И., Сманова Г.И. METHODS OF FORMATION COMMUNICATIVE COMPETENCE IN FOREIGN LANGUAGE VIA SKYPE.....	89
Ramashov N., Ramashov O., Pernebaeva P. USAGE OF INTERACTIVE TECHNOLOGIES AT THE PROCESS OF STUDENTS' INDEPENDENT WORK DEVELOPMENT IN THE CONDITION OF EDUCATIONAL SYSTEM DIGITALIZATION.....	94
Шағырбай Н.Б., Мынбаева А.П. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАҒДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	99
Узахова А.С., Байбатшаева А.Е., Егембердыев Н.А. «ДИЗАЙНДЫҚ ОЙЛАУ» - ОҚЫТУ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ӘДІС РЕТІНДЕ.....	104
Вавулиди И., Шмакова Е.С. ТИПЫ ЖЕНСКОЙ АНТРОПОЛОГИИ В ПЬЕСАХ А.П. ЧЕХОВА: ГЕНДЕРНЫЙ АСПЕКТ.....	108
Даулеталиева С.Ә., Оразбаева Э.Б. ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	114
Маханова Ж.К., Маханова Г.Б. ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ В АСПЕКТЕ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЙ АУДИТОРИИ КАК СРЕДСТВУ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ.....	119
Жанбиршиев С.Н. СУРЕТ ЖӘНЕ КЕСКІНДЕМЕ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	124
Смаилова М.С. СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	127
Исманова Р.Ж., Ахметова Г.К. ТІЛ БҰЗЫЛЫСЫ БАР МЕКТЕПАЛДЫ ТОП БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ- ЗЕРТТЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.....	131
Галустян Д.М., Абрамова Г.И. PECULIARITIES OF THE IMPERATIVE EXPRESSIONS EMOTIONAL INFLUENCE IN THE SPEECHES OF THE AMERICAN PRESIDENTS.....	134
Утегенов Б.Д., Қабыл А.Ә. С. АСФЕНДИЯРОВТЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ.....	137
Күзембаева А.О. ҚАЗІРГІ ПОЛИМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ.....	142

Молдабек Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	147
Қасмырзаев Б.Н., Узахова А.С., Касимова Х.И. «ВИУЗАЛДЫ ӨНЕР» ПӘНІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДИЗАЙНДЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІ.....	150
Оразбаева Э.Б., Сағтарбек Ж.А. ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ.....	153
Б.С.Айтай САЙРАМДАҒЫ ИШАНДАРДЫҢ КЕҢЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТІ.....	157
Одаманова Г.П., Кулжатаева К.М., Султан С.Ө. ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ФОРМАЛАРЫ.....	162
Жумаева Юлдуз Расуловна ПОДГОТОВКА К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ ФОРСАЙТА.....	167
Кабирова Зарифа Мукаддамовна, Кайнарлова Икбол Валиевна ВНЕДРЕНИЕ СМЕШАННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС.....	170
Курбанова Муаттар Эркиновна ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ ВАРИАТИВНОСТЬ КАК ОСНОВА ОРГАНИЗАЦИИ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	174
Туйчиева Гульхайя Мухаммадаминовна ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-КОГНИТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	177
Эрназарова Гулнора Облакуловна ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ.....	180
Фазылова Н.В. Баймусаева Б. Ш. РОЛЬ ЗАНИМАТЕЛЬНОЙ МАТЕМАТИКИ В РАЗВИТИИ ЛОГИКИ И МЫШЛЕНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ.....	184
Taiteliyeva M.A., Issakhova L.T., Mussabekova A.A. WRITING STANDARDS FOR ENGLISH LEARNERS AT SECONDARY SCHOOL.....	188
Сахиева М.Е., Нурадинова Г.А. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІ РЕТІНДЕ.....	191
Мамыт А.А., Байболова А.Ж. ЕРТЕГІЛЕРДІҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	195
Бөрі Б.Н., Оразбаева Э.Б. ҚАЗАҚ ЭТНОЛЕКСИКАСЫН 7-8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ.....	199
Халмирзаев Э.Э. PECULIARITIES OF DISTANCE LEARNING IN GERMAN.....	202
Rakhmanova Difuza Uchkunovna, Janbayeva Marjan Smatillayevna THE ROLE OF NEUROGRAPHY IN ART THERAPY.....	206
Yuldasheva S.M THE MAIN PSYCHOLOGICAL PROBLEMS OF PERSONAL PROFESSIONAL ACTIVITY.....	210
Хашимова В.С., Аширбаева А.Б.	

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ.....	215
Тастанова Г.Ж., Абдуалиев Т.М МЕТОДОЛОГИЯ ДЕЛОВОЙ ИГРЫ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРЫ ПРОФЕССИОНАЛА.....	218
Ергашова Ж.Е., Есназар А.Ж. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ	221
Мекенбек А.Ж., Мыңбаева А. ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ӘДЕБИЕТ ПӘНІН МЕҢГЕРТУДЕГІ РӨЛІ.....	224
Оралбекова А.К., Арзымбетова Ш.Ж. БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ПАЙДАЛАНУ.....	227
Глянько Л.М., Абрамова Г.И. IMPLEMENTATION OF THE UPDATED PROGRAM FOR SECONDARY SCHOOL ON THE TECHNOLOGY OF WORKING WITH TEXTS WITH STUDENTS IN GRADES 9-11.....	232
Э.Б. Жаппарбергенова, Ж.Н. Тулешова, И.Е.Қадралиева ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, ЛОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ЭЛЕКТИВТІ ТАҢДАУ КУРСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	235
Болысбек Мұрат Ержанұлы ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ КИІМ ТАҢДАУ КЕЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КЕҢЕСШІ ӘЗІРЛЕУ.....	240
Сапарбаева Қ.Ж., Ергешбай Н.Б. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	242
Құлтаев Талғатбек Сейітханұлы ЕЛІМІЗДЕГІ ПМ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА САБАҚТАР ӨТКІЗУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН.....	245
Беркімбаев Н.М., Оразбаева Э.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	249
Хайдаркулова Х.Т., Оразбаева Э.Б. М.МАҒАУИННІҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ.....	252
Сапарғали А.А., Шуланбекова С. Б. КОСТЮМ КОМПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	253
Ыдрысбек Н. Қ., Шуланбекова С. Б. МОДЕРН СТИЛІНДЕГІ КОСТЮМНІҢ МОТИВТЕРІ.....	257
Кукеева М.К., Шамбулова Х.К. ИНТЕРАКТИВНАЯ ЛЕКЦИЯ КАК МЕТОД ОБУЧЕНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ИНФОРМАЦИОННОМУ, БИБЛИОТЕЧНОМУ И АРХИВНОМУ ДЕЛУ	261
Мамаев Қ.С. ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	266
Мустафаева Гүлжан Акимжанқызы, Нурманова Ақтолқын Дархановна ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	271
Бегдаулетова Қ.Д., Жұмаділла А. ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ ТАЛАПТАР.....	375

Мейманқұл А.Ә., Жүзеева К.Е. ЗАМАНАУИ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИИМДЕРДІҢ МҮМКІНДІГІ.....	278
Нурмаханова Б.С., Жүзеева К.Е. ҰЛТТЫҚ БАС КИИМДЕРГЕ ТАҒЫЛАТЫН ӘШЕКЕЙЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ МӘНІ.....	283
Марина Г.А., Насурлаева Г.О. «МЕМОРИАЛЬНАЯ ПАРАДИГМА» В ИССЛЕДОВАНИЯХ Л.П. РЕПИНОЙ Айдарова А. А. ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ИКЕМДІЛІК ПЕН ДАҒДЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ОҚЫТЫЛУ ЖҮЙЕСІ.....	288
Кұрбанов А.Г., Кажиякбарова Р. Б., Үкібасова Қ.А. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР.....	292
Кажиякбарова Р.Б., Курбанов А.Г., Құттыбекова А.Қ. Ш.АЙТМАТОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МИФТІК САРЫННЫҢ КӨРІНІСІ.....	297
Шынтаев Н.А., Байжанова А.А. КЕҢЕСТІК ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫН ОҚЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ.....	301
А.Е Байбатшаева, З.А. Иманкулова, А.Пазылбек КИИМ ДИЗАЙНЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	305
Мамбетова Г.Т. ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК ПСИХОЛОГО- ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ПОНЯТИЕ.....	309
Ахмадалиева О. Р., Байбатшаева А. Е. БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ФУНКЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	312
Айтенова Д.О., Мынбаева А. П. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ Алтынбеков Қ.С., Әбдіғаппар А.Т. ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ, БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ.....	315
Найманбаев Б.Р., Сыздықова Г.М. XX ҒАСЫРДЫҢ 90 - ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚР БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	319
Байымбетова Ж.А. ТҮБІР МОРФЕМАЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	323
К.Д. Айдарбеков, Е.Ш. Балабаев, М.Т. Кулсеитов ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ Ибашова А.Б., Маткаримов Р.А. ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ РОБОТОТЕХНИКИ В ДОШКОЛЬНОМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ.....	327
Чжан Хаожань, Бегалиева Сауле Баязовна ВОЗМОЖНОСТИ И ПРОБЛЕМЫ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАТИЗАЦИИ (НА ПРИМЕРЕ КИТАЙСКОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПАРАДИГМЫ).....	332
Молдалиева-Байтанаева Д.А., Оразбаева Э.Б. ОРЫС ТОПТАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖАҢАША ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ.....	337
	340
	345
	347

Тәжібек А.Қ., Успабаева А.А. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	352
Кенжеева Г.Е., Адылбекова Э. "SMART-ОҚЫТУ" ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ РЕТІНДЕ.....	356
Курбанов А.С., Сапарбаева Қ. ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯ.....	360
Скачкова Ю., Шмакова Е.С. РАБЛЕЗИАНСКИЙ ХРОНОТОП В ТВОРЧЕСТВЕ РУССКИХ ПИСАТЕЛЕЙ XIX ВЕКА.....	363
Ибрагимова З.З., Лю Сюечжэнь, Ли Юйчун О НАЧАЛАХ ФИЛОСОФСТВОВАНИЯ В СОЗИДАНИИ ЛИЧНОСТИ.....	367
Жорабек Ж.Б., Мыңбаева А. ТАБИҒАТПЕН ҮНДЕСКЕН ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ.....	371
Мырзапеисова М., Атемова Қ.Т. ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСТАР.....	374
Көпбаева М. Р., Нүсупова А.Ж. Ш. МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИЯ	378
Ибашова Алмира Байдабековна БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОТАНСҮЙГІШ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІНІҢ РӨЛІ.....	383
Куленова И.М. ПРОЯВЛЕНИЕ ГЕНДЕРА В КАЗАХСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ	388
Д.Б.Калибаева, А.Б. Қадырқұл БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕНІМ ЖӘНЕ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫТУ БАРЫСЫНДА ПОДКАСТТАРДЫ ҚОЛДАНУ	393
Абдуллаева А.П., Сманова Г.И. BLENDED LEARNING AS THE MAIN TRAINING SYSTEM IN FUTURE.....	395
Насипбекова Ж.А., Есназар А.Ж. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	400
Тажитаева Р.С., Қуандық Н.Ж. САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТҰЖЫРЫМЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	403
Б.Б. Шағраева, Д.Н. Турғунбаева ХИМИЯ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫТУ	408
Сарыбаев Ғалымжан Мырзасейтұлы, Жолдасбекова Гүлнар Дауренбекқызы, Құлыншақ Ақжол Қазыбекұлы КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ДАМУЫТУ	413
МҰХТАР ШАХАНОВ – АҚЫН, ҚАЙРАТКЕР, ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ	
Исабек Б.Қ. МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ.....	417
Арынбаева Д.Ж. МҰХТАР ШАХАНОВ – АҚЫН, ҚАЙРАТКЕР, ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ.....	421
Нүрпейісов Нариман Жұмашұлы МҰХТАР ШАХАНОВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ.....	426
Мамыт А.А. М.ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ТАҚЫРЫБЫ.....	431

Маханов Тұрсынхан Шалабаевич, Ахилбеков Үсен Учтемирович, Жанбыршиев Сұлтанбек Наханұлы ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	435
Байбатшаева А.Е., Исмаилова Г.Ж., Әзімхан А. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ МЕН ҰЛТТЫҚ КОД.....	439
Халикова Н.С., Бейсенбаева Р.Х., Айдарова А.А. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ.....	443
Кемешев Д.А., Небесаева Ж.О., Жанбыршиев С.Н. ФИЛОСОФИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ	448
Қожабеков Нұржігіт Абубакирович ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНСҮЙГІШТІК МӘСЕЛЕ.....	451
Өтегенов Б.Д., Еркінбекова Ә.С., Қожабеков Н.А. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ.....	455
Сапарбаева Қ.Ж. КӨРКЕМ ОЙДЫҢ КҮМБЕЗІ.....	459
Есенбек Д.С., Динашева Л.С. ТАРИХ КӨЛЕҢКЕСІНДЕГІ КЕМЕҢГЕР.....	461
Кемешев Д.А., Шуланбеков Б.Л. ӘЛЕМДІК ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖАУҒАРЛАРЫ.....	464
Абенова Л.У. АБАЙ ІЛІМІН ХХІ ҒАСЫР ТҮРҒЫСЫНАН ЗЕРДЕЛЕУ.....	467